

ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНАНЫң НЕГІЗДЕРІ



Астана, 2012 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТІРЛІГІ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ДАМЫТУ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ**

**СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
БАҒАЛАУ ОРТАЛЫҚ**

**М.Қ.Кульжанов, Р.Қ. Назарбаева, А.В.Костюк, Т.М.
Мажитов, М. Т. Искакова, К.А.Гаркалов**

**ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНАНЫҢ
НЕГІЗДЕРІ**

**Студенттерге, резиденттерге, магистранттарға, докторанттарға және
денсаулық сактау саласының қызметкерлеріне арналған окулық.**

**УДК 614.2 (07)
ББК 51.1 (5Каз)я7
Д20**

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Қ.Ж. Ахметов – ішкі аурулар пропедевтикасы, клиникалық фармакология кафедрасының профессоры, М. Оспанов атындағы БҚММУ, медицина ғылымдарының докторы.

Б.А. Ермекбаева – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Назарбаев университеті»

Авторлар: М.Қ.Кульжанов, Р.Қ. Назарбаева, А.В.Костюк, Т.М. Мажитов, М. Т. Искакова, К.А.Гаркалов.

Д20 Дәлелді медицинаның негіздері: студенттерге, резиденттерге, магистранттарға, докторанттарға және денсаулық сактау саласының кызметкерлеріне арналған окулық – Астана, 2012. - 163 б.

ISBN 978-601-7408-51-0

Дәлелді медицина көптеген елдерде клиникалық медицинаның манызды бір бөлімі және оны дүниежүзілік медицина ұжымы колдайды. Окулықта қазіргі заманға сай дәлелді медицина деректері келтірілген және ол оқырманды қазіргі заман медицина жетістіктерін дұрыс кабылдап, түсінүне даярлайды.

Окулық студенттерге, резиденттерге, магистранттарға, докторанттарға және денсаулық сактау саласының кызметкерлеріне арналған.

Окулықтың мағынасы, құрамы жайындағы әрбір ұсыныс пен түсініктемелерді авторлар ескереді.

**УДК 614.2 (07)
ББК 51.1 (5Каз)я7**

Осы әдістемелік құрал Республикалық денсаулық сактау дамыту орталығының сараптамалық кеңесімен талқыланды және ұсынылды (2012 жылғы 26 казанды № 16 хаттамасы).

ISBN 978-601-7408-51-0

© Кульжанов М.Қ., Назарбаева Р.Қ., Костюк А.В т.б., 2012

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

АГ	- Артериалдық гипертензия
БМСК/ПМСП	- Бастапқы медианалық-санитарлық көмек
ГЗИ	- Ғылыми зерттеу институты
DARE (МАӘШӘБ)-Database of Abstracts of Reviews of Effectiveness	медициналық араласу әсерлілігін аныктайтын шолу базасы
ДЗ	- Дәрілік заттек
ДЖДСҮ	- Дүниежүзілік денсаулық сактау ұжымы
СА	- Сенімділік аралығы
ДМ	- Дәлелдеу медицинасы
ДН	- Дәрілік негіз
ДП	- Дәрілік препарат
ЕҚАС/ЧБНЛ	- Ем қажет ететін аурулар саны
ЕПМ	- Емдік-профилактикалық мекеме
ЖА	- Жара ауруы
ЖБЗ	- Жағдай бакылау зерттеуі
ЖМИ	- Жедел миокард инфарктісі
ЖИТС	- Жүре пайда болған иммунотапшылық синдромы
ЖШ	- Жүйелі шолу
КЗ	- Клиникалық зерттеу
КК	- Кокрайн кітапханасы
КО	- Клиникалық оқулық
КЭ	- Клиникалық эпидемиология
ҚЖЖ /ЧНС	- Қолайсыз жағдай жиелігі
КР ДСМ	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі
ҚҚЫ	- Қауіп-кательлі ықпал
MESH (МИР)	- Medical Subject Headings -медициналық пәндік рубрикатор
MMC	- Міндетті медициналық сактандыру
ММСҚ	- Міндетті медициналық сактандыру коры
ОҚГ	- Оң жақ қарынша гипертрофиясы
ПҮР	- Полимерлі ұласпалы реакция
РБС	- Рандомизрленген бакылаулы сынау
СОФА	- Созылмалы обструктивті өкпе аурулары
УДЗ	- Ультрадыбыстық зерттеу
МЖ	- Мәліметтер жиынтығы (база данных)
ЭГДС	- Эзофагогастродуоденоскопия
ЭКГ	- Электрокардиограмма

Қыскартылған сөздер тізімі	3
Медицина терминдерінің глоссарі	5
1 – бөлім. Дәлелді медицина	13
1.1. Дәлелді медицинаның тарихы	14
1.2. Дәлелді медицина жайындағы ұғым	21
1.3. Дәлелді медицина тәжірибесіндегі кадамдар	25
1.4. Клиникалық сұралтты құру	27
1.5. Сыны бағаланған тақырыптар	29
2 - болім. Қажетті ақпараттық ізденісі	31
2.1. Дәлелді ақпарат көзі	32
2.2. Медициналық окулықтарды іздеу	33
2.3. Ақпараттық ресурстар түрі	46
2.4. Мақала компоненті	47
3 – бөлім. Клиникалық эпидемиология негізі	51
3.1. Клиникалық эпидемиология жайындағы негізгі ұғым	52
3.2. Клиникалық зерттеудің түрі мен дизайны	90
4 – бөлім. Негізгі клиникалық сұралттар	98
4.1 Диагностика	99
4.2. Емдеу мен алдын-алу	100
4.3. Болжам	101
4.4. Ауру себебі	102
4.5. Клиникалық ұсыныс	104
5-бөлім. Окулықка косымша материалдар	106
Пән бойынша колданылатын сұралттар жинағы	107
Бақылау және тексеру тестілері	112
Есептер жинағы	145
Пайдаланылған әдебиеттер	150

МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ГЛОССАРИИ

Абсолютті қауіп (АҚ) - белгілі бір нәтижеге алып келген (жағымды немесе жағымсыз) емдеу немесе бакылау тобы ауруларының сол топтағы жалпы аурулар санына катынасы.

Абсолютті қауіптің өсуі (Absolute Risk Increase, ARI). Емдеу тобы мен тексеру тобы арасындағы жағымсыз кортындының арифметикалық қайшылығы.

Абсолютті қауіптің төмендеуі (Absolute Risk Reduction, ARR). Эксперименталды және бакылау топтары арасындағы жағымсыз кортындының салыстырмалы жиілігінің арифметикалық айырмашылығы. Жағымды корытынды бағаланғанда осыған сай, бірақ та жағымды кортынды жиілігінің өсу көрсетпесі аныкталады (Absolute Benefit Increase, ABI).

Альфа – қате (α-error)

Мүмкіндік α болғанда нөлдік гипотеза катемен ауытқиды.

Клиникалық зерттеуде альфа – қате екі ем әсері бірдей болса да біреуін тиімділеу етіп көрсетеді. АҚ-ні бірінші туылған қате критерий мәғынасының дәрежесі деп те атайды.

Ашық зерттеу (Open study). Наукастардың топтарға бөлінуі барлығына белгілі зерттеу.

Әртүрлілік, гетерогендік (Heterogeneity) - әр түрлі зерттеулер нәтижелері арасындағы өзгеріс көп жағдайда кездесіске көтеге немесе зерттеу дизайніндегі өзгеріске (методологиялық әр түрлілікке), катысушылардың әр түрлілігіне, енгізулерге немесе нәтижені бағалауға байланысты (клиникалық әр түрлілік) әртүрлілікке алып келеді.

Бақылау (Surveillance). Медициналық енгізуге байланысты болған жағымсыз жағдайлар жайындағы деректер жиыны.

Бақылаулы тергеу (Controlled Trial).

Зерттеу тиімділігі бақылаулы зерттеу тиімділігімен салыстыратын клиникалық тексеру.

Бақылау тобындағы абсолютті қауіп (БАҚ)

$$\text{БАҚ} = \frac{\text{БАК}}{\text{БАК} + \text{Д}}$$

Бақылаулы топ, салыстырмалы топ (Control Group). Тиімділігі және қауіпсізділігі белгілі дәрімен салыстырмалы тексеру етіп жаткан наукастар тобы. Ол плацебо, стандартты ем немесе емсіз зерттеу болуы мүмкін.

Бета- қате (β – error)

Мүмкіндік β болғанда нөлдік гипотеза катемен қабылданады.

Клиникалық зерттеуде *бета – қате* бір ем екіншісінен тиімділеу болса да екеуінің де әсері бірдей болып көрінеді. БК-ні екінші қатарлы қате деп те атайды.

Бір жағымды қортынды болуы үшін ем алған пациенттер саны, ЧПЛП (Number Needed to Treat, NNT). Зерттеу тиімділігін көрсететін тәсіл. Преваленске байланыссыз зерттеу тиімділігі **салыстырмалы қауінпен** аныкталады. Одан өзгешелігі төменгі қауіптің қатты төмендеуін көрсете алады. Мысалға 2% -дан 1%-ға. ЧПЛП $100/(2-1)=100$ болады.

Бір қауіпті қортынды үшін ем алған пациенттер саны, ЧПЛВ (Number Needed to Harm, NNH). ЧПЛП аналогі, зерттеудегі қауіпті көрсетеді.

Болжам (Forecasting, Prognosis, Prediction). Аурудың туу мүмкіндігін, ауыртпалығын, ағымын, емдеу шараларының немесе басқа жағдайлардың қортындысын болжамдау.

Валидтілік (Validity). Тесттің озіне сайлығын, тәсілдің өз өлшемін өзі аныктай алатындығын көрсетеді. Валидтіліктің нақты аныктамасы жок, себебі оны әртүрлі жағдайларда аныктайды.

Емдеу тобындағы абсолютті қауіп (ЕАҚ)

$$EAQ = A/A + B$$

Жағдай – бақылау зерттеуі (ЖБЗ) (Case – Control Study)

2 популяциялы топ: жағдай және бақылау тобы салыстырылып зерттелінетін эпидемиологиялық зерттеу. Жағдай тобы зерттелінетін ауруы немесе нәтижесе бар адамдардан тұрады. Бақылау тобындағыларда зерттелінетін ауру мен нәтиже жок. Әсер етуші фактор жиелігі екі топта да респективті түрде бағаланады. Зерттелуші тұртқі фактор әсерінен тууы мүмкін аурудың салыстырмалы қауін есептеуге болады. Когортты зерттеудегі сиякты, ЖБЗ-де де, зерттеудегі қауып факторының денсаулыққа әсер ету дәрежесі карастырылады. ЖБЗ ретроспективті зерттеуге жатады.

Жасырын зерттеу (Blind Study). Зерттеуге катынасатын адамдар, аурулар емдеу және бағалау тобына қалай іріктелгенін білмейтін зерттеу түрі. Карапайым жасырын зерттеуде (Single Blind) топқа жатқызу наукастарға белгісіз, екі жактық жасырын зерттеуде (Double Blind) - зерттеушілер мен пациенттерге белгісіз, ал үш жактық жасырын зерттеуде (Triple Blind) – сонымен катар, зерттеуді үйімдастырушылар мен қортындысын талдаушыларға да белгісіз болады.

Жүйелі шолу (Systematic Review). Мета-анализді қолдана отырып, бір белгілі бір аныкталған проблема бойынша, стандартты, көрсетілген тәсілдермен зерттеу көртындыларын жалпылау.

Зерттеу дизайні (Design of a Study). Зерттеу құрылымы, кестесі және оны ұйымдастыру.

Зерттеудің статистикалық қуаты (Statistical Power)

Зерттеуде әртүрлілік болғанда, зерттеу барысында статистикалық канадағанарлық әртүрлілік табылатыны жайындағы болжам. ЗСК тесттің сезимтальдығын көрсетеді.

Іріктер алынған жұптарды зерттеу (Matched pairs design). Зерттеу субъектілері белгілі бір қасиеттеріне байланысты жұптарға біріктіріліп (жынысы, жасы т.б.) істелетін зерттеу түрі. Мысалы, миокард инфарктісінен қайтыс болған және тірі наукастарды салыстыру арқылы ауруларды әр түрлі тәсілмен жүргізгендегі себептерін анықтау үшін жұптар жасына, жынысына және инфаркт көлеміне байланысты жұптастырылады.

Каппа – индексі (Kappa). Келісім критері. Мысалы, рентгенограмманы қарастырған 2 дәрігер арасындағы кездейсок келісушілік.

Кедергі фактор (КФ) (Confounding Factor)

Зерттелүші қауіп фактормен бір жағынан байланысты және екінші жағынан эпидемиологиялық зерттеу нәтижесіне әсер ететін – кездейсок фактор.

Мысалы, ер адамдар әйелдерге карағанда, өкпе көтерлі ісігімен жиі ауырады. Бұл мүмкін жыныска байланысты болмас, себебі ер адамдар шылымды жіңіш шегеді. Олай болса, жыныска байланысты өкпе рагінің таралуын зерттегендеге, шылым шегуді кедергі факторға жатқызуға болады. Кедергі фактордың әсер ету өлшемін: тіке емес қауіптің бағасы, атрибуттың қауінпен немесе кедергі фактор көрсетпесін стандартталған соңғы мүмкіндік қатынасы арқылы анықтауга болады. Егер стандартталған көрсеткіш стандартталмаған көрсеткіштен өзгеше болса, онда кедергі фактордың әсері бар. КФ синонимі деп, **кірісетін факторды** айтуда болады.

Кездейсоктық (Вероятность, Probability).

Жағдайдың салыстырмалы жиелігі. Егер де 100 пациентті бақылайтын болсак оның 10-да 3 күн ішінде аурудан айыгуышылқ болса, онда жиелік 3-ке, ал салыстырмалы жиелік 0,10 тең болады.

Келісім (Agreement). Зерттеуге катысушылар мен дәрігерлер корытындысы белгілерінің бірдей болуы. **Шикі коррекцияланбаған келісімде** (Crude Agreement) зерттеуге катысушылар арасында ұқсастық пропорциясы бар.

Клиникалық зерттеу (Clinical Trial). Медициналық шараның адамға (ауру немесе волантерге) он және теріс әсер етуін зерттеп, жүйелі сипаттама беретін тексерудің түрі.

Клиникалық эпидемиология (КЭ) (Clinical Epidemiology)

Клиникалық зерттеу тәсілдерін құрастыратын, клиникалық шаралар жайында мамандарға корытынды жасауға мүмкіндік беретін ғылым.

Когорта (Cohort)

Ортак қасиеті бар, зерттеу үшін кызығушылық тудыратын адамдар тобы. Жалпы қасиет ретінде, мысалы, бір жылда туылғандар болуы мүмкін, ол кезде құрдастар когортасы деп аталады. Жалпы қасиет ретінде, мысалы, кіші дозалы радиация алу сияқты қауіп факторын қарастыруға болады.

Мысалы, «Ликвидаторлар когортасы» 1986 жылдың сәуірінде Чернобыль АЭС-да катыскандар. Соған байланысты, 1986 жылдан бастап казірге дейін емханаларда жүйелі медициналық караулар жүргізіледі.

Бақылаулы топпен салыстыру түріндегі зерттеу, БТСТЗ (Case-control study, CCS). Бұл аналитикалық зерттеу клиникалық нәтижелер арасындағы катынас (көбінесе нашар) пен кандай да болсын факторлардың (экспозицияның) болуымен сипатталады.

Көлденең зерттеу (КЗ) (Cross – Sectional Study)

Белгілі бір уақытта популациядағы екі ауру арасындағы (немесе басқа да ауру сипаттамалары арасындағы) және басқа өзгерістер катынасын қарастыратын эпидемиологиялық зерттеу. КЗ көп жағдайда аурудың жайылуын бағалау үшін колданылады. КЗ синоними **бір мезгілдік/моментті зерттеу**. Ағылшын елдерінде КЗ Prevalence Study деп ет аталады.

Қарама – қайшы зерттеу (Crossover trial). Әр наукас біртіндеп кездескөн ретпен салыстырмалы зерттеледі. Тұрақты ағымды ауруы бар созылмалы аурулы науқастарға колданылады.

Жағын /риск (Risk). Наукас деңсаулығын нашарлататын немесе қолайсыздық тудыратын жағдай.

Жағінсіздік (Safety). Медициналық араласуда жағымсыз әсердің болмауын түсіндіреді. Медициналық араласудағы тиімділікпен катар жүретін негізгі көрсетпе. Жағымсыз дәрілік реакция жиілігіне кері пропорционалды.

Мета – Анализ (Meta – Analysis). Бір сұракка байланысты бірнеше зерттеу көртындысын (математикалық суммация) қосатын методологиялық косынды. Мета-анализ максаты көртынды сипаттама алу және анықтау, әр түрлілігін тексеріп түсіндіру (әр түрлілік және гетерогендік).

Мүмкіндік / шанс (Odds). Болжамды көрсететін тәсіл. Топ ішінде белгілі бір жағдай болған және болмаған адамдар катынасы. Басқаша айтқанда, белгілі бір касиеті бар адамдардың сол касиет жок адамдарға катынасы. Клиникалық зерттеу корытындысын көрсету үшін және оны жүйелі шолуға қосу үшін колданылады. Егер де топта 100 адам болса, салыстырмалы уакиға жиелігі 0,20, бұл көрсетеді: 20 адамда уакиға болған, ал 80 адамда болмаған, мүмкіндік / шанс 20/80 немесе 0,25.

Науқастын емге қатынасы, комплайенс (Compliance). Науқастын медикаментозды ем мен терапевтік режим нұсқауын толық орындалуы.

Плацебо (Placebo). Науқастарға берілетін индифферентті активті емес нәрсе, сыртқы пішінімен қадімгіден өзгешілігі жок. Қадімгі дәрі немесе енгізуіндегі әсерінің плацебо әсерімен салыстыру үшін колданылады.

Плацебо – эффект (Placebo – effect). Кәдімгі дәрімен немесе плацебомен науқас психологиясына әсер ету арқылы әсерге жағымды жауап.

Плацебо – бақылаулы зерттеу (Placebo-Controlled Trial).

Жана зерттеу параллелді топтағы немесе қарама-қайшы зерттеудегі плацебомен салыстырылатын клиникалық зерттеу түрі.

Популяция (Population)

Iріктеу жасауға жататын адамдар тобы, осы *iріктеу* бойынша статистикалық қортынды шығарылады. Кейбірде *популяция* кең мағынамен айтылуы мүмкін, айталық, *iріктеуге* жататын табиғаттағы косынды объектілер түрінде. Бұл жағдайда *популяция* синонимі **жалпы генералды косындылар/совокупность** болады.

Әлеуетті қауіш индексі (ӘКИ) – Бақылау тобымен салыстырғанда эксперименталды ем алатын топта бір косымша ауруда жағымсыз нәтиже бергенге дейінгі аурулар саны; 95% сеімділік жиілігі орнына колданылады. ПКИ = 1 / АКӨ (абсолютті қауіптің өсуі).

Проспективті зерттеу (Prospective Study). Зерттеу үшін науқастар протокол критериімен таңдап алынып, белгілі бір уақытта бақыланады. Проспективті зерттеуге клиникалық зерттеу жатады.

Рандомизация (Randomization). Науқастарды (немесе эксперименталды жануарларды) кездейсек түрде зерттеу және бағалау тобына клиникалық (немесе клиникаға дейінгі) кезенде бөлу. Мақсаты, топтарды біркелкі етіп, топка бөлу қортындысын жасырады.

Рандомизрлі зерттеу (Randomized Trial). Аурулар емдеу және бағалау тобына рандомизация арқылы бөлінген зерттеу.

Ретроспективті зерттеу (Retrospective Study). Бұрын істелінген зерттеу материалдарын қолдану арқылы жүргізілетін зерттеу. «Жағдай-бақылау» зерттеуі әрдайым ретроспективті де, РБЗ ешқашан ретроспективті болмайды.

Р көрсеткіші (P-value). Тексеру барысындағы көртынды кездейсок болуы мүмкіндігін көрсететін көрсеткіш. Р-көрсеткіш 0 болса, көртынды кездейсок емес, ал 1 болса – көртынды кездейсок. Егер көрсеткіш $p < 0,05$ болса, қайшылық немесе қатынас статистикалы маңызды деп саналады. Сонымен катар, р клиникалық көртындының маңыздылығын көрсетпейді.

Салыстырмалы зерттеу (Comparative Study). Жаңа ізденіс белгілі зерттеумен плацебомен немесе ем істелінбеген зерттеумен салыстырылады.

Салыстырмалы қауіп (Relative risk). Салыстырмалы зерттеу көртындысын жеткізетін тәсіл: жағымсыз нәтижелі топтағы жиелілікті салыстырмалы топ жиелілігіне бөлу көртындысы.

Салыстырмалы қауіптін төмендеуі (Relative Risk reduction) – негізгі топта бақылау тобына қарағанда жағымсыз көртындының салыстырмалы жиелігінің азаюуы.

$$RRR = (CER - EER)/CER * 100$$

Салыстыру препараты (Drug Comparator). Плацебо немесе активті заттен зерттелуші нәрсөн салыстыру.

Сезімділік (Sensitivity). Диагностикалық тестің он болған анықталған ауруы бар адамдар саны. Пайызбен көрсетіледі.

Сенімділік интервалы СИ (Confidence Interval, CI). 95%-тік СИ шектеуді береді, ішінде 95% шамасында негізгі (популяционды) көрсеткіш енеді, науқастарды таңдаудағы зерттеу бағасы. Топта бақылау саны көбейгенде СИ маңызы азайады. СИ-н р-көрсеткіші орнына қолданған тиімді. СИ статистикалық маңыздылық дәрежесімен қатар сыртқы болжам мүмкіндігін көрсетеді.

Скрининг (Screening)

Арнайы диагностикалық зерттеулерді жүргізу арқылы ауруы бар немесе ауруға қауіп факторы бар адамдарды белсенді түрде анықтауға арналған шара.

Специфиялы (Specificity). Диагностикалық тестің теріс мәнді болған, зерттелуші ауруы жоқ адамдардың салыстырмалы жиелілігі. Пайызбен көрсетіледі.

Тарихи бақылау (Historical Control). Қазіргі кезде зерттеліп жатқан науқастар мен бұрын зерттелген науқастар арасындағы топтардағы зерттеу

салыстырмасы. Көп жағдайда бұл тәсілде казіргі кезде зерттеліп жатқан нәтижені көтермелеп, нәтижені өзгертін көрсетеді.

Тарихи көорттты зерттеу (TK3) (Historical Cohort Study)

Көорт архивтік документтерден алғынып, казіргі заманға шейін созылатын эпидемиологиялық зерттеу. TK3 ретроспективті зерттеу түріне жатады.

Тесттің статистикалық манызы (Statistical Significance)

Тестте байқалатын статистикалық қайшылық кездесең түү мүмкіндігін көрсетеді. P -көрсеткішімен көрсетіледі. Бастапқы P -көрсеткіш көлемі етіш 0,05 алғынады, кейбірде басқа сан да болуы мүмкін, айталық, 0,01. P -көрсеткішінің бастапқы көлемін тандауда белгілі бір ереже жок.

Тесттің прогностикалық бағасы - белгілі тест көртындысы бойынша аурудың бар екендігі жайындағы болжам.

Тесттің он нәтиже бергендерінің прогностикалық бағасы - он (патологиялық) тест көртындысы бойынша аурудың бар екендігі жайындағы болжам.

Тесттің теріс нәтиже бергендерінің прогностикалық бағасы - теріс немесе қалыпты тест қорытындысы бойынша аурудың жок екендігі жайындағы болжам.

Тіршілік (выживаемость) анализі (Survival Analysis) жиналған жағдай жиілігін аныктайтын (аурудан кейін болған немесе ем басындағы) сынама тәсілі. Мысалы, жедел миокард инфарктісі бар аурулардағы өлім жиілігі немесе емнен кейінгі шылым шегудін қайталануы (Кокс тәсілін. Мета-анализді кара).

Үш Е концепциясы: эффективтілік/ қолданылуы /пайда (Three E's Concept: Efficacy/Effectiveness/Efficiency). Наукасқа, аурулар популяциясына және жалпы қоғамға болатын пайда.

Ұзаққа созылатын зерттеу (Longterm Trial). Созылмалы ауруды емдеудегі ем тиімділілігі мен қауіпсіздігін зерттеу, ем аяқталған соң наукастарды ұзақ уақыт бакылау

(мысалы, нәтижелі химиотерапиядан соң болған ісік рецидивін) немесе хирургиялық операция (мысалға, қандай да болсын жүйе трансплантациясынан кейінгі өмір сүру үзактығы).

Фармакоэкономика (Pharmacoeconomics). Емдік дәрілерден деңсаулық сактау саласындағы жұмсалатын қаржыға байланысты басқа емдік дәрілерден қажетті дәріні таңдай білу.

Фармакоэпидемиология (Pharmacoepidemiology). Дәрілік нәрсelerдің әсерін және әртүрлі популяцияда олардың рационалды қолдануын эпидемиология саласындағы ғылым мен тәжірибеде қолдануы.

Халықты іріктеу зерттеу (ХІЗ) (Survey)

Іріктеуді қолдана отырып халық ерекшеліктерін зерттеуге арналған әртүрлі статистикалық зерттеудің жалпы аты. Зерттелетін ерекшелікке, мысалы, медициналық көмекті қамтамасыз етуге қанағаттанушылық, әртүрлі ауруларға байланысты вакцинация, халықтың өз денсаулығын бағалауды жатқызуға болады. ХІЗ синонимі деп **популяциялық зерттеуді** айтуға болады.

Хаттама (Protocol). Зерттеу өткізуді реттейтін құжат. Дәлелдеме, максаты, методологиясы (өткізу жағдайы, наукастар сипаттамасы, статистикалық анализ т.б.) кіреді.

ЧБНЛ/ ЕҚАС - белгілі бір жагымды әсерге жету үшін немесе бір ауруда жағымсыз нәтиженің алдын алу үшін, белгілі бір тәсілмен белгілі бір уақытта емделген аурулар саны, 95% сеімділік интервалы орнына қолданады. ЧБНЛ/ЕҚАС = 1 / CAP.

Шешім қабылдау анализі (Decision analysis). Шешім қабылдау және оның нәтижесін зерттейтін зерттеу саласы. Арапасу тиімділігін және оның бағасын қосқанда кең қолданылады.

Эксперименталды зерттеу (ЭЗ) (Experimental Study)

Популяцияга зерттелінетін фактор әсері кортындысын аныктайтын эпидемиологиядағы статистикалық зерттеу. ЭЗ-де екі топ, эксперименталды және тексеру тобын құрып, осы топтарда байкалатын нәтижені салыстырады.

Эксперименталды топ (Target Population)

Зерттелінетін фактор әсеріне душар болған популяция тобы.



Фылым - ұлт, регион, каламен
шектелмейді.

Луи Пастер

1 ТАРАУ

ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНА

1.1. Дәлелді медицинаның тарихы

Дәлелді медицинаның (ДМ) туу кезеңі деп 1830 жылды айтуға болады. Француз дәрігері Пьер Шарль Александр Луи (Pierre Charles Alexandre Louis) клиникалық бақылау нәтижесінде жедел пневмонияны емдегендеге кан жіберудің пайдасыздығын дәлелдеді [7]. Бірақ та, ДМ-ның алғашкы даму кадамы одан бұрын басталған еді.

Дәлелді медицинаның ғылымға дейінгі кезеңдегі көрінісі.

Ғылыми революция бірінші астрономия мен физиканың дамуына түрткі болды. Н. Коперник, Г. Галилея және И. Ньютоның зерттеулері бұрынғы коршаған орта жайындағы түсінікті тубімен өзгерді. Медицина саласында анатомияның негізін қалаушы А. Везалий (1514–1564), адам органының күрылышы жайында ғылыми сипаттама берсе, қазіргі физиология мен эмбриологияның негізін қалаушы У. Гарвей (1578–1657), үлкен және кіші кан айналым шеңберін ашып, алғашкы рет «барлық тіршілік жұмыртқадан басталады» деген тұжырымды ұсынды.

А. Везали, У. Гарвеи, оның шәкірттері Р. Коломбо (1516–1559), М. Сервет (1511–1553), Т. Сиденгам (1624–1689) және басқалардың зерттеулеріне қарамастан, дәрігерлер ескі тұжырымдардан алыс кетпеді. XIX ғасырға дейін көптеген дәрігерлер ауру тууында негізгі теория гуморальді теория деп санап, соған байланысты адамның денсаулығы торт сұйықтықтың – қан, сілекей, сары және кара өттің өзара қатынасына байланысты деп санап келді [13, 40].

Бакылаулы клиникалық зерттеу және дәлелді медицина идеясы баяғы кезден де жақалық болған жок. Рим императоры және Сицилия мен Ирусалым патшасы Фредерик II (1192–1250 жылдары өмір сүрген) физикалық жаттығудың ас корытуға әсерін зерттегісі келіп, екі жауынгерге бірдей тамак береді. Содан кейін біреуін аң аулауға жібереді де, екіншісін демалдырады – тесекке жатқызады. Бірнеше сағаттан соң оларды өлтіріп, ас корыту ағаздарын зерттейді. Сонда анықталғаны: ұйықтаған жауынгерде ас корыту жақсы өткенін анықтайды [19].

Баска ғылымдарға қарағанда, медицинаның ғылымға дейінгі кезеңі ұзакка созылды. Сол кездегі көптеген ем тәсілдері пациенттер өміріне қауіп төндіретін еді. Атудан болған жаракаттануды балқытылған темірді басумен және қайнатылған май құюмен емдеген. Сол кезеңде 1536 ж., май бітіп калғанда, француз дәрігері А. Паре (1510–1590) жаракатқа ыстық емес маймен тануды қолдана бастады, оған бұл шара пайдасыз болып көрінді. Дәрігер өз күнделігінде, дәстүрлі емес тәсілмен емделген жауынгерлер жайында ойлап, түнімен ұйықтай алмағанын, ертеніне олардың дәстүрлі ем алған жауынгерлерге қарағанда, жағдайының әлдекайда жақсы екенін көріп тан қалғанын, ал дәстүрлі ем алғандар қызбамен ауырғандықтан, әлі киналып жатқанын жазады.

Басқа мысал ретінде, клизма қою Ертедегі Египет заманынан қолданып келе жатты. Ересек Плини бойынша (24–79), ибистер (құстар) Ніл суын аузына жинап, оны ректалды инфузия ретінде тік ішегіне жіберуді адамдар көрген соң, клизма жасау пайда болды деп санайды. XVII ғасырда бұл ем тәсілі көптеген ауруларды емдеуде өте жиі тараған еді. Шараппен клизма туберкулез ауруында, зәрмен клизма ісікте қолданылған. Қасиетті сумен клизма шайтанды қуу мақсатында, ал XVIII ғ. темекі буымен клизма суға батқандарды тірілту мақсатында қолданылған [7, 13, 21].

XIX ғ. шейін кан жіберу барлық ауруларды емдеудегі негізгі ем болды. Патология профессоры Ф. Бруссе (1772–1838), медицина тарихындағы ен бір аяусыз дәрігерлердің бірі, холера эпидемиясында 1832 ж. пациенттерді қатаң диетамен (ешқандай ас та, су да ішпеу) және флеботомия мен медициналық сүлік арқылы аурулардан кан ағызылған. Тек кана 1800 ж. Париж ауруханаларында ғана, 85 мың л кан ағызылғаны, ал 1824 ж. Францияға 33 млн сүлік импортталғаны жазылған [7].

Әрине, ол кезеңінде барлық емі нәтижесіз болды деп айтуға болмайды. Мысалы, ерте заманнан ак опиумнің ауырғандыққа әсері белгілі, ал цингіде лимонның емдік әсері XVI ғ. жазылған. XVIII ғ. аяғында У.Уайтеринг (1741–1791) дигиталис әсерін зерттеді, ал Э. Дженнер (1749–1823) медицина тәжірибесіне шешекке карсы вакцинацияны енгізді. Айта кетерлік жағдай, XIX ғ. дейінгі көптеген емдер (кейбірлерін айтпағанда) эффективті емес немесе өмірге қауіпті болатын [7, 13, 17].

Ғылыми медицинаның дамуы.

XIX ғ. басында медицинадағы ескі теория мен емдеу тәсілі өзінің қажетсіздігін көрсетті. Сол кездін дәрігерлер арасындағы медицинаға деген пессимистік көзқарасты бір европа журналындағы мақалада: «Медицинаның өз Ньютоны туған жок, сондыктan біз корка бастадық, ешқашан да өз жаңалығын медицинаға алып келетін данышпанымызды, көрмейміз бе деп. Айталақ, физика алгебрадан тапқанын, ал химия – лабораторлық таразыдан тапқанын. Медицина сол қалпында, жұз жыл бұрынғыдай – бір–бірімен байланыссыз тезис сиякты».

Ем тиімділігін жана түрде, критикалы, сандық есеп нәтижесі бойынша карастыру пионері деп: Пьер Шарль Александр Луи (1787–1872) және Ж. Гаварды (1809–1890) айтуға болады.

П. Луи алғашкы рет кан шығарудың пайдасыздығын көрсетті. Ол екі топ аурулар емінің нәтижесін салыстырды. Бірінші топ аурудың алғашкы симптомы пайда бола бастагандар тобы, екіншісі аурудың соңғы кезеңіндегілер, екі топта да флеботомиядан кейінгі өзгерістің айырмашылығы жок екенін көрсетті. Өзінің бакылауларын кортындылай келіп 1835 ж. П. Луи пневмонияда, тілме қабынуында және дифтерияда кан жіберуден пайдасы аз екенін дәлелдеді. Ол медициналық емді бағалауда статистикалық анализ принциптерін енгізді. Жұз жылдар бойы колданылып келе жатқан бұл емдік тәсілі біртіндеп токтатылды.

Біртіндеп негізгі статистика қағидасы қабылданды. Ж. Гавар оны бірінші рет медицинада колданды [7]. Ол бір емдеу тәсілінің екіншіден артықшылығы біреулердің ойы арқылы айтылмай, бірнеше ауруларды бақылау арқылы, сонымен катар, топтарды салыстыру арқылы дәлелденуі керек деген. Сонымен катар Ж. Гавар: «Емдеу тәсілінің артықшылығы оның баска топпен салыстырганда жақсы нағижеге алып келуімен ғана емес, сонымен катар тиімділіктің айырмашылығы белгілі бір аттам көлемнен асуы керек, ол тікелей бақыланушы санына байланысты болуы керек. Егер де сол аттам көлемінің айырмашылығы азғантай болса, онда ол тәсілді игнорирдеп және оны маңызды емес деп санау керек» - деген. Сонымен, Ж. Гаварды дәлелді медицина сүйенетін статистикалық тәсілді тапты деп санауға болады.

П. Луи мен Ж. Гавар әрінгестері әр елдерде пайда болғанмен, медицинада жаңа ештеңе пайда бола қойған жок. Клиникалық медицина *терапевтикалық нигилизм* кезеңінде болды [7].

XIX ғ. басына шейін ауру диагностикасына көніл бөлінбейтін. Лабораторлық анықтау тәсілі болған жок, ауру тек қана клиникалық көрінісіне байланысты диагностикаланатын. Аурулар клиникалық синдромдар ретінде қаралды. Ауруды тексеру: сұрастыру, жалпы карау, пациент жағдайын анықтау, пульсті, зэр түсі мен ондағы қосымшаларды, температуранды ұстап карау арқылы анықтаумен шектелді [13, 21].

XVIII — XIX ғ. басында жаңа объективті тексеру әдістері пайда болды: Г.Д. Фаренгейт (1686–1736) 1714 ж. ртутты термометрді, А. Цельсий (1701–1744) 1742 ж. температура шкаласын ұсынды, Л. Ауэнбруггер (1722–1809) 1761 ж. – кеуде сарайының перкуссиясын, ол Ж.Н. Корвизар (1755–1821) көмегімен клиникалық практикаға құлышына енгізілді. Р. Лаэннек (1781–1826) стетоскопты ойлап тапты (1816 ж.) және аускультацияны ұсынды (1819 ж.). Ұсынылған жаңалықтар ауру семиотикасын толыктырып, клиникалық практиканың гүлденуіне алып келді [21].

Россиядағы клиникалық медицина жетістіктері М.Я. Мудров (1776–1831), Н.И. Пирогов (1810–1881), Г.А. Захарын (1829–1897), С.П. Боткин (1832–1889) аттарымен байланысты. Олардың дәрігерлік көзқарасы материалистілігімен және практицизтігімен, терең дәрігерлік эрудициясымен және жаңа ғылыми жаңалықтарға ұмтылысымен өзгеше болды [13, 21]. Осы уақытта медицинада клинико-анатомиялық бағыт пайда болды, оны енгізуши Д.Б. Морганы (1682–1771). Олар ауруларға толык клиникалық зерттеу жасап, қайтыс болған соң клиникалық симптомдарды анатомиялық өзгерістермен салыстырды [13].

Осы жаңалық аурулардың казірге дейін колданып келетін классификациясының тууына алып келді [18].

С.П. Боткин бірінші болып 70–80 жж. XIX ғ. медицинада функционалды бағытты дамытып, физиологиялық эксперименттен клиникаға жол ашты.

Ол ашкан клиника лабораториясында әйгілі орыс физиологы И.П. Павлов еңбек етті.

XIX аяғы мен XX ғ. басында клиникаға деген функционалды жолғылыми эксперименттін дамуына алып келді, оны іске асыруышылар К. Бернар (1813—1878), И.М. Сеченов (1829—1905), И.П. Павлов (1849—1936), олар әр түрлі физиологиялық, метаболикалық процестерді жоспарлы түрде жануарларға жасады. Германия мен Францияда физиология журналдары шыға бастады. Ауруханаларда лабораториялар ашыла бастады, онда дәрігерлер параклиникалық зерттеулер және эксперименттер жасады [7].

Лабораторлық зерттеулер микробиологияның дамуына алып келді, негізін калаушылар Л. Пастер (1822—1895) мен Р. Кох (1843—1910). XIX ғ. екінші жартысында көптеген бактериялар ашылып, аурулар классификациясына жаңалыктар енгізілді [7].

Лабораторлық тексеру нәтижесіне байланысты рационалды терапия тағайындалған алғашкы ауру — гипотиреоз ауруы болды. Бөлек нозология ретінде гипотиреоз XIX ғ. 70-ші жж. бөлінді, содан соң бірнеше жылдан кейін Т. Кохер (1841—1917) және Ж.Л. Реверден (1848—1929) осындағы клиникалық көріністі қалқанша безі алынып тасталған ауруларда кездестірді. 1884 ж. М. Шифф (1823—1896) экспериментальді гипотиреозы бар иттерге қалқанша без тканін қондырса, гипотериоздың алдын алуға болатынын көрді, ал 1892 ж. гипотиреозды емдеу практикасына құрғатылған без тканін колданды. Бұл мысал клиникалық практика мен лабораторлық зерттеу арасындағы байланысты көрсетеді [7, 17, 39].

Бакылаулы зерттеулердің медицинада дамуы.

Он жетінші ғасырда дәрігер, философ Жан Баптиста ван Хельмонт бірінші рет көп адамдардың катынасуымен клиникалық зерттеу ұсынды. Онда рандомизация мен статистикалық анализ колданылды. 200-500 кедей адамдар екі топка (жребия арқылы) бөлінді. Біріншісіне — флеботомия колданылмады, ал екінші топка - қан шығару дәрігердің қалауы бойынша қанша істерісі келеді сонша жасалынды. Қан шығару эффективтілігі өлген адам санымен бағаланды.

1898 ж. И. Фибигер (1867—1928) клиникалық зерттеу қортындысын жариялады, онда дифтериямен ауыратындарды, екі топка бөліген, дифтерияға карсы сары су колданылған және колданылмаған науқастар емінін қортындысын салыстырды. Бұл зерттеу белгісіз болып калды. Тек қана, 1948 ж. туберкулезben ауыратын науқастарға стрептомицинді колданудын қортындысы жарияланды. Осы зерттеу бірінші контроллі зерттеу деп саналады, онда казіргі заманға сай методологиялық стандартқа сай рандомизация мен статистикалық анализ жүргізілген.

Ғалымдар ғылымға жүгінүү тек қана эксперименталды зерттеуде ғана емес, клиникалық практикада да қажет екенін көрсетті. Рандомизді контроллі зерттеу зерттеудің «алтын стандарт» статусына жатқызылды [9].

Біртінде, бір ғана клиникалық зерттеу нәтижені бағалау үшін аз екені байқалды. Зерттеуді әр түрлі клиникалық жағдайда кайталау кажет екендігі, қортынды үшін мета-анализ қажеттілігі, барлығын қортындылап және әр бір жеке зерттеудің статистикалық анализі қажеттілігі анықталды.

Казіргі заманда да бұрынғы гуморальді патология теориясын колдаушылар да бар, әсіресе баламалы медицина саласында. Олар әр түрлі теорияларды ойладап тауып сол бойынша ем құрастырады. Мысал ретінде, әр бір адам органына сәйкес адам табанында сол мүнше проекциясы бар дейді, сол зона бойынша емдеу (зоналды терапия); сонымен қатар, бронх астмасы мен көптеген басқа аурулар омыртқалардың жартылай шығуынан туады (хиропрактика) т.б. Бұндай теориялар мен тәсілдерді анахрониз деп санау кажет [17, 20, 21].

Казіргі заманда зерттеу 2 бағытта істеледі: теориялық – лабораторияда, эмпириялық – наукас төсегінде, екеуі де қажетті. Лабораторлық зерттеулер жана теоретиялық білімнің жиналудың себепші, оның өзі жаңа диагностика мен емдеу тәсілдерін ашады, дәлелді медицины принципіне сүйенген клиникалық зерттеуде оның эффективтілігі анықталады. Дәлелді медицина негізі эмпириялық тәсіл колданады, себебі әр түрлі шарага байланысты ауру жағдайын бакылау оның негізгі принципі болмайды [4, 19, 37].

Evidence-based Medicine, тақырыбын немесе «дәлелдеуге сүйенген медицина» (дәлелді медицинаны), Торонто қаласының Мак Мастер университетінен Канада ғалымдары 1990 жылы енгізді. Ол жер бетінде көптеген елдерде жылдам тарапталды.

80-90 жылдарда ағылшын тілді медицинада ғылымның жаңа саласы - клиникалық эпидемиология пайда болды. Осы салада еңбегі әйгілі Онтариодан МакМастер Университетінің канадалық ғылымдар сінгек тобы - D.Sackett, B.Haynes, G.Guyatt және R.Tugwell. Олар дәрігер шеберлігін қатаң ғылыми принциппен қарады [37]. Бұл ғылыми принциптер Батыс дәрігерлерінің көзқарасына медициналық практика стиліне көп әсерін тигізді және тигізіп келеді. Қайғырларлық жағдай, біздің дәрігерлер осы соңғы кезге дейін, жана концепция жайында хабарсыз болды.

Дәлелді медицинаның Қазақстанда дамуы.

Қазақстанда дәлелді медицина қағидаттарын колдану қажеттілігі ғасыр басында туды. Бірінші болып бұл идеяны колға алғандар медициналық жоғарғы оку орындарындағы отбасы медицина кафедралары мен клиникалық фармакология кафедрасының қызыметкерлері және қоғамдық денсаулық сактау мектебі болды. Қазақстан отбасы дәрігерлер Ассоциациясы жанынан, профессор Д.С. Нұғманованың бастамасымен, алғаш рет жаңа республикалық дәлелді медицина Орталығы құрылды.

Алматы мемлекеттік дәрігерлер мамандығын жетілдіру институты отбасылық медицина кафедрасының тарихына келетін болсак, ол 1996 жылғы акпандың құрылған.



Кафедра кызметкерлері алдыңғы катарлы Батыс елдерінде (АҚШ, Ұлыбритан, Канада, Австрия), Ресей және басқа ТМД елдерінде білім алды. 1996-1998 жж. кафедраның әріптесі Британиялық Бристоль Университетінің бастапкы медициналық-санитарлық көмек факультеті болды. 2000-2003 жж. Республика медицина жоғарғы оку орнындағы отбасы медицина кафедрасының көптеген оқытушылары, сонын ішінде біздін Батыс Қазакстан мемлекеттік медицина академиясынан: Дербисалина Г.А., Жамалиева Л.М.,

Миралиева А., м.ғ.к. Искакова М.Т., м.ғ.к. Острецова Т.П. отбасылық медицина және оқытудағы жана технология бойынша Дүние жүзілік Банк Проектісі мен DFID программасымен оқытылды. Сабакты Лондонның Императорлық медицина колледжінің және Бристоль Университетінің оқытушылары жүргізді. 1999 жылдан казірге шейін кафедра консультантты АҚШ-тың отбасылық дәрігері Дэвид Кютер.

Кафедра кызметкерлері: Нұрманова Дәмелі Сәкенқызы – кафедра менгерушісі, м.ғ.д., профессор.

Сонымен катар, профессор Д.С. Нұрманова – АМДБЖИ ғылыми кенес мүшесі, Дәрігерлерге отбасылық медицина және терапиядан жоғарғы белгілілік тағайындау Аттестациялық комиссиясының тентөрағасы, гигиена және эпидемиология ғылыми орталығының диссертациалық кенес мүшесі, Дүниежүзілік отбасылық дәрігерлер ұжымы Wonca мүшесі, Дүниежүзілік Wonca Кенесінің мүшесі, Еуропалық Респираторлық Ұжым мүшесі, Батыс Еуропа және ТМД елдері Комитеті ERS мүшесі, Қазакстан отбасылық дәрігерлер Президенті, отбасы дәрігерлерінің оқытушылар Ассоциациясының Председателі, Америка Академиясы отбасы дәрігерлер мүшесі (AAFP), «Денсаулық сактау үздігі» көрсеткішімен марараптталған, «Семейный врач Казахстана» журналының редакторы, Британдық халықаралық рецензияланатын «International Journal of Medicine» журналының редакциалық алқа мүшесі, Еуропалық «European Journal of General Practice» журналының отбасылық практика саласынан редакциалық алқа мүшесі, медициналық көмек сапасы бойынша Халықаралық Банк сарпшысы (2003-2004), стационарлы көмек және БРМСК жайында ДДСҰ (2006) сарпшысы, Қазакстандағы Созылмалы обструктивті өкпе аурулары бойынша Ғаламдық Бастама (GOLD) Халық Лидері.

Нуркина Надежда Мажитовна – доцент, м.ғ.д., Алматы қалалық АСВК филиалының директоры,



Ассоциациясы (ACVK/КОДА)

Президенті, отбасы дәрігерлерінің оқытушылар Ассоциациясының

Председателі, Америка Академиясы отбасы дәрігерлер мүшесі (AAFP),

«Денсаулық сактау үздігі» көрсеткішімен марараптталған, «Семейный врач Казахстана» журналының редакторы, Британдық халықаралық рецензияланатын «International Journal of Medicine» журналының редакциалық алқа мүшесі, Еуропалық «European Journal of General Practice» журналының отбасылық практика саласынан редакциалық алқа мүшесі, медициналық көмек сапасы бойынша Халықаралық Банк сарпшысы (2003-2004), стационарлы

көмек және БРМСК жайында ДДСҰ (2006) сарпшысы, Қазакстандағы Созылмалы обструктивті өкпе аурулары бойынша Ғаламдық Бастама (GOLD) Халық Лидері.

Нуркина Надежда Мажитовна – доцент, м.ғ.д., Алматы қалалық АСВК

филиалының директоры,

дәрігерлерге отбасылық дәрігер жоғарғы категория тағайындау Аттестация комиссиясының мүшесі.

Ужегова Елена Борисовна - доцент, м.ғ.к., Егембердиева Алия Айшигаровна - ассистент, м.ғ.к., ассистент Абдиева Багдат Киматовна –т.б. кызметкерлер жұмыс жасайды.

Император колледжісінің ДМ курсі негізінде және Москва ДМ Орталығы еткізетін сабак негізінде, кафедра «Дәлелді медицина клиникалық практикада» стандарты ретінде 2 апталық курсін құрастырып бекітті. Нидерландтың Гренинген Университеті және ДЖДСҰ ұсынған рационалды фармакотерапия бойынша 3-апталық курс «Дәлелді медицина. Рационалды емдік терапия» курсін енгізді. ЗдравПлюс Проектісімен АМР АҚШ, Қазақстан отбасылық дәрігерлер Ассоциациясымен және Алматы қалалық денсаулық сактау департаментімен бірге кафедра өз базасында дәлелді медицина Орталығын құрды.

Дәлелді медицинаның Батыс Қазақстанда дамуы.

2006 жылғы Сицилия декларациясында ДМ-ны оқыту үдерісіне енгізу қарастырылды. Ал 2009 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі Дәлелді медицинаға байланысты жаңа бағдарлама қарастырып Қазақстан Республикасы медициналық жоғарғы оқу орындарында ДМ Орталықтарын ашуға рұқсат берді. Соған байланысты, 2009 жылы М. Оспанов атындағы БҚММУ -да Дәлелді медицинаның Оқу-аппарат орталығы ашылды. Орталық менгерушісі болып Назарбаева Рысты Қазтуғановна тағайындалды. Бұрын, 2000-2003 жылдары республиканың медициналық жоғарғы оқу орындарының отбасылық медицина кафедрасының көптеген оқытушылары, сонын ішінде біздін Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясынан: Жамалиева Л.М., м.ғ.к., Искакова М.Т., Дербисалина Г.А., Мирилиева А., м.ғ.к. Острецова Т.П. отбасылық медицина және оқытудағы жаңа технология бойынша Дүние жүзілік Банк Проектісі мен DFID программасымен оқытылған. Сабакты Лондонның Императорлық медицина колледжісінің және Бристоль Университетінің оқытушылары жүргізген. Сол кезде осы оқытушылар Дәлелді медицинанан алғашкы рет Англияда, Қазақстанда Ұлыбритан оқытушыларынан сабак алған. Сол кезден бастап алған білімдерін академия оқытушыларына, дәрігерлерге, сонымен катар, сабакка қосымша деректер ретінде, элективті сабак ретінде студенттерге енгізе бастады. 2009 жылы университеттің тағы 3 оқытушысы: Смагулова Ф.А., Лепесова Ж.К., Жаманкулова Д.Г. ДМ негізі бойынша Сиднейде (Австралия) оқытылды. 2010 жылы Астанада 4 оқытушы, Мәскеуде 3 оқытушы: Назарбаева Р.К., Жамалиева Л.М., Замэ Ю.А. (биостатистика, электронды база деректерімен жұмыс) сабак алды. Сонынан Астанада, Ақтауда клиникалық ұсыныс жайында семинарлар өтті. Казіргі уақытта «ДМ негізінен» - 3-курс студенттеріне, 4-курс студенттеріне элективті бағдарлама бойынша, клиникалық кафедралар оқытушылары мен дәрігерлерге сабактар, дәрістер, семинар – тренингілер ретінде сабактар өткізіледі.

1.2. ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНА ЖАЙЫНДАҒЫ ҰФЫМ

Өлемге әйгілі мамандардың аныктамасына келсек Дәлелді медицина дегеніміз – белгілі бір ауруды емдеуде клиника жүзінде дәлелденген жақсы кортындыны (емді) тұжырымдан (ескеріп) біртіндеп колдануды айтады (26). Бұл аныктаманы айқындастын болсак:

- *Тұжырымдалған* (ескерілген) - әр ауруға қатысты зерттеу нәтижесін ескеріп колдану.
- *Біртіндеп* - әр клиникалық жағдайда науқасты ерекше деп санап, оның жалпы жағдайын, косымша ауруын ескеріп, колданылатын емдеу тәсілінің пайдасы мен зиян қаупі ескеріледі.
- *Дәлелденген жақсы қортынды* – маман критикаланған кортындыны колдану арқылы белгілі бір аурудың диагностикасы мен емінде ең жақсы деген кортындыны колданады.

Дәлелді медицинаның негізгі мақсаты – ауруды диагностикалау, емдеу және аурудың алдын алуда медициналық қызмет көрсету дәрежесін әрдайым көтеру. Сонымен катар, шектелген ресурстарды рациональды колдануға алып келетін тәсілдерді медициналық практикаға енгізу.

Дәлелді медицина өз жұмысында жас ғылым – клиникалық эпидемиология жемістерін колданады. Клиникалық эпидемиология дәрігер практикасын ғылыми тұрғыда қарастырады. Клиникалық эпидемиологияның негізгі паствулаты: Әр бір клиникалық шешімнің катаң ғылыми негізі болуы кажет. Осы негізде «evidence – based medicine» құрылады; оны аударсак – «дәлелдеу негізінде құрылған медицина» немесе тікелей айтатын болсак – «ғылыми дәлелденген медициналық тәжірибе» немесе «ғылыми дәлелденген медицина» деп айтылады.

Дәлелді медицинаның пайда болуына әсерін тигізген бір жағдай ғылыми медициналық аппарат қолемінің өсіп, ал денсаулық сактау саласына жұмсалатын каржы ресурстарының жетіспеуі. Жыл сайын медицинаға жана диагностикалау, емдеу, аурудың алдын алуын жаңа тәсілдері енуде. Бұлардың бәрі көптеген клиникалық зерттеуден өткен. Олардың нәтижелері кейірде бір-біріне қарама қайши болып келеді. Соңыктан да, көптеген әдістер ішінен ең эффективті де куаңсіз тәсілді таңдау кажет. Сонымен катар, әрдайым есте сактау кажет – әр жаңа енгізілетін дәлелдеме оның жаңа екендігімен және қымбаттылығымен басқаларға қарағанда басым гарант бола алмайды.

Дәлелді медицина казіргі кезде көптеген ауруларды диагностикалау мен емдеу шараларына көзқарасын өзгертті. Себебі, көптеген ауруларды қарастырғанда жаңа, эффективті әсер ету әдістері ұсынылып отыр. Сонымен катар, кейір есke әрекеттердің қолайсыздығымен катар ауру денсаулығына зиян келтіретін де дәлелденіп отыр.

Казіргі кезде медициналық көмекті жақсарту, мақсатында көптеген зерттеулер жүргізіліп жатыр. Жыл сайын MEDLINE базасы он мыңдай рандомизацияланған клиникалық зерттеулермен (РКЗ) толыктырылады.

Кокрандық Бірлестіктің (The Cochrane Collaboration; <http://www.cochrane.org>)

регистрінде 850 мындағы бір біріне сәйкес зерттеулер кездеседі. Бірақ та, оның бәрі күнделікті клиникалық практикаға енгізілмейді. Тексеру жүрісінде анықталып отыр, АҚШ пен Нидерландыда 30-40% пациенттер халықаралық ұсыныска сәйкес емес ем алады, сонымен катар 20-25% аурулар оларға кажетті емес ем алады екен (15).

Клиникалық зерттеу нәтижелерін талдағанда айғақтау /достоверность/ дәрежесін бағалау қолданылады. Сол арқылы дәлелділік деңгейі анықталады.

Дәлелділік деңгейі және оны ұсыну дәрежесі

Жұмыста медицина қызметкері көптеген потенциалды жүйелер ұсыныстарын өзінің тәжірибесіне қолдана алды. Оларға жатады:

- медицина мамандарының немесе басқа жүйе мамандарының зерттеу материалдары;
- фармацевтикалық компанияның немесе басқалардың зерттеу материалдары;
- зерттеулерге шолу мен клиникалық оқулық;
- тәжірибелі мамандар (эксперттер) ойы;
- басқа дәрігерлер ойы;
- өз тәжірибесі;
- науқастардың өзіне қарасты тәжірибесі.

Соған карамастан, дәрігерлер үшін медициналық ғылыми басылымдарда жарық көрген зерттеулер құнды болып саналады. Себебі бұл макалалар катан тексерістен өтеді де құнарсыз, қажет емес информация азаяды.

Сонымен катар, басылымдардағы ғылыми макалалар да аса құнды болмауы мүмкін. Ол комментари, дискуссия түрінде де болуы мүмкін.

Сұрап I. *Істелінген зерттеудің қандай түріне жатады?*

Біріншіден, макалада біріншілік немесе екіншілік зерттеу қолданған ба, соны анықтау қажет. Біріншілік зерттеуде дерек «бірінші қолдан алынған» деуге болады, ал екіншілік зерттеу бірнеше біріншілік деректерді қосып толықтырылады.


Біріншілік зерттеу медицина журналының негізін құрайды да, 3 категорияға бөлінеді:

- **Эксперименттер** (experiment), жануарларға немесе белсенділерге табиғи емес немесе бакылау жағдайында тәжірибе істелінеді.
- **Клиникалық тәжірибе** (clinical trial) - тәжірибе, мысалы, дәрілік терапия бір топ ауруларға беріліп бақыланады.
- **Зерттеу** (survey) - бір көрсеткіш бір топ ауруларда, медицина қызметкерлерінде немесе басқа бір топ адамдарда өлшенеді.

Екіншілік зерттеу

- **Шолулар**, ол бөлінеді:
- **Жүйелі емес**, біріншілік зерттеулер көртындысын қосады;

- **Жүйелі**, бұнда да біріншілік зерттеулер көртындысын қосады, тек кана күні бұрын белгіленген катаң методология бойынша жасалынған зерттеулерді;
- **Мета-анализдер**, екі немесе одан да көп зерттеудің сандық нәтижесін қосады;
- **Клиникалық ұсныныс**. Онда біріншілік зерттеулер көртындысынан дәрігер жұмысына катысты көртындылар алынады;
- **Шешім қабылдау анализі**. Бұнда, біріншілік зерттеулер көртындысы арқылы денсаулық сактау жүйесін менгеруге немесе ресурстерді бөлуге көмектеседі; шешім «қағашын» құруға көмектеседі, ол арқылы дәрігерлер, науқастар, администраторлар емдеу шешімін немесе ресурстарды бөлуде шешім қабылдайды;
- **Экономикалық анализ**. Біріншілік зерттеулер көртындысын колдана отырып, шараларды қаржаттандыру тиімділігі қарастырылады.



1.2.1. сурет. R.B. Haynes ұсынған ақпарат көзінің дәлелділік иерархиясы.

Суретте көрсетілген зертеулердің әр қайсысы әр түрлі дәлелдемелі денгейде. Дәлелділік иерархиясының пирамидасын колдана отырып дәрігер дәлелдемесі айқын нәтижені қолдана алады. Сонда, емдеу эффективтілігі мен аурудын алдын алу сұралтарты бойынша ең дәлелдемелі болып РБЗ саналады. Ал жүйелі шолу түйіні - әр жеке РКЗ көртындысына қарағанда дәлелдемелі.

Дәлелдемелілігіне байланысты зерттеу нәтижесі 4 дәрежеге бөлінеді. Оның ең жоғарысы I дәреже.

Кесте 1.1

Зерттеу дәлелдемесінің денгейі

Дәреже	Зерттеу түрі
1	РБЗ мета-анализі немесе жалғыз жаксы істелінген РБЗ
2	Кем дегенде, бір жаксы ұйымдастырылған рандомизді емес контролды зерттеу немесе квази-экспериментті (когортты) зерттеу
3	Эксперименталды емес зерттеу
4	Экспертті комитеттің есебі немесе тұжырымы және/немесе құрметті авторитеттердің клиникалық тәжірибесі

Ем мен диагностика жайындағы практикалық ұсыныс жалғыз дәлелді гана емес, барлық зерттеулерді қамтиды. Әсіресе жоғары бағалы зерттеулер болмағанда. Осыған байланысты ранжировка істелінеді. Ұсыныстар дәлелдеу дәрежесіне қарай 4 денгейге бөлінеді де, латын әрптерімен - А, В, С, Д деп жазылады.

А денгейіндегі ұсыныс - бірінші категориялы дәлелділік қатарына жатады да, ол өте жоғары дәлел денгейіне сай.

В денгейіндегі ұсыныс - дәлелдеме ұсынысы орташа – оны құрғанда II немесе III категориялы дәлелдеме материалдары қолданылады.

С денгейіндегі ұсыныстар шектелген, сенімділігі - экспертер комитеттің есептерінен немесе ойынан және/немесе құрметті авторитеттердің клиникалық тәжірибесінен (IV категориялы дәлелдемеден) құрылған.

Д денгейіндегі ұсыныстарда – катан ғылыми дәлелдеме жок..

**Дәлелдеме сатысының межесі
(SIGN шкаласының модификациясы)**

A	Жоғары бағалы мета-анализ, жүйелі шолу немесе құрделі РБЗ, жүйелі катенің болу мүмкіндігінің төмен болуымен (+++) көрінетін және кортындысын популяцияға колдануға болатын дәлелдеме.
B	<ul style="list-style-type: none"> - Жоғары бағалы когортты зерттеудің жүйелі шолуы немесе контролді топпен салыстыру түріндегі зерттеу /KTCTZ/ (Case-control study, CCS). - Жоғары бағалы когортты зерттеу немесе контролді топпен салыстыру түріндегі зерттеу /KTCTZ/ (Case-control study, CCS) жүйелі катенің болу мүмкіндігінің өте төмен болуымен көрінетін. - РБЗ, жүйелі катенің болу мүмкіндігінің жоғары емес мүмкіндігімен (+) көрінетін және кортындысын популяцияға колдануға болатын.
C	<ul style="list-style-type: none"> - Когортты зерттеу немесе KTCTZ, немесе рандомизациясыз контролді зерттеу - жүйелі катенің болу мүмкіндігінің жоғары емес мүмкіндігімен (+) көрінетін және кортындысын популяцияға колдануға болатын. - РБЗ - өте төмен немесе жоғары емес мүмкіндігімен көрінетін жүйелі кате (++ немесе +), кортындысын популяцияға колдану мүмкін емес.
D	<ul style="list-style-type: none"> - Жағдайлар сериясының сипаттамасы - Контролді емес зерттеу - Эксперттер ойы

Клиникалық ұсыныста жоғарыда көрсеткеннен өзгеше дәлелдеме сатысы шкаласын да колдануға болады. Айталық, А әріпі - әсер етудің пайдалылығының жоғары дәлелдемесін көрсетеді. С – дәлелдеменің жоктығын, Е - әсер етудің пайдасынан зияндылығының көптігін көрсетеді.

1.3. ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНА ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ҚАДАМДАР

Күнбек-күн дәрігерге әр ауру бойынша әртүрлі сұралктар шешуіне тұра келеді. Ол сұралктар әр килем болуы мүмкін: «бұл науқас шынымен ауыра ма, ауруы болса, ол оның қандай сатысында, ауыртпалығы қандай, бұл аурудың ауруын анықтаудың, емдеудің қандай эффективті және зиянсыз тәсілі бар?...». Сонымен катар, тағы да басқа манызды сұралктар тууы мүмкін. Мысалы айталық, ауру болжамы, профилактикасы т.б. жайында.

Медицинада колданылатын әсер етудің 20-30% ғана пайдалы зерттеулерге сүйенеді. Эффективтілігі анықталған көптеген әсер етулер көптеген жылдар бойы практикаға енгізілмейді. Көптеген дәлелденген зиянды әсер етулер әлі күнге дейін колданылуда.

Дәрігерлер өз пациенттерінің көп бөлігін ғылыми дәлелдерге сәйкес дұрыс емдейді. Себептін бірі, ол наукастардың көбі жиі кездесетін аурулармен ауыратын бір біріне ұксас аурулар, олардың емдеу тәсілдері де дәрігерге белгілі. Ал дәрігер практикасында кездесетін наукастардың 1/5 бөлігі дәрігерге белгісіздеу аурулар. Ондай ауруларды жүргізу үшін дәрігер косымша информацияны кажет етеді, бірақ та оны көп жағдайда таба алмайды.

Бірінші себебі, медициналық ғылыми ақпараттар казіргі кезде ете көп. 20 жыл бұрын 40 000 - жақын биомедициналық журналдар 2 000 000 макаланы жыл сайын басып шығарған екен. Ал 2000 жылы макалалар саны жылына 4 000 000 басылған, казіргі кезде бұл сан одан да көп.

Егер де басылған 4-5 млн. макаланың ішінен макалалардың 1%-ы, дәрігер практикасына қатысты болса, дәрігерге күніне 100 макаладан оқып тұруға тұра келеді. Социологиялық зерттеу кортындысы бойынша, оқытуышылықпен айналысадын дәрігерлердің өзі арнайы әдебиетті оку үшін аптасына 2 сағат уақытын жұмысайды. Ал баска категория оқырманына келетін болсак:

- | | |
|-----------------------|--|
| - Ғылыми адамдар | 45 минут |
| - Студенттер | 60 минут |
| - Интерндер | тіпті оқымайды |
| - Ординаторлар | 10 минут |
| - БМСК дәрігерлерінің | 50%-ы өткен жылы бір де бір макала оқымаған. |

Сондыктan да, өз проблемасына байланысты кажетті информацияны табу үшін дәрігер ДМ білуі қажет.

ДМ-ны 5 қадамға болуғе болады.

1. Проблеманы немесе сұраптты анықтау.

Кажетті ақпаратты табу үшін әр наукасқа қарасты сұраптты айқын коя білу қажет. Сұрапқа жауап беретін дәлелдеме түрін анықтау қажет. Сұрап дұрыс қойылған болса, ізденісті эффективті ететін терминдерді де табу күйін емес.

2. Қойылған сұрапқа жауап беретін жақсы дәлелдемені табу.

Ол үшін қажетті информация көзін тауып, ізденіс стратегиясын күру қажет.

3. Дәлелдеменің критикалық бағасы оның құндылығымен релеванттылығымен (практикаға қатысты) байқалуы.

Дәлелді информация (зерттеу) он шакты кең масштабты РБЗ өткізетін орталықтан бастап, кішкене зерттеу өткізетін медициналық мекемелерде істелінеді.

4. Жеке- дара пациентке қатысты кортындыны қолдану.

Қортынды бінерше вариант түрінде болуы мүмкін. Сонын ішінен жеке дара пациентке және жағдайға қатысты оптималдысын таңдау қажет.

5. Зерттеудің кортындысын бағалау.

Қойылған сұрапқа жауап ретінде өткізіледі.

1.4. КЛИНИКАЛЫҚ СҰРАҚТЫ ҚҰРАСТАРЫ

Дәлелді медицина практикасындағы негізгі қажетті тәжірибелін бірі – клиникалық сұракты дұрыс құра білу.

Сұрактар пайдалы болуы үшін 2 талапты қанағаттандыруы қажет – клиникалық жағдайға қатысты болуы және сұрағына жауап берілетін.

Дұрыс сұрак – тікелей проблемаға қатысты фронталды сұрак. Ол студенттер қоятын сұрактан (Кайдан ісік пайда болды? Қоздырғышы не болуы мүмкін? Қышу неден болды?) өзгеше болады.

Ғылыми медицина әріптестігі 4 бөліктен тұратын сұрак қоюдың «анатомиясын» ұсынады. Ол **PICO** деп аталады [28].

- **Population** немесе **patient** (Популяция немесе пациент) – Кім болуы мүмкін?
- **Intervention** (Енгізу) – Пациенттермен не істелінеді немесе олармен не болып жатыр?
- **Comparison** (Салыстыру) - Альтернативасы кандай?
- **Outcomes** (Нәтиже) – Зерттеу көртындысы кандай немесе әсер ету маңызды ма және неге біз сүйенеміз, кандай нәтижеге жеткіміз келеді?

Келесі мысалда PICO-ның барлық компоненттері көрсетілген (1.3 кесте).

Сұрак: карт адамдарға артериалды гипертонияны емдеу үшін ұсынылатын ең жаксы бірінші реттік терапия кандай?

Пациент немесе популяция	Сұрак кімге қатысты? Жеке дара пациенттер тобын немесе проблеманы зерттеу	Гипертензиясы бар карт адамдар
Енгізу	Не істелінуде? Зерттеуді анықтау. Карт адамдардағы гипертонияда монотерапия ретінде колданылатын эффективті дәрі.	Бета-адреноблокаторларды колдану
Салыстыру	Әр түрлі тексерулер қаншама эффективті? Карт адамдарды емдеуде бета – адреноблокатор мен басқа дәрілерді салыстыру не көрсетеді?	Диуретиктер
Нәтиже	Кандай нәтижені бағалау қажет (ауыруышылық, өлім) екендігін аныктаганда? Осы әсер ету аурулардың ұзак өмір сүруі және өмір функциясының сакталуына әкеліп, аурулар қызығушылығын тудыру, сонымен катар азғантай жағымсыз әсермен көрінуі.	Өлімнің азаю.

Клиникалық сұралттар

Наукастарға медициналық көмек көрсету проблемасын шешкенде сұралттар түрін анықтау қажет.

Сұралттар болуы мүмкін:

- клиникалық көрініс
- ауру симптомы
- болжамы
- этиологиясы және ауру себебі
- зияны және қаупі
- диагностикалық тесттер
- дифференциалды диагностика
- өмір сапасы
- емдеуі
- каржы жұмсау эффективтілігі және басқа деңсаулық аспектілері және медициналық ұсыныстар.

Акпараттық ізденіс стратегиясын калыптастыру мақсатында клиникалық сұралттың 5 түрін бөлуге болады.

Емдеу (терапия) және профилактика – емдеу (ауру ағымын өзгерту мақсатындағы шаралар) сұралтарты және әр түрлі емдердің нәтижесі қандай болатыны жайында. Бұл топқа сонымен қатар профилактикалық сұралтарты да кіреді. Мысалы, карттарда болатын Артериалды гипертензияны емдегендегипотензивті дәрінің қайсысы өлімнің азауына алып келеді?

Диагностика – берілген тесттің пайдалылығы және дәлділігіне (берілген тест наукаска пайда алып келе ме) байланысты сұралтты қарастырады. Тест нәтижесі стандартты тест (эталонды болып саналатын) нәтижесімен сайкесінше келуімен бағаланады.

Болжам – әр түрлі нәрселерді қолдануға байланысты наукастың өмірінің ұзактылығы мен мәні жайындағы болжам сұралтарты қарастырылады.

Этиология және қауіні – ауру мен оның туғызуши себептері, сонымен қатар медициналық себептерге байланысты қауіптерге байланысты сұралтарты қарастырады. Мысалы, ұзак уақыттық жүрек және қан тамырлар ауруы профилактикасында және өлімді азайту үшін артериалды гипертензиясы бар наукастарда тиклопидинді қолдану аспиринді қолдануға қарағанда қан кету қаупін азайтады ма?

Экономикалық эффективтілік – емдік, диагностикалық шаралардың экономикалық эффективтілігін қарастырады. Мысалы, Артериалды гипертензиясы бар наукастарда жалпы өлімді азайтуда бетаадреноблокаторларды қолдану диуретиктерді қолдануға қарағанда экономикалық эффективті ме?

Әр түрлі сұраптарға әр түрлі акпаратты дәлелдеу түрі, кейбірде аргүрлі ресурстар кәжет болады. Дәлелді акпарат табу үшін койылатын сұракты кәжетті дәлелдеу түрі (дизайн) аркылы іздеу кәжет.

Негізгі сұракқа сәйкес келетін негізгі дәлелдеу дизайны:

- **Жағдай жиелігі** – (ҚЖЖ) кәжетсіз жағдай жиелігі регистрі, когортті, жайылмалы (көлденен) зерттеу
- **Kayin** - когортті, жағдай бақылау зерттеуі (ЖБЗ), жайылмалы (көлденен) зерттеу
- **Болжам** – когортті
- **Емдеу** – РБЗ
- **Профилактика** – РБЗ
- **Себеп** – когортті, жағдай-бақылау, РБЗ
- **Экономикалық эффективтілік** – РБЗ, жүйелі шолу, келісім табу анализі.

1.5. СЫНИ БАҒАЛАНҒАН ТАҚЫРЫПТАР

Жұздеген дәрігерлер өз жұмысында кездесетін сұраптарға жауап іздейді. Жауапты табады. Бұл ізденіс бірнеше минуттен бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Клиникалық сұракты карастырганнан кейін сол сұракты әрі қарай өзі немесе әріптестеріне әрі қарай колдану мақсатында сактау кәжеті туады.

Осы мақсатпен, акпаратты сактау үшін, дәлелді медицинада «критикалық бағаланған тақырыптар» (КБТ/КОТ, critical apprised topics – CAT) технологиясы бар.

КСТ / КБТ – сарапшылармен бағаланған критикалық сынаған тұжырымдар, тақырыптар, мәлімдемелер.

Әрбір КСТ/КБТ төрт элементтен тұрады да, ғылыми дәлелденген тәжірибелін 5 қадамын көрсетеді:

- 1 клиникалық / тәжірибелік жағдайды сипаттайды, койылған сұракты (1 – қадам), ізденістің стратегиясы мен көртындысын (2- қадам) сипаттайды;
- * 2 клиникалық бағалаудың бірінші бөлімін сипаттайды (3А қадамы), Зерттеуді GATE көлемінде енгізу (егер де GATE-ке негізгі сандық зерттеу сипаттамаларын енгізсе, система автоматты тұрде қауіпті, онын катынасын және әр түрлілігін, емдеу кәжет ететін аурулар санын, барлық бағанын 95% сенімді жиілігін санап береді).
- 3 сынни бағалаудың екінші бөлімін сипаттайды (3Б қадамы), зерттеудің сапалық жағы бағаланады (ішкі және өырткы дұрыстық, дәлділік және құштілік).
- 4 берілген дәлелді интеграциялау және енгізу сипатталады (4 – қадам), сонымен катар, персоналды және клиникалық аудит (5- қадам).

КСТ/КБТ ақпарат жетіспеушілігін шешетін негізгі ақылды шешім. Бір сала мамандарында әрдайым бірдей сұрақ туады, көп жағдайда бір рет қолданған соң ақпарат жоғалады. КСТ/КБТ бір бет құжат түрінде жазылады да қойылған сұрақка жылдам жауап алу үшін картотекаға салынады. Бұл технология әсіресе оқытушының резиденттермен (магистранттармен) жұмысында пайдалы. Проблеманы табу, одан соң ақпаратпен өз берімен жұмыс, одан соң құрылған КОТ/КБТ-ты көрсету жас дәрігер шығармашылығына үлкен түрткі болады.



Мен студенттеріме:
«Осы оқытылып жатқанын жартысы
10 жылдан сон қате болып саналуы
мүмкін»
- десем, олар үлкен күйзеліске түседі.
Бұл проблеманың түйіні – оны
ешкімнің білмеуінде емес,
оның қандай болуында.

Гарвард Медицина Факультетінің
деканы С. Барвелл
(1956 жыл)

2 ТАРАУ

ҚАЗЕТТИ АҚПАРАТ ІЗДЕНІСІ

2.1. ДӘЛЕЛДІ АҚПАРАТ КӨЗІ

Дәлелді медицинадағы негізгі ақпарат көзіне жалпы ғылыми, жалпы медициналық және жекешелендірген (әр түрлі медицина мамандығы бойынша) журналдар жатады. Журналдардың көптігіне байланысты оларды қарап шығу киын. Сондыктан, казіргі кезде журнал ақпаратына жол компьютер базасы бойынша жүзеге асырылады. Бірінші кезекте ізденіс жүйелі шолуларды карау арқылы жүзеге асырылады. Жүйелі шолу болмаған жағдайда бөлек зерттеулер қарастырылады.

Жүйелі шолу ізденісінің стратегиясы

1- қадам. Кокранды электрондық кітапхана

Кокранды шолулар негізінен The Cochrane Library, ен жаксы жүйелі шолу болып саналады. Ол ақпаратты әр түрлі жерден алады, тіпті ағылшын тілінде емес, баска тілде жазылған ақпараттарда да, электронды базаны, медициналық басылымдарды да қамтиды. <http://www.thecochranelibrary.com> сайтында және сонымен катар, Кокранды кітапхана компакт-дискісінде тіпті аяқталмаған шолулар да бар.

2- қадам. MEDLINE EMBASE

MEDLINE-ға кіру үшін, бірінші рет канаданың Макмастер университетінде сыналған ізденіс стратегиясын колдану кажет. Кокрандық кітапханаға кірмеген жүйелі шолуларды MEDLINE-да қарастырылады, www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed, кіруі тегін. MEDLINE-ді колданушылар оны PubMed интерфейсі арқылы көреді. Оперативті ізденіс үшін «клиникалық сұраныс» (clinical queries, оны PubMed терезесінің сол жағынан көруге болады) интерфейсін колданады. Одан «Fine Systematic Reviews» тауып және басып, терезенің төмөнгі жағына ауру атын және зерттеуді енгіземіз. 2006 жылдан бері MEDLINE-да кокрандық жүйелі шолулар (ЖШ) көрсетіледі.

РКЗ ізденіс стратегиясы

Жоғары бағалы койылған сұракқа толық жауап беретін ЖШ-ды тапқан соң РКЗ-ді іздестіреміз. РКЗ ЖШ басылып шыққаннан соңғы информацияларды және ЖШ жарық көрген кезден 3 жыл бұрын басылған РКЗ –лерді іздейміз.

Егер ЖШ табылмаса, тематикасына байланысты барлық РКЗ-лерді Кокрандық электронды кітапханада (CENTRAL), Best Evidence базасында, сонымен катар MEDLINE –де қарастырамыз.

1 қадам. (CENTRAL)

Кокрандық бақыланатын зерттеу регистрі

Бұнда MEDLINE-га қарағанда әсіреке 1964 жылға дейінгі ұсыныстар көбірек кездестіріледі.

2 қадам. Соңғы 3 жылғы MEDLINE-дағы ізденіс.

Қажет, себебі соңғы 3 жылдағы РКЗ MEDLINE-да жаксы көрсетілген.

3 қадам. Best Evidence компакт-дискіндегі деректер базасы

Онда сапа текстеруін өткен, комментариимен РКЗ рефераттары бар.

Осындай ізденіс Кокрандық кітапханаға және Best Evidence-ке кіріп үлгірмеген, РКЗ – ді табуға көмектеседі.

Емдеудегі жағымсыз әсер және асқынуды іздестіру стратегиясы

Емдеудегі жағымсыз әсер және асқынуды іздестіру жайындағы зерттеу есептерін MEDLINE-де іздеу қажет. Медициналық сабак рубрикасынан (MeSH) «adverse effects» сұранысын колданасыз. «Sh» тақырышынан көрсетеді.

Мысалға «aspirin AND adverse effects» [sh] іздестірсек 9 000 осы тақырыпқа байланысты мақала табамыз. AND қосынды сезі аспириннің жағымсыз әсеріне қатысы жоқ барлық макалаларды алғып тастайды да, жағымсыз әсер жайындағыларды калдырады.

2.2. МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ИЗДЕУ

Интернетте ізденіс жүргізгенде алғашқы туатын сұрақ: «Қажетті медициналық акпаратты қалай іздесем екен?». Интернетте дұрыс, дұрыс емес деген жоқ. Бір ізденіс екіншісіне қарағанда көбірек уақыт алуы мүмкін, немесе біреуі жемістірек болуы мүмкін, сондыктan да дәрігер қай ізденісті колданатынын өзі калауы керек. Сонымен катар, дәрігердің сапасыз акпаратты анализдейтін уақыты болмағандықтан профессионалдарға арналған сенімді акпарат көзіне көніл белуі қажет.


2.2.1. Информатиканың негізгі принципі

Берілген базада өзіне қажетті акпарат табу үшін, тұтынуышы компьютерге түсінікті тілде сұрақ коя білуі қажет. Бұл «сұраныс/запрос» деп аталады. Сұраныс ешкандай өзгеше компьютер тілін қажет етпейді. Сонымен катар, негізгі оператордегі булевой логиканы/ ойланысты білген дұрыс.


2.2.2. Ойланыс / логика операторы

Ойланыс / логика операторы деген не? Бұл **ЖӘНЕ/И, НЕМЕСЕ/ИЛИ,** сонымен катар **ЖОҚ/НЕ** операторын колдана отырып ізденіс көлемін кеңеуйті немесе тарылту үшін колданылады.

ЖӘНЕ/И екі сөзді біріктіріп, ізденіс көлемін тарылтады. Мысалы, егер сіз «аспирин **ЖӘНЕ** қан кету» (aspirin AND bleeding) ізденісін істесеніз, сізге тек кана екі термині де бар макалалар беріледі (төмендегі суретте екі шенбер косылған жер).




НЕМЕСЕ /ИЛИ екі мағынаны косып ізденіс шенберін кеңейтеді. Мысалы, егер сіз «аспирин **НЕМЕСЕ** клопидогрель» (aspirin OR clopidogrel) ізденісін істесеніз, сізге екі термин де бар барлық макалалар беріледі (төмендегі суретте екі шенбер іші).



ЖОҚ/НЕТ екінші термині бар макалаларды алып тастап, ізденіс шенберін тарылтады.

Мысалы, егер сіз «жарақат **ЖОҚ** улану» (trauma NOT intoxication), ізденісін істесеніз, сізге жарақат термині бар, бірақ та улану деген сөзі жоқ барлық макалалар беріледі (төмендегі суретті кара).



2.2.3. Жалпы тілді қолдана отырып жүргізілетін ізденіс

Көп жағдайда библиографиялық базада ізденіс жүргізгенде «жалпы тілді» қолдануға болмайды. Талап белгілі бір түрде құрылады. Мысалға, «Жүрекке істелген операциядан кейін болатын асқынулар жайындағы информация» формулировкасы дұрыс, бірақ та ізденіске жарамайды. Дұрыс формулировка «жүрекке істелінетін операция НЕМЕСЕ жүрек тамырларына істелінетін операция ЖӘНЕ операциядан кейінгі асқынулар» деп жазылады. Оператор ЖӘНЕ НЕМЕСЕ-ге карағанда күштірек, сондыктан талап дұрыс орындалады. Сондыктан да төменгі формулировканы қолданамыз: «жүрекке істелінетін операция НЕМЕСЕ жүрек тамырларына істелінетін операция ЖӘНЕ операциядан кейінгі асқынулар».

2.2.4. Арнайы сөздік және бос мәтінді ізденіс

Кейбір базаларда «арнайы сөздік» қолданылады. Осындай сөздікке, мысалына, Медициналық тематикалық рубрикатор жатады (MeSH). Дұрыс істелінген сұранысты MEDLINE-дегі терминдер арқылы жазу кажет. Ол үшін міндетті түрде (MeSH Database) көрсету рубрикасына кіру кажет, сосын мақала индексациясы үшін кажетті дұрыс терминдерді табу кажет. Бұл сұраныс әрі карай кілтті сөздермен толықтырылады.

Ізденіс жасаушыға «машина» (программа) сіздің ойынызды «түсінетіндей» көріну мүмкін. Бірақ та, программа машиналық логикамен жұмыс жасайды. Кейбір сайттар <http://www.scholar.google.com>, сиякты ізденісті жақсы жүргізеді.

2.2.5. Кілтті сөздер арқылы жүргізілетін ізденіс

MeSH терминдерін колданумен катар, кілтті сөздерді де колдану қажет. Әсіреле, ауру немесе әрекет істеу атаяу қажет болғанда. MeSH термині және оператор OR, сосын негізгі синонимдер. ЖШ ізdegенде бұл міндettі. Клиникалық сұралқка жауап ізdegенде міндettі емес. PubMed ізденіс программасы көп жағдайда MeSH-тің негізгі терминдерін кеңейте алады (explode) арқылы. Мысалы сіз «Aspirin» сөзін енгіздініз. Енді Details дегенді басасыз. Көріп тұрсыз программа (aspirin [mh] OR aspirin [tw]) ізденіс жасап 40542 басылымды тапты (tw – бұл сөзді рефераттың тақырыбы мен өзінен ізде деген бұйрық). Егер де сіз MeSH рубрикасы бойынша (aspirin [mh]) десеніз 30143 басылым табасыз. Бұл азырақ басылымда «концентрация» көбірек, сондықтан да бұнда аспириномен әдейі зерттелген еңбектер көп. Енді «aspirin» сөзіне синоним (халықаралық патентті емес) атын «acetylsalicylic acid» қоссак 42136 мақала табамыз.

2.2.6. Интернеттің ізденіс машинасын қолдану

Орыс тіліндегі ізденіс машиналары ішінде әйгілісі www.rambler.ru, www.yandex.ru болса, шет елде – www.google.com, www.yahoo.com.

Қолданушыларға «интернет» Microsoft Internet Explorer және Mozilla Firefox programma терезесі арқылы көрінеді. Бұл программалар браузер (browser - қарауыш) деп аталады. Бұлардан баска да программалар жетерліктеі бар және олардың да өзіндік жақсы жағы да, және жетіспеушілігі де бар.

Браузерлер интернет ресурсына және ізденіс машиналарына ашық. Қазіргі браузерлерде негізгі жоғарыдағы терезеде ресурс адресі жазылады, мысалы, MEDLINE үшін <http://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed> («таңғажайып ресурс адресі» - unique resource locator, URL деп аталады; негізінен MEDLINE үшін URL өзгеше, еске сактауга қынырак), сонымен катар, он жакта баска кіші терезе бар. Ол ізденіске бағышталған. Айтальық, «lepra» сөзіне ізденіс жүргізек, лупаны («ізде» бұйрығын) басамыз. Internet Explorer-де ізденіс Yahoo арқылы жүргізілсе, Mozilla Firefox Google арқылы орындаиды. Google арқылы істелінген ізденіс «жемісті» келеді. Себебі Google http типті форматты негізгі күжаттарда ғана емес, барлық күжат түрлерінде ізденіс жүргізеді. Google текстті, компакті PDF, PPT презентациясын тағы да басқа акпараттарды сортуайды. Сонымен катар Google акпаратты MEDLINE –де де іздейді.

Ізденіс машинасының жоғары мүмкіншілігіне қарамастан, PubMed арқылы жүргізілген ізденіс үміттірек.

Интернеттің ізденіс машиналары арқылы «жалпылама колданылатын» акпараттар, жаңалықтар, техникалық акпараттар ізdegен дұрыс. Әдейі сайttарда ауруға байланысты кілтті сөздерді колданып халыққа берілетін акпараттарды табуға болады. Интернетте көбінесе «популярлы» акпарат «кәсіби» акпаратқа карағанда көп. Бірақ та, жалпы популярлы күнделікті акпараттың қасиеті төмен болады.

Осындай сайттарды наукастар колдануына жақсысын, пайдалысын үсіну үшін қарап тұру кажет. Сонымен қатар, наукастарға интернетте қажетті емес акпараттардың көп екенін де айту кажет. Интернетте қате акпараттар әр түрлі себептерге байланысты түседі. Мысалы, кейбір ауру адамдар өзінің ауруы және оны емдеу жайында қиали ойын; кейбір діни секталар кейбір ауруларға және денсаулық проблемасына қозкарасын; фармацевтикалық компаниялардың қаржылай колдауымен кейбір мекемелер белгілі бір ауру жайында, оны емдеу жайында мәліметтер енгізуі мүмкін.

КБТ / КОТ ізденісі

Клиникалық проблеманы зерттегендеге және ақпарат ізденісінде дәрігер **клиникалық бағаланған тақырыптар** КБТ/КОТ даярлайды. Себебі оны қажетті жағдайда колдана алады. КБТ-ды дәрігерлер интернетке шығарып жүреді.

Сонымен қатар, ғылыми еңбек түйіндерін – «infopoems» немесе «poems» түрінде интернетке жібереді. Осындай жана зерттеу акпаратын Британдық медицина журналы (BMJ) арқылы жүзеге асырылады. POEMS – бұл пациенттерге арналған дәлелдеме (Patient – Oriented Evidence that Matters). Қазіргі кезде бірнеше комерциялы программалар infopoems жазылышыларына, мысалы, www.infopoems.com өз акпараттарын ұсынады.

Infopoems те негізінен КБТ/КОТ сиякты. Мысалы: «АА наукастарда ББ нәрсені колданғанда бір жыл ішінде ауыр кан кету түріндегі асқыну 1000 адамға шеккенде XX жиелікпен кездеседі». КБТ/КОТ –та осылай тұжырым берер еді. Айырмашылығы неде? КБТ/КОТ –ты құрастырғанда жоғары сапалы дәлелденген акпараттар, MEDLINE арқылы алынады. Ал infopoemstі құрастырғанда жеке зерттеу нәтижесі алынады. Эрине, infopoems жақсы бағалы макаланың оперативті акпаратын көрсету үшін колданады, бірақ та ол КБТ/КОТ –тын орнын баса алмайды.

Қажетті медициналық акпаратты басқа, үшінші жолмен де табуға болады, ол **каталогтар** арқылы. Бағаланған нәрселерді (предметті) каталог арқылы. Бұндай каталогтар арнады денсаулық сактау мамандары үшін істеледі, қажетті, бағалы және авторлық меншігі бар акпаратты колдана алуға бағышталған.

Акпаратты екінші реттік көздерден жедел іздеу

Интернетте дәрігерлерге арналған бағалы ғылыми текстсеру нәтижесін берестін бірнеше сайттар бар. Бірінші орында құрамы бай сайттар – порталдар, мысалы, www.medscape.com

Medscape - жалпы тәжірибе дәрігерлеріне арналған ақысыз ресурс. Құрамына үздіксіз білім жетілдіру және MEDLINE кіреді.

NHS – стоматологтерге, жалпы тәжірибе дәрігеріне, аурухана дәрігерлеріне мамандандырылған рубрикаларда ізденіс жасауға көмектеседі: (http://www.sherpa.nhs.uk/Resource/html_files/rebase.htm).

Medical Matrix авторитетті ізденіс қызметінің бірі - Medical Matrix Project, <http://www.medmatrix.org/index.asp>. оның қызметі клиникалық медициналық интернет ресурстарды енгізу, аннотациялау және жаңарту болады. Қолдануы шектелмеген.

Америка Медицина Ассоциациясының информатика бойынша жұмышы интернет тобы материалдарды каталог үшін жинаиды. Қазіргі кезде Matrix – 4000 артық сапасы бойынша бағаланған материалдар сайты бар, олар иерархия бойынша каталогте орналасқан. Каталогтің бастапқы 7 белімі: «Мамандық», «Аурулар», «Клиникалық тәжірибе», «Білім беру», «Әдебиет», «Денсаулық сактау», «Компьютерлер, Интернет, Технология» бойынша бағышталған. Әр бір ресурс болімшелерге болінген. Мысалы, «Эндокринология» белімінде – Жаңалыктар, Шара қабылдау инструменті, Аныктаамалар және Тәжірибелі окулық - сиякты болімшелер бар.

Сонымен қатар аннотациямен танысып, кай ресурс ізденіс мақсатына сай келетінін аныктауға болады.

Matrix-тің келесі бір артықшылығы онда рангтік система қолданылған. Белгілі мамандық бойынша өте бағалы болып келетін сайttар жұлдызышалармен көрсетілген.

OMNI (Organizing Medical Networked Information)

Қазіргі кезде бұл сайт INTUTE: health&life sciences (www.intute.ac.uk) деп аталауды.

INTUTE (OMNI) –дан алынатын деректер медик – профессионалдарға арналған, сондыктan бұл сайт Ұлы Британдық жоғары бағалы биомедициналық информациалық ресурс болып саналады. Бұл сайттың ерекшелігі әкпарат ізденісін 3 бағытта жасауға болады:

- а) алфавит бойынша тақырыптар;
- б) каталог тақырыптары бойынша;
- в) медициналық тематикалық атауларды қолдану арқылы.

Мысалы, әкпарат ізденісі «Тәбеттің бұзылышы» (Eating disorders) тақырыбында істелсе, онда 2 бағытта әкпарат ұсынылады, - кең емес бағытта «Неврогендік анорексия және булимия» (Anorexia nervosa or bulimia nervosa) және кең түрде «Психикалық өзгерістер (Mental disorders) (Personal disorders).

Health On the Net «Жүйедегі денсаулық» ұжымы <http://www.bon.ch/>. (The Health on Net Foundation) комерциялы емес ұжым. Health on the Net, сонымен қатар, интернет ізденіс тематикасын, мысалы, белгілі бір географиялық региондарға қарасты қыскартады. Оның көмегімен қажетті клиниканы, қолдаушы топтарды және медициналық конференцияларды табуға болады.

Ақпарат базасы (АБ) арқылы ізденіс

АБ бойынша ізденістің ерекшелігі, ол арқылы табу жылдам және деталдандырған.

1. Жылдамдығы компьютермен қарауға байланысты.

2. Деталдан (жекелеп) карау үшін атап рубрикасын, түйінді сөздердің әр түрлі комбинациясын колдануға болады. MEDLINE-де (MeSH)-тің 14 000-нан артық атап рубрикасы бар. Сіз оны әр түрде өзгертіп колдана аласыз. Мысалы, сізге қажет болғанда, сіз, мысалы, жара ауруының psoriasis қатар кездесуі жайындағы макалаларды ғана теріп ала аласыз. Бұл ұсынылатын макалалар көлемін азайтып, қажеттісін жылдам табуға көмектеседі.
3. Соңғы 20 жыл ішінде АБ –да тек кана макалалар тақырыбы ғана емес, олардан рефераттар да бар. Бұл жағдай, ізденісті одан әрі тиімді етеді, реферат тексті бойынша түйінді сөздерді табуға, ал рефератты оку арқылы макаланың құндылығын ажыратуға болады. Көп жағдайда койылған сұракка жауапты рефераттан ақ тауып қанағаттануға да болады.
4. Макалаларды өзіңізге қажетті тілде таба аласыз.
5. Терең ізденіс жасауға болады. Мысалы, 6 жыл ішіндегі немесе жыл ішіндегі макалалар.
6. Баспа жұмысы катыспағандыктан, ақпарат АБ-на тез түседі, баспа жұмысына карағанда.
7. Зерттеудің белгілі бір түріне байланысты макалаларды іріктеуге болады, мысалы, рандомизді клиникалық бақылаулы зерттеумен істелінген енбектер.

Қазіргі уақытта егер де Сіз тексерілген бағалы ақпарат тапқыңыз келсе, алтын стандарт болып саналатын – Kokran Bazасының жүйелі шолу сайтына www.thecochranelibrary.com кіруінізге болады.

1972 жылы эпидемиолог Арчи Кокрейн клиникалық зерттеулерге орталық халықаралық регистр құруды ұсынды. Kokrandық кітапхана (КК) казегі кезде медициналық зерттеу эффективтілігі ақпаратының негізгі көзі және ол әр кварталда жанартылып тұрады. Қазіргі заманда КК 100% дейін дәл медициналық деректер базасын құрайды, бұл 20-21 ғасырдың маңызды біріккен инициативасы деуге болады.

Кокрандық кітапханаға келесі деректер базасы кіреді:

1. **Cochrane Database of Systematic Reviews (CDSR)**
Жүйелі шолудын (ЖШ) Кокрандық деректер базасы (ДБ): Кокрандық бірлестік істеген толық текстті аяқталған шолулар, сонымен ката, даярлау сатысындағы шолулар протоколы.
2. **Database of Abstracts of Reviews of Effectiveness (DARE)** Медициналық зерттеулердің эффективтілігі жайындағы ДБ рефератты шолулары: баска жүйелі шолу рефераттары; медициналық әдебиетте жарық көрген методологиялық шолулардың құндылығы жайындағы kommentarii.

3. Cochrane Controlled Trials Register (CCTR/CENTRAL) Кокранды бақылаулы зерттеу регистрі: журналдарды de visu қараша арқылы және дерексіз табылған рандомизді бақылаулы зерттеулер (РБЗ).
4. Cochrane Review Methodology Database (CRMD) Кокранды шолудың методологиясы бойынша деректер базасы: жүйелі шолу даярлау тәсілдері және принциптері, РБЗ өткізу және басқа методологияға арналған макалаларға көрсетпе.
5. About the Cochrane Collaboration (Кокрандың бірлестік жайында) Кокрандың бірлестіктің бөлімшелерінің контакт деректері беріледі.
6. NHS Economic Evaluation Database (Халықаралық денсаулық сақтау қызметінің экономикалық эффективтілігін бағалау жайындағы деректер) медициналық зерттеудің экономикалық эффективтілігін бағалау жайындағы структурлы рефераттар.
7. Health Technology Assessment (HTA) Медициналық технологияны бағалайтын деректер базасында ЖШ-лар және бастапқы зерттеулер кіреді.

Кокрандың кітапханаға, сонымен қатар, **терминдер глоссарі**, жүйелі шолуда және Clip-те жие колданылатын, сонымен қатар, шолу құрастыру методологиясы көрсетілген **Окулық** және **Дәлелді медицина ресурстарының интернеттік каталогі** кіреді.

Кокранді кітанхана ізденісі MEDLINE ізденісімен бірдей істелінеді (төменде оқы).

2.2.7. Pubmed-тегі (MEDLINE) ізденіс стратегиясы www.pubmed.gov

PubMed – дегеніміз АҚШ-тың Халықтық медицина кітапханасы тудырған MEDLINE, PreMEDLINE-мен жұмыс істеуге арналған электронды ізденіс жүйесі (NLM, <http://www.nlm.nih.gov>).

MEDLINE – медициналық ақпараттың деректер базасы. Оған 1960 жылдардан бастап дүние жүзінің 4800-ден астам медициналық периодикалық базасының библиографиялық жазылымы (citations) кіреді. Қазіргі кезде MEDLINE мамандарға да, жалпы халыққа да интернет арқылы ізденіс үшін әкысыз ашық.

MEDLINE ақпараттарын 30 шакты тілдерде оқуға болады, соның ішінде орыс тілінде де. 76% -дайы журналдардан алғынған рефераттар (abstracts). MEDLINE-ге алта сайын 9 000 деректер енгізіледі, егер жылға шексек - 571 000. MEDLINE тақырыбы кең көлемді, биология мен медицинаға жататын: ғылыми зерттеулер мен оның методологиясы,

клиникалық тәжірибе, медбике жұмысы, стоматология, фармакология, ветеринария, сонымен катар аралық пәндер; негізінен биология, зоология, ботаника және коршаған ортандың медициналық аспектілері кіреді. MEDLINE сипаттамасын деректі түрде ағылшын тілінде NLM аппарат бетінде: <http://www.nlm.nih.gov/pubs/factsheets/medline.html> мекен жайы арқылы табуға болады.

PreMEDLINE-де әлі индексация процедурасын өтпеген ДБ-сына жақында енгізілген библиографиялық суреттеу файлы орналасады. Индексация кезінде әр суреттемеге заттық рубрика тізімі косылады, ол жеке ізденіс сөздігінен (тезаурус) алынып, MeSH List (Medical Subject Headings List) деп аталады, құжаттың мағынасын көрсетеді. PreMEDLINE-ге жататын библиографиялық жазулар әдейі нұсқаумен көрсетіледі [PubMed – in process]. Құжаттар индексация өткен соң PreMEDLINE-нен MEDLINE-ге көшіріледі.

Басылымның шолу файлы бұл электрондық тәсіл арқылы баспадан NLM арқылы алынған жазбалар. Олар [PubMed, As supplied by publishers] таңбасымен көрсетіледі.

1. Өзініз қандай ізденіс жүргіzetінініz жайында анықталыңыз

MEDLINE базасы 11 миллионнан артық библиографиялық жазбалар құрайды, оның бәрінде бірдей сізге қажетті аппарат болмайды. Қандай тақырыпта ізденіс жүргіzetінініzді анықтаның да, бағалы аппараттың кайдан іздеуге болатыны жайында ойланыңыз. Тақырыпты негізгі бөліктеге бөлініз: проблемді немесе тематикалық топка, зерттеу, кортынды және (немесе) зерттеу тәсіліне. Ізденіс стратегиясына бұл анықтамаларды колданбасаңыз да, сізге қажетті макаланы табуда көмегін тигізеді.

2. MeSH рубрикасы бойынша ізденіс жүргізініz (MeSH Database – предметті рубрика бойынша анықтама)

MEDLINE –нің өзі жоғары структурлы деректер базасы болып келеді. Әр макала белгілі бір салага байланысты экспертермен талқыланып, түйініне әдей терминология тағайындалады (Medical Subject Headings, немесе MeSH – медициналық тақырып рубрикасы). Деректер базасындағы предметті рубрика бойынша қажетті терминді *предметті рубриканың сөздігінен (тезаурустан)* табуға болады, ол ізденістің түйінін көрсетеді.

Деректер базасының пәндік тақырыптасы арқылы:

- Анықтамасына байланысты қажетті MeSH терминін ізденіс үшін табуға;
- Макалада көрсетілген негізгі (major) MeSH терминдер арқылы қыска ізденіс жүргізуге;
- Қажетті косымша подрубрикаларды (sub-headings) табуға;
- MeSH терминдерін иерархия бойынша көріп, ішінен қажеттісін таңдап алуға болады.

Деректер базасының предметті рубрикасы арқылы ізденіс істеу үшін негізгі экранның (sidebar) сол жағындағы MeSH Database жазуын басасыз. Ізденіс терезесіне өзінізге қажетті термінді енгізіп, мысалы *arthritis* (артрит), сосын экрандағы *Go* –ді басасыз немесе клавиатурадағы *Enter* –ді басасыз. Келесі терезе ашылады, онда сіз аналогиялы терминдер тізімі мен жақын предметті рубриканы көресіз. Берілген анықтаманы колдана отырып, сіз қолайлы (MeSH термин) рубриканы берілген тізімнен таңдайсыз.

Предметті рубрика бойынша ізденістер кілтті сөздер ізденісі арқылы толықтырылады. MeSH арқылы макалалар библиографтардың айырған рубрикасы арқылы іздестьіріледі. Текстті ізденіс (кілтті сөздер) арқылы ізденіс макалалар тақырыбында және рефератта осы кілтті сөздердің кездесуіне байланысты істелінеді. Бұнда макала қарастырылатын тақырып бойынша табылады деп кепілділік берілмейді, бірақ та қажетті сөздері бар көп макалалар табуға көмектеседі.

Сіздің ізденісіңізді жақсарту мәссаңында екі бұйрық қарастырылады.

Restrict Search to Major Topic heading only (ізденісті тек қана негізгі рубрика арқылы жүргізу) – ізденіс тақырыбы макаланың негізгі тақырыбы болып келеді.

Do Not Explode this term (терминді терендептей) ізденісте терминге қатысты қосымша тақырыптарды шектейді. Егер осы бұйрық берілсе PubMed жалпы артрит жайындағы макалаларды табады да, бірақ та, буын синдромымен келетін құян жайында дерек бермейді.

3. Мәтіннен сөзді іздегенде кесу (“truncation”)

Truncation функциясы түбірі бірдей сөздер вариантын табуға көмектеседі. Ол үшін сөз түбірін теріп, оған жұлдызыша (*) қосылады. Мысалы, *hypno**. Кейбірде бір сөз бірнеше түрде жазылатын болса бұлай істеген қолайлы.

Мысалы: *hypno**. PubMed осы түбірмен бірнеше қосымшасы бар сөздер табады: *hypnosis*, *hypnotic*, *hypnotherapy*, *hypnotize* т.б.

4. Әр бір жеке ұғым бойынша бөлектеп ізденіс жүргізу

Тақырыбынызды жеке ұғымдарға бөліп әр бір жеке ұғым бойынша бөлектеп ізденіс жүргізіңіз. Өз тақырыбыңыз бойынша акпарат алу үшін, сонынан ізденіс нәтижесін біріктіріңіз.

5. Шектеу функциясын “Limits” колдану

Ізденістің әр бір кезеңінде Limits функциясын колдана отырып, сіз ізденіс нәтижесін жақсарта аласыз. Limits колдану эсіреле сіздің сұрағыңызға көп макалалар берілсе өте қажетті.

PubMed ізденісті келесі параметрлер бойынша шектеуге көмектеседі:

- Автордың атымен (Search by Author);
- Журнал атымен (Search by Journal);

- Ізденіс кезінде табылған құжат форматы бойынша: *толық текстті мақалалар* (Full Text), *ақысыз толық текстті мақалалар* (Free Full Text), немесе макалалар түйіні бойынша (Abstracts);
- Макаланың жарық көрген уақыты бойынша (Published in the Last/Publication Date): ізденіс белгілі бір уақыт аралығында (30 күннен 10 жылға шейін), немесе белгілі бір күндермен (мысалы, 1-кантар 1990 жылдан I шілде 2006 жылға шейін);
- Құжатты PubMed-ке енгізу уақыты бойынша (Added to PubMed in the Last/Entrez Date);
- Науқас жынысы бойынша (Gender);
- Құжат тілі бойынша (Languages);
- Құжат түрі бойынша (Publication Types), кандай макала екенін, мысалы, шолу (review), клиникалық зерттеу (clinical trial), хат (letter), т.б.;
- Наукастың жасына байланысты (Ages);
- Издениң жүргізу даласы бойынша. Эдейі ұсыныс болмағанда (by default), ізденіс барлық жерде (All Fields) жүргізіледі. Сонымен катар, сіз ізденісті шектеп, тек кана бір далада, мысалы тақырып бойынша (Title Word) жүргізуінізге болады.

Сонымен катар, Сіз адамға немесе жануарларға істелінген тәжірибелі білуінізге болады (Human or Animal), немесе ізденісті кен рубрика бойынша MEDLINE-де: СПИД (AIDS), Стоматология (Dental Journals), Медбике жұмысы (Nursing Journals), т.б. бойынша жүргізуінізге болады.

Өзінізге қажетті шектеуді табу үшін Limits-ті басасыз. Жаңа ашылған экранда жоғарыда айтылған параметрлердің барлығын табуыңызға болады.

Өзінізге қажетті Limits-ті тапқан соң экраның жоғарғы немесе тәмненгі бөлігінде орналаскан Go сөзін басасыз, осы сөз маңында терезеде «түртпе» (b) пайда болады. Сіздің қалаған шектеуініз экранын жоғарғы бөлігінде сары жолда (bar) пайда болады. Егер де Limits-ті жойғыныз келсе түртпеге басыңыз, сонда алдыңғы шектеулердің барлығы жойылады.

6. Clinical Queries (клиникалық сұраныс) және Systematic Reviews (систематикалық шолу) фильтрлерін колданыңыз.

Бұл екі жекешеліндірліген ізденіс фильтрі емдеуші дәрігерлерге арналған. Clinical Queries және Systematic Reviews фильтрлеріне ену үшін PubMed -тің шетінде вертикаль бойымен орналаскан Clinical Queries көрсетпесін басасыз. Екі фильтрде де белгілі методикамен орындалған зерттеулерді іздеумен шектеледі.

Clinical Queries рамкісінде тақырыпты зерттеумен: therapy – емдеу; diagnosis – диагностика; etiology – этиология; prognosis – болжамға байланысты тақырыпты зерттеумен 4 фильтр карастырылады.

Ізденіс көлеміне байланысты 2 фильтр карастырылған: sensitivity – сезімталдық немесе «толық көлемді»; бұл фильтрді басқанда қажетті макаланы көрмей қалу мүмкіндігі азаяды, сонымен катар релевантты емес құжаттар да

беріледі, көп кортынды беріледі; **specificity** – специфиялық немесе «дәлдік», бұл фильтрмен жұмыста шағын кортынды көрсетіледі.

Clinical Queries - клиникалық тәжірибеге сай сұрап бойынша ізденіс мүмкіндігі. Медик – мамандарға, негізгі фокусы: емдеу, дианоз, этиология немесе аурұ болжамы болып келетін мақалаларды табуға көмектеседі. Осы механизмді колданса дәрігер жануарларға қолданған зерттеулерді емес тек қана клиникалық, дәлелді зерттеулерді табады.

Systematic Reviews фильтрі сізге қажетті тақырыпта жүйелі шолу мен мета-анализдерді іріктейді.

Фразалармен ізденіс (Phrase searching): сөздер косындысы мағынасымен ізденісте колданылады, мысалы, “myocardial infarction” (миокард инфаркті) немесе “hip replacement” (жамбас буынын протездеу).

Терминдер комбинациясы (Combining terms): ізденіс сөздерін логикалық операторлар арқылы жалғайды AND (ЖӘНЕ), OR (НЕМЕСЕ) және NOT (ЖОҚ). Оператор AND құрамында екі термин де кіретін құжаттар табуға көмектеседі, мысалы, myocardial infarction AND aspirin (миокард инфаркті ЖӘНЕ аспирин), OR құрамында осы терминнің ең болмағанда біреуі кіретін құжат іздеуге көмектеседі, мысалы, cancer OR neoplasm (рак НЕМЕСЕ көтерлі ісік). NOT бірінші термині бар, бірақ та екінші термин кірмейтін құжат іздеуге көмектеседі, мысалы, breast cancer NOT male (сүт безі парға ЖОҚ ерлерде).

Қарапайым ізденіс (Simple search): жоғарыда көрсетілген логикалық операторлармен кілтті сөзді (сөздерді) енгізіп, (search) іздеу жазуын басасыз. Көрсету терезесінде табылған жазбалар саны пайда болады.

Кең ізденіс (Advanced search) күрделі сұраныстарды (MeSH) көрсетпесін колдану арқылы жүргізуге болады.

Қажетті ізденіс жасайтын сөздерінізді енгізініз де, іздеу құралымен іздеу бұйрығын берініз. Изденисінің немірленні төменде көрсетілгенін көресіз. Сонымен катар, бұрын істелінген сұраныстарды колдана отырып, киынырак комбинацияда ізденіс құрауға болады (CTRL клавишиасын ұстап тұрып, тышқанмен қажетті ізденісті басу арқылы) және сол жактағы AND, OR немесе NOT -ты қажетіне қарай басу арқылы.

Кең ізденіс экраны, сонымен катар, ізденісті белгілі бір жазулар арқылы ізденісті кыскартға алады (мысалы, автор) немесе уақыт диапазоны арқылы. Эр ізденістен кейін табылған жазбалар саны беріледі.

КЛИНИКАЛЫҚ СҰРАҚ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ИЗДЕУ СТРАТЕГИЯСЫ

Емдеу тақырыбы бойынша сапалы зерттеулерге ізденіс

Емдеу жайындағы мақалаларды табу үшін, аурұ атаяны енгізіп (MeSH терминіне сай), сонынан «therapy – емдеу», «drug therapy – дәрімен емдеу»,

«prevention and control – профилактика және бакылау» т.б. косымша тақырыптар – диетотерапия, хирургиялық ем және т.б. сөздөрді косасыз.

НАҒЫЗ ДӘЛЕЛДІ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ табу үшін ізденісте тек қана ЕКІ басылым түріне ғана – РБЗ және ЖШ тоқталыныз.

Рандомизрленген бақылаулы зерттеулердің (РБЗ) ізденісі.

Емдеу жайындағы көптеген сұраптарға жауап табу үшін Сізге жоғары дәлелді деректер, рандомизді бақылаулы зерттеу (РБЗ/РКИ) деректері кажет. Егер де бұл зерттеу 2 жакты бүркей арқылы жасалса тіпті жақсы.

I. Изденисті тек қана РБЗ-мен шектеніз.

Ол үшін Randomized Controlled Trial-дегі күжаттар қолданылады. Бұл жағдайда библиографиялық бұлактан РБЗ-лерді ғана ірікеп аласыз.

2. MESH Randomized Controlled Trials терминін қолдану кажет емес,

Себебі, бұл пәнді рубрика болуына байланысты, ол клиникалық зерттеу есебін беру емес, сол медициналық зерттеуді талқылауға арналады.

3. “Random” кілтті сөзі арқылы ізденіс

(мазмұнда немесе тақырыбында “random” сөзі бар күжатты тауып береді). Бұл тәсілге, егер алдыңғы тәсіл нәтиже бермегендеге жүгінуге болады.

Мета – анализдер мен жүйелі шолуларды іздеу

Мета-анализдерді іздеу үшін LIMITS клавишасын қолданасыз және күжаттарды шектеу үшін (Type of article) meta-analysis-ді, ал жүйелі шолу үшін -“review”, сөзін басасыз.

Ауру болжамы жайындағы сапалы зерттеулерді іздеу

MESH Prognosis термині ауру болжамы жайындағы зерттеулерді табуға көмектеседі. Ауру болжамы жайындағы сұракка когорттық зерттеулер жауап береді. Когорттық зерттеулерді ізdegенде MESH-те кенейту (explode) термині қолданылады.

Cohort Studies

Ауру болжамын табу үшін кенейтілген ізденіс Prognosis және Cohort Studies арқылы OR (немесе) логика операторын косу арқылы жүзеге асырылады. Болжам түріне байланысты Mortality - өлім сиякты терміндер (MESH термині) де қажетті болуы мүмкін.

Этиология/қатер сұраптары бойынша сапалы зерттеулерді іздеу

Этиология/кайіп (Etiology/Harm) жайындағы зерттеулерді тікелей MESH Risk (кайіп) рубрикасы арқылы табуға болады. Қауып-кательді ізdegенде когорттік зерттеу немесе жағдай бақылау зерттеуі ЖБЗ/ИСК қолданылады. РБЗ-лер қауыпты зерттеу үшін қолданылмайды. «Жағдай – бақылау» зерттеуі және катар жағдайларды зерттеу қанағаттанарлық жауап бермейді, соған карамастан, жоқ жағдайда ең болмаса кандай да бір жауап табу үшін қолданылады.

2.3. АҚПАРATTЫҚ РЕСУРСТАР ТҮРЛЕРИ

Ақпарат түрлерін әр түрлі критерий бойынша жіктеуге болады (өзегі бойынша, қажет ететін аудиторияға байланысты, ақпарат сактаушысына байланысты). Мысалы, ақпараттың дәлелділігі бойынша, ең сапалысы баспалы медициналық әдебиет, сонымен катар, интернет сайttар журнaldарында катар жарық көрген ақпарат. Соңғы кездерде интернет – версияларда ақпарат толық беріледі, Соған қарамастан, ғылыми медициналық журналдар ең сапалы дәлді ақпарат беру көзі болып саналады.

2.3.1. «Сұр» әдебиет

«Сұр» әдебиет термині көптеген ақпараттық материалдарға келеді, олар үкіметтік немесе жеке ұжымдармен, баспа ісімен айналыспайтын болса да басылады, сонымен катар ол жалпы халықка жетпеуі де мүмкін. Олар жалпы халық қарауына келтірілген баңдамалар, брошюрлер, сілтеулер, диссертациялар, дәрі жайындағы информация, нұсқаулар, бюджеттік ұсыныстар болуы мүмкін.

«Сұр» әдебиетке жалпы әдебиеттер жүйелері арқылы ену қынырақ. Бұндай ақпарат, коммерциялы деректер базасында да, Medline-де де кездеспейді. Осындай ақпарат сирек басылып рецензияланса да, онда кейбір жағдайда бағалы мағлұматты болуы мүмкін. «Сұр» әдебиет Web-жүйеде болатын бағалы ақпараттың мысалы.

2.3.2. Рецензияланған ақпарат

Рецензиялау процесі сапаны бағалау процедурасына жатады. Сонымен бірге жазбаны басып шығару үшін бағаланады, грантқа ұсынысты қаржылау үшін, клиникалық эффективтілікте шолу үшін істелінеді. Рецензиялаудың максаты еңбекте кате бар ма, әлде жок па, шыншылдығын, дәлділігін, зерттеу ұйымдастыруышылығын, ғылыми дәрежесін анықтауда экспертердің обьективті ойын анықтау үшін істеледі. Рецензиялау әр баспада әртурлі қатаңдықпен жүргізіледі. Негізгі рецензияланған ақпараттар ғылыми медициналық журналдарда кездеседі. Ондай журналдарды тіні әдей рецензияланатын (peer reviewed) деп атап көрсетеді. Рецензияланған макалаларға қарма қайши «сұр» макалалар - жарнама берушілер каражатына бастырылған, акысыз таратылатын немесе өте арзан бағамен таратылатын журналдар болады. Бұндай журналдарда ақпарат жарнама берушілер пайдасына карай өзгерітіліп беріледі. Дәрігерлерге осындай ақпаратты оку қажет емес, себебі кейбір жағдайда өтірікті шындықтан айыру қынға түседі.

2.3.3. Электрондық ақпараттың баспадан айырмашылығы

Электрондық басылым қағазға түсірілетін традициалық басылымға қарағанда пайдалырак. Сонымен катар, электрондық басылым жаңадан пайда болғандықтан, оның жетіспеушілігі де жетеді.

Электрондық басылымның негізгі жетіспеушілігі рецензияланбағандығы. Электрондық баспа тіпті жеке адамдар арқылы да жарық көреді, осыған байланысты кателі ақпараттың жайылуына себеп болады.

2.4. МАҚАЛА КОМПОНЕНТИ

Макаланың қалыпты компоненті:

- Атаву
- Авторлар тізімі
- Реферат
- Кіріспе
- Негізгі зерттеу
- Әдіснамасы
- Деректердің статистикалық анализі
- Зерттеу нәтижесі
- Талқылау
- Әдебиеттер.

Атаву

Ретімен жақсы жазылған атав макаланың негізгі мазмұнының көрсетеді. Егер макала атаву сізді қызықтырса, әрі карай **авторлар тізімін** караңыз. Кейбір жағдайда Сіз таныс атты көресіз, соның өзі әрі карай макаланы оку қажет пе, жок па, соны аныктайды. Белгісіз автор болса, әрі карай рефератты оқисыз.

Рефератты автордың өзі даярлайды. Оның акпараты көп, структурленген, тараулары көрсетілген, сонымен катар макала мағынасын көрсетуі қажет.

Рефератта колданылған зерттеу түрі және оның қыскаша нәтижесі жазылуы керек. Рефераты жок макала болса, макала соңында жазылатын көртындыны карау қажет. Көртынды рефератка сай келуі керек. Сізге бұл макала қажет пе, пайдалы ма соны білініз? Егер Сіз емханалық дәрігер болсаныз, ал макала арнайы ауруханада емделген ауруларға арналса, ол сізге келмейтінін бірден түсінесіз.

Кіріспе

Кіріспе оқырманды зерттелуші проблемамен және ол проблеманы зерттеу қажеттілігі бар екенін ашады. Бұнда мәселенің тарихын және зерттеу мақсатын талқылайды. Зерттеу мақсаты: «Нени зерттеу қажет, кімдерде, және кандай тәсілмен?», деген сұралқка жауап беруі қажет. Әрі карай оқитын болсаныз «**Зерттеу тәсіліне**» көшесіз. Макаланың зерттеу тәсілі тарауы - зерттеуді ұйымдастырып жүргізу аспектісін көң көлемде камтиды. Олардың бәрін оку міндегі емес. Макала мазмұнымен, сіздің қойған мақсатыңызға байланысты макаланы сыйнай отырып, негізгі сұрағыныңға жауап іздейсіз.

Зерттеуді тұжырымдау

Бұл негізгі тарау және оны оқу ауыр болып келеді. Осы тарауда зерттеудің мықты жағын және кемшілігін көруге болады, колдануға тұратын нәтижесін анықтауға болады.

Зерттеу әдіснамасы

Медицинаның зерттеу тәсілдері, методикасы эпидемиология ғылымының зерттеу объектісі болады. Бұрын эпидемиологияны инфекциялық аурулардың таралуы жайындағы ғылым деп санап келді.

Мақаланың «зерттеу тәсілі» тарауындағы акпарат негізгі жоспар мен зерттеу протоколына сәйкес болуы қажет. Зерттеу жүргізу барысындағы барлық акпарат «Қортындыға» жатуы қажет.

Бұл тарауда бакылау немесе эксперимент тобы мүшелерінің калай жіктеліп (аурулар немесе жануарлар, сонымен катар бакылау тобы) алынғандығы толық жазылуы керек. Сонымен катар, зерттелуші топка жатқызу және алып тастау критеріі және зерттелуші популяцияны сипаттауы толық жазылады. Зерттеуді сипаттағанда, айтальық, аурудың жасы, жынысы көрсетпе ретінде көрсетілетін болса, ол қандай максатта көрсетілгені талқыланып дәлелденуі қажет. Мысалы, авторлар неге зерттеуге белгілі бір жастағы науқастарды алғаны, неге әйелдерді алып тасталғаны түсіндірілуі қажет.

Статистика

Статистика толық жазылуы қажет. Бұл тарауда сандық көрсеткіштермен катар катені өлшеу немесе белгісіздік (айтальық, сенімділік интервалы) көрсеткіші де көрсетілуі қажет. Сонымен катар, қандай программамен саналғаны да көрсетілуі қажет.

Нәтижелер

Нәтижені дұрысы жазба түрде, тұжырымына байланысты кесте немесе сурет түрінде, негізгісінен немесе бағалы деп саналатын акпараттан бастап көрсету қажет. Қосымша акпараттар мен техникалық анықтамаларды қосымшаға енгізуге болады. «Нәтижелер» тарауында сандар, айтальық, пайыздар түріндеғанда емес, абсолюттік сан ретінде де көрсетілуі қажет. Сонымен катар, қандай статистикалық тәсілмен есептелгені де көрсетілуі қажет.

Талқылау

Тұжырым зерттеу мақсатына сай және зерттеу нәтижесімен бекітілуі қажет.

Колданылған әдебиеттер тізімі

Негізінен, негізгі зерттеуді сипаттайтын әдебиетке бағышталуы қажет.

Жазбаны критикалық бағалау

Ғылыми жазбаның 99% дәрігердің практикалық жұмысына кажет емес жазбалар, былай айтқанда, қоқысқа тастантындар деп айтуға болады. 1979 жылы Британ медицина журналының редакторы доктор Стефан Лок (Stephen Lock): «Медицина журналының редакторының бір де бір дөрекі қасиетінің бірі, ол жақсы идеямен істелінген, соған қарамастан методологиясы нашар енбектерді қайтару» - деген екен. Қазіргі кезде жағдай одан шамалы гана жаксарды деп айтуға болады.

Жазбаны басып шығарудан бас тартудың себептері:

- Зерттеу тақырыбы ғылыми қызығушылық түдірмайды
- Зерттеу оригиналді емес, осыған ұқсас зерттеулер бұған шейін жарық көрген
- Автордың гипотезасы мақалада тексерілмейді
- Зерттеу дұрыс ұйымдастырылмаған
- Авторларға бастапқы протоколдан, киындықтарға байланысты (мысалы, зерттеуге қатысушыларды іздеңгенде) бас тартуға тұра келген
- Зерттеуге қатысушылар санының аздығы
- Зерттеуде косымша топтың болмауы
- Статистикалық талдау дұрыс істелінбеген
- Авторлардың көртіндисі зерттеу көртіндисінә сәйкес емес
- Жазба авторлары немесе спонсорлары жазбадан түсетін материалды табыска көп көңіл аударған
- Жазба өте нашар жазылған, оны ешкім түсінбеуі мүмкін.

Дәлелдемелі медицинаның негізгі принципінің бірі акпаратка критикалық анализ жүргізу. Әр акпараттың сапасы оның катаң зерттеу методикасымен сипатталады. Мысалы, эксперименталды жануарларға істелінген зерттеуді адамдарға колдануға болмайды, немесе кіші топта жақсы нәтиже берген зерттеуді, жасында айырмашылығы бар, аурудың басқа ауыртпалығымен көрінетін өзге науқасқа колдануға болмайды.


Бағалау құралдары


Жазбаны бағалай білу үшін бағалау құралдары қолданылады. Критикалық бағалау тәсілін өсіру бағдарламасы CASP (Critical Appraisal Skills Programme) жүйелі шолуды, рандомизді бакылаулы зерттеуді, бағалы зерттеулерді, когортты зерттеуді, «жағдай-бакылау» зерттеуін, диагностикалық тесттерді зерттеуді және экономикалық бағалауды зерттеу үшін мынандай бағалау құралдарының ұсынады (<http://www.phru.nhs.uk/~casp/appraisal.htm>).

Дәлелдеме практикасындағы тұтынушы колжазбасы (Users' Guides to Evidence - Based Practice) терапиядан және профилактика, диагностика, катег және болжамы бар мақалаларды бағалау құралын (<http://www.cche.net/usersguides/main.asp>) ұсынады.

Дәлелді медицинаның Канадалық орталық терапия, диагностика, каяіп, болжам және систематикалы шолуларды критикалы бағалау сұраптарын ұсынады (<http://www.cebm.utoronto.ca/trach/materials/caworksheets.htm>).

Сурет 2.1. Макаланы жалпы бағалау алгоритмі



A black and white portrait of Thomas Huxley, a man with dark hair and a beard, looking slightly to the left.

Ғылымдағы мәңгілік өшпес
трагедия: әсем гипотезаны жаман
фактілер өлтіреді.

Томас Гексли

3- ТАРАУ

КЛИНИКАЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

3.1. КЛИНИКАЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯ ЖАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰФЫМ

ХХ ғасырда Кенес Одағында эпидемиология негізінен эпидемиялық үдерісті зерттеуге арналды. Себебі революция, коллективизация, индустриализация, екінші дүниежүзілік соғыс, одан кейін Одақтың ыдырауы экономикалық токырауға алып келді, оның өзі инфекциялық аурулардың таралуына себепші болды. Сонымен катар, Советтер Одағының ғылымы шет елдерден оқшаша болды.

Осы тарихи кезенде Батыс елдері мен АҚШ-та инфекциялы емес аурулардың жайылу себебін анықтایтын (кан-тамыр жүйесі және онкологиялы аурулар, экологияның нашарлауынан тұган аурулар т.б.) эпидемиялық аналитикалық зерттеулер қолға алынды. Оның нәтижесі клиникалық медицинада кен қолданыла бастады. Эпидемиология инфекциялы аурулардың себебін анықтایтын ғылымнан аурудың таралу факторларын, оның таралуға себебін анықтайдын ғылымға айналды. Клиникалық зерттеудің методологиясы да теренеді. Ол ауру себебі жайында, медициналық шаралардың тиімділігі жайында терен аппарат алуға себепші болды.

ДМ методологиясы эпидемиология негізінен тұрады. Қазіргі кезде жалпы эпидемиологиядан клиникалық эпидемиология (КЭ) жекешеленіп отыр. КЭ – ғылымы *әр науқастың ауруының ағымына байланысты, аурулар тобын зерттеу нәтижесі арқылы, сол ауруга болжас жасауга себепші болатын ғылым*. КЭ –ны «медицинаның методология ғылымы» - деп те айтады.

Клиникалық эпидемиология – негізінен белгілі бір ауруы бар топтағы науқастарды ауруының ағымына карау катан ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы – накты, әрбір пациенттердің болашағын анықтауға мүмкіндік беретін ғылым.

Клиникалық эпидемиологияның мақсаты – дұрыс көртынды жасауға бағытталған клиникалық бақылаулардың нұсқаулары мен колдану тәсілдерін іске асырудың мүмкіндігін калыптастыру және жүйелі кездейсек кателердің әсерін болдырмау. Ол дәрігерге дұрыс шешім қабылдау үшін әртүрлі аппараттар алуға мүмкіндік туады.

Өзінін атына сай бұл ғылым негізінен «клиникалық», себебі негізінен клиникалық сұраптармен клиникалық шешімдерге жауап береді және өте сенімді фактыларға сүйенеді. Оған қоса ол «эпидемиология» деп аталады. Себебі накты науқастарға көмек, осындаи көптеген адамдардың ауруының ағымына талдау жасау арқылы негізделеді.

Дәрігердің негізгі жұмысы, белгілі накты науқасқа көмек болғандықтан, олар осындаи ауруы бар басқа ауруларды топтастыруға ниетті болжайды және осындаи аурулары бар науқастарға, әсіресе ол басқа медицина ұжымына қарасты болса, оған мән бермейді.

Ал аурудың клиникалық болжамын тек аурудың биологиялық механизмдеріне сүйене отырып қана емес, оны гипотеза есебінде қаралуы

кажет болады. Сондыктан, кез-келген дәрігер қазіргі медицинаның жетістігіне сүйенген клиникалық эпидемиологияның маңызды, негізгі ғылымы деп есептегені жөн болады.

Клиникалық эпидемиологияның негізгі ерекшеліктері

Аурудың дамуының негізі әр дәрігердің тәжірибесі мен біліміне байланысты болғанымен, төмендегілерді еsten шығармаудың маңызы зор:

- көптеген жағдайларда нақты науқастардың ауруының диагнозы, болашағы және емінің көртындысы бірден белгілі деуге болмайды. Сондыктан олар мүмкіндіктер арқылы айтылуы тиісті.
 - нақты пациентке ықтималдау мүмкіндігі осының алдындағы осы аурумен ауратын науқастардың тәжірибесіне сүйене отырып негізделеді.
 - клиникалық бағалау әртүрлі тәжірибелі дәрігерлермен және аурулардың ерекшеліктерімен жүргізіледі. Сондыктан, оның көртындылары да жүйелі кателерге душар болады.
 - кез-келген клиникалық бақылау кездейсок әсерге ұшырайды.
 - дәрігерлер кате тұжырымдардан құтылу үшін, зерттеулерді қatal ғылыми принциптерге сүйене отырып жүргізуі тиісті, жүйелі кателерді болдырмайтын тәсілдерді пайдалануы кажет.
- Сонымен, клиникалық эпидемиологияның негізгі максаты – клиникалық бақылаудың және алынған мағлұматты талдаудың тәсілдерін енгізе отырып, дұрыс шешім қабылдауды қамтамасыз ету.

Эпидемиологиялық шара – адамдар популяциясында аурудың немесе кейір жағдайлардың туу себебін, жайылуын зерттеу үшін қолданылатын шара.

Биостатистика – статистикалық шаралардың биология мен медицинада колданылуы. Бұл эпидемиологиялық зерттеудің маңызды құралы болады. *Биостатистика* негізін білу ДМ практикасында өте кажет, себебі ол сандық деректерді менгереді.

Клиникалық зерттеу көртындысын бағалағанда негізінен оның дизайнның бағалау кажет, ол зерттеуге адекватты болуы қажет. КЭ ДМ практикасында клиникалық зерттеу жүргізгенде ауру көртындысына аса көңіл боледі. КЭ-да шараны бағалағанда, оның өлім, дискомфорт, мүгедектену, аурудың ем-шараға қанағаттанбауы сиякты көрсеткіштерге әсер етуін карастыруы кажет. Концентрацияның, тығыздықтың өзгеруі т.б. көрсеткіштер (суррогатты көртындылар) ДМ –да практика үшін маңызды емес деп саналады.

ДМ технологиясы бұрынғы клиникалық медицина принциптеріне қайши келмейді, кайта ол оны толықтырып, жана, эффективті қолдаулармен толықтандырады.

КЭ –ны менгеру киын процесс. Соған карамастан, оның негізін білмейтін маман ғылыми басылымның сапасын тани алмайды, қазіргі заманға сай акпаратты менгер алмайды, қабылданған шешімді бағалай алмайды (кате

/пайда байланысы), істелінген зерттеу дәлділігін аныктап және клиникалық ұсынысты бағалай алмайды. Ток етерінде, КЭ-ны білмейтін дәрігер ғылыми зерттеу нәтижесін белгілі бір ауруға қолдануда киынсынады.



3.1. сурет. ДМ –ның негізгі 3 компоненті (Haynes R.B. et al., 2002, бойынша).

Клиникалық шешім қабылдағанда дәрігердің жеке тәжірибесі манызды болып келеді. Қоپтеген дәрігерлерде ауыр түсініксіз болып келетін созылмалы аурулар жайындағы жеке тәжірибе жеткіліксіз.

КЭ – ның зерттеу *объектісі* аурудың медициналық аспектісі болып келеді. Мысалы, ауру симптомы мен ауру, қолданылған шара мен нәтиже бір бірімен қандай байланыста.

Сонымен, дәрігер клиникалық аппараттың сенімділігін білу үшін КЭ –ны анатомия, патология, биохимия, фармакология салаларын білуі қажет.

Клиникалық сұрақтар

КЭ-ның негізгі сұралтартары: қалыпты жағдайдан ауытқу, диагноз, жиелігі, қауіп, болжам, емдеу, профилактика, себебі, шығын. Бұл сұралтартар дәрігерде де ауруда да туады. Осы сұралтартар бойынша дәрігер мен ауру ақылдасады.

Темендегі Кестеде клиникалық эпидемиологияның негізгі сұралтартары көрсетіледі
(3.1.1. Кесте)

Талқыланатын тақырып	Сұралк
1	2
Қалыпты ауытқу	Пациенттің дені сау ма, ауру ма?
Диагноз	Аурудың диагнозын анықтауға бағытталған тәсілдердің дәлдігі қандай?
Жиелігі	Осы ауру қандай жиелікпен кездеседі?
Қауіптілігі	Ағымының қауіптілігі қандай факторларға байланысты?
Болашағы	Аурудың зардабы қандай?
Емі	Ауруды емдегенде ағымы қалай өзгереді?
Профилактикасы	Дені сау адамдардың алдын алғанда ауыртпауға бола ма? Ауруды ерте аныктап, емдегенде, оның ағымы жаксаруы мүмкін бе?
Себебі	Ауруға қандай факторлар әсер етеді? Оның патогендік механизмдері қандай?
Құны	Аурудың емі қанша тұрады?

Клиникалық нәтижелер немесе аурудың ақыры

3.1.2 Кесте
Клиникалық нәтижелер немесе аурудың ақыры

1	2
Өлім-жітім	Ақыры жаман, егер өлімі кенеттеп болса.
Ауру-сыркаулық	Ауырғандық белгілері бар, физикалық және лабораториялық деректер нормадан өзгерген.
Қолайсыздық	Ауырғандық, жүректің айнуы, демікпе, қышыма, құлақтың шуы сияқты белгілер бар.
Мүгедектік	Қоғамдық, үйдің жұмысына, керек десеніз өзін-өзі көмек көрсете алмаудың мүмкіндігі
Қанағаттанбау	Аурудың жасалып жаткан емге эмоциялық реакциясы –

1	2
шылық	ашу мен жабыркай.

Клиникалық эпидемиологияның да, науқастың да және медицина қызметкерлерінің де негізгі қызығатыны аурудың ақырынан

Науқасты емдегенде, оның емін өзгерту және талдау тек аурудың ақырынан өзгертуге бағытталады. Медицина саласының басқа ғылымдарынан медициналық эпидемиологияның айырмашылығы, барлық құбылыстар тікелей адамдарға, немесе адамдардың организімінің элементтеріне байланысты жүргізіледі. Осыны әрбір дәрігер ескеруі қажет.

Аурулар мен медицина қызметкерлеріне маңызды – өлім, аурушылық, дискомфорт, мүгедектік, емге қанағаттанбау сияқты нәтижелер КЭ – да қызығушылық тудырады. Осы жағдайларды дәрігерлер науқастарды емдегенде түсініп, күні бұрын біліп, интерпретациялап және өзгерктісі келеді.

Басқа медициналық ғылымнан КЭ – ның айырмашылығы осы жағдайлар жануарларда емес, пробиркаларда емес, тікелей адамдарда зерттеледі.

Сандық келісу

Дұрыс істеленген клиникалық зерттеулерде өлшемнің корректі түрі қолданылуы керек, дұрыс үйімдастырылмаған өлшем дұрыс шешім бермейді.

Жоғары дәлділікпен клиникалық нәтижеге болжам беру қыын. Қөп жағдайда осындай ауруларға бұрын істелінген зерттеулер нәтижесі бойынша нәтиженің **мүмкіндігін** анықтауға болады. Мысалы, жүректің ишемия ауруының симптомдары орта жастағы ерлер арасында 100 ден 1-де жыл ішінде болады; шылым шегу жасқа қарамастан екі есе өлім қаупін өсіреді.

Популяциялар мен іріктеу

Популяция – дегеніміз белгілі бір географиялық регионда тұратын (айталақ, Қазақстанда) топталған адамдар, олар бірнеше заманда туып есіп отыруы қажет. Бұл – популяцияның жалпы биологиялық анықтamasы, адамға қатысты бұл – халық деген сөз синонимі. Сонымен катар эпидемиологияда және клиникада популяция деп бірдей көрсетпелі адамдарды (мысалы, 65-тен асқан адамдар), немесе бір клиника ауруларын, немесе белгілі бір аурумен ауыратын науқастарды айтады.

Популяция халықтың бір бөлігі болуы мүмкін, мысалы белгілі бір клиникаға жатып шыққан, немесе белгілі бір аурумен ауыратын адамдар тобы, сонымен жалпы популяция, емханалық популяция немесе белгілі бір нақты ауруы бар науқастар популяциясы деп айтудағы болады.

Iriktay (Sample) – сұрыптау арқылы алынған популяцияның бір бөлігі. Клиникалық зерттеулер әдетте іріктеу мен басталып жүргізіледі де содан кейін популяцияның практикалық себептерінің мінездемесі беріледі.

Iriktay/выборка – бұл әдейі іріктелінген популяцияның бөлігі. Клиникалық зерттеулер іріктелінген топқа істелінеді, себебі барлық

популяцияны камту мүмкін емес және қажет те емес. Іріктелген топ репрезентативті болуы үшін және популяцияны сипаттау үшін басынан дұрыс күрылуы керек. Былай айтканда – кездейсок популяциядан іріктелген топ болуы қажет. Сонымен катар, іріктелген топ көлемді болғаны дұрыс, себебі одан алынған нәтиже немесе бағалау дәлірек болып шығады, мысалы, жағдай жиелігі.

Жүйелі кате

Жүйелі кате, немесе ауытқу (bias) – кортындының шынайы мағынасынан «жүйелі» (кездейсок емес, бір бағытта) түрде ауытқуы.

Айталық А дәрісі Б дәрісінен ғөрі жақсы әсер етеді десек, ол осы ұғым кате болса, сол қатенін жүйелі түрде ауытқуына қандай кортындылар әсер етуі мүмкін?

А дәрісі аурудың женіл түрлеріне тағайындалуы, немесе А дәрісінің дәмі Б дәрісінен ғөрі тәттілеу болуы, әйтпесе А дәрісі жанадан шыккан болса, аурулармен дәрігер оны жақсы әсерлі деп ойлаулары мүмкін. Міне жүйелі кателердің пайда болу мүмкіндігі анықталды.

Кесте.3.1.3.

Клиникалық бақылаудағы жүйелі кателер

- Іріктеуге байланысты жүйелі кате, салыстырып отырған топтағы науқастар бір-біріне негізгі белгісінен бөлек, баскада онын ақырына әсер ететін факторларымен де сәйкес келмейді.
- Өлшеуге байланысты жүйелі кате, салыстырмалы топтардағы науқастардың көрсеткіштері әртүрлі өлшемдер арқылы анықталғанда.
- Әсер ететін факторларға байланысты жүйелі кате, әсер ететін бір фактор, екінші фактордың әсерін өзгертіп жіберуі арқылы туынтайтын, кайдаң іздеуді білулері тиісті.

Кездейсок кате

Популяцияны іріктеу кезінде шынайы маңызымен бірлі-жарым кездейсок кортындының ауытқуынан туады – кездейсок варияция дейді, ол клиникалық бақылаудың кез-келген сатысында кездеседі.

Теориялық тұрғыдан алғанда жүйелі катені жөндеуге болады. Ол үшін клиникалық бақылауды дұрыстап жүргізе отырып, керекті уакытында коррекция жасау мүмкіндік жок, бірақ дұрыс жоспарлаумен зерттеулер арқылы, оның әсерін төмөндөтүге болады.

Сонымен, клиникалық эпидемиологияның негізгі максаты, барлық медициналық деректердің жиынтығын, жұмыс істеп жүрген дәрігерлерге ен соңғы жаңалықтарға сүйене отырып (дәлелді медицинаға), жеткізу арқылы көмектесу.

Ақпарат және шешім қабылдау

Кез-келген уақытта да шешім қабылдау ерекше сұрақ, дұрыс шешім қабылдау үшін ақпарат жеткілікті болуы қажет.

Сонғы кездерде медицина саласында шешім қабылдау дербес пән болды және ол өзіне сапалы зерттеулерді жүргізу арқылы дәрігерлерге тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік берді. Бұл жерде сандық тәсіл де шығының тиімділігін зерттеуде пайдаланылады және екі тәсілде шешім қабылдаудың әрбір компоненттерін бағалауға мүмкіндік туғызады.

Нормадан (шамадан) ауытқу

Дәрігерлер көп уақытын норма мен патологияның айырмашылығын анықтауға жұмысады. Бұл айырмашылықты ішкі аурулар пропедевтикасы окулығынан білеміз. Мысалы, калканша безінің орасан ұлкеюі, саусактардың ерекше ревматоидты артриттегі деформациясы, бауырдың шектен тыс ұлкеюі дәрігер үшін диагноз қойғанда аса киындық тудырмайды. Бірақ, көптеген жағдайда сол өзгерістердің айқын емес ауытқуларын анықтауға тұра келеді. Айтальық, кеуде сарайының қысқаша шаншуы – стенокардияның белгісі ме, немесе жұмсак систолалық шу-жүрек какпактарының ақауына тән бе, әлде функционалды шу ма деген ой туындейды.

Ауруханадан тыс жағдайда, ерекше іріктелмеген популяциядан, осы адамның патологиясы бар, немесе жок деп көрткінді шығару киын. Ал пациенттер белгілі бір патологиямен, белгілі ауруханаға жіберілсе, ол адамның ауруы бар екені құдік туғызбайды. Бірақ, дәрігерге адамдар құнбе-құнгі арыздарын айтып, аурудың минималді белгілерімен келеді, тіптен бұндай арыздар дені сау адамдарда болады. Оны ескермеуге болмайтынын тағы естен шығармау қажет. Бір пациентте іштің ауруы гастроэнтериттің белгісі болса, екіншісінде ол жедел аппендицитте болуы ықтимал. Бұл мысал, бір патологияны екіншісінен айырудың қандай киын екенін көрсетеді.

Сонымен, норма мен патологияның бір-бірінен айырғандағы негізгі мақсатымыз бір жағдайда дәрігерлік көмек керектігімен, екіншісінде тек ескертудің қажеттілігі болып саналуы. Егер патологиясы болмаған жағдайда, ауру тарихына «нормадағы жағдай», «ерекшелігі жок», «ерекше өзгерістері жок» деп жазылады.

Алынған клиникалық деректерді тек норма, немесе патологиясы бар деп бағалау көте болар еді. Мысалы канның қысымын 4 рет өлшегендеге, 4- ретте жоғары болса, оны патология деп жазбай, артериалық гипертония деген дұрыс болады да, ем тағайындау керектігін түсіндіреді.

Клиникалық деректердің түрлері

Клиникалық бакылаудың көрткіндисін үш түрге бөлуге болады: сандық, реттік және сапалық.

Сапалық дерек (nominal data) – бұл мөлшер, оны табиги реттілікпен орналастыруға болмайды мысалы, айтальық дискретті оқиғалар (өлім, гемодиализ, хирургиялық операциялар). Сапалы деректер екі категориямен

анықталады (катаинасты – катынасқан жок, бар – жок, тірі – өлді) және оларды дихотомикалық деп атайды.

Реттік деректер (ordinal data) - бұл мөлшерлерді табиғи реттілікпен орналастыруға болады, аздан көпке, жаксыдан жаманға қарай. Мысалы, аяқтың ісігі + ден + + + + дейінгі шкала аралығында, жүректің шуы 1 ден 6 баллға дейін (күн естілетін шумен, стетоскопсыз естілетін шу аралығы).

Сандық деректер (interval data) – бұл мөлшер табиғи реттілікті орналастырғанда әрбір маңыздылық белгілі – бір тең ара – қашықтықта орналасады және оның шкаладағы орнына мән берілмейді. Сандық деректер үзіліссіз шкаланың кез-келген саны үзіліссіз деректер деп қабылданады, мысалы, қанның биохимиялық анализдері, дененің массасы, қанның қысымы және сол сияқтылар.

Дискреттік деректер әр кезде де толық сандармен анықталады. Мысалы, жүкті әйелдер мен тірі туған балалардың саны, эпилепсиямен ауыратын наукастардағы ұстамалы құрысудың саны деген сияқты.

Реттік және сандық деректерді қарағанда кейде, қай жерде норма және кай жерде патология деген сұрап туындаиды. Мысалы, күкір асты безінің үлкеюінің қандай қөлемінде патологиясы басталады? Дәрігер оның кез – келген нүктесін алуды мүмкін.

Клиникалық бакылау арқылы алынған деректер, қандай түрімен алынсада, негізінен төмөндегі мінездемелерге сай келуі қажет: дұрыстығы (валидность), жаңадан кайталаңылатындығы (өлшенетін параметрінің өзгеруіне байланысты, оның да өзгеруі) талдауға мүмкіндігі.

Нормадан (шамадан) ауытқудың критерийлері.

Клиникалық практикада бір белгіні «норма» немесе «патология» деп айыру өте кынға түседі.

Кептеген жағдайда кейбір лабораториялық көрсеткіштерді, тіптен теориялық көзқараста да ауруға, немесе дені сау адамға тән деп бөлу қындық туғызады. Ауру жайлап дамығанда, кейбір көрсеткіштері төмөннен жайлап басталып, оның дисфункциясы өрбігенде ғана айқындалуы мүмкін. Эрине, әрбір лабораториялық көрсеткіштерде осылай дамиды да, белгілі бір ағзаның зақымданғанын көрсетеді. Мысалы, қандағы креатининнің көрсеткіші бүйрек шамасызығының даму сатысын анықтайды.

Екіншіден, наукас адамдар мен дені саулар екеуі екі популяцияға жатады, ал ол екеуі араласып кеткенде, жалпы топтан айыру қын болады. Оның себебі, әрбір ауруда бір көрсеткіштің өзі әр түрлі маңызды болып келеді және дені сау адамдардың көрсеткішін жауып кетеді, ол және әрбір топтағы аурудың популяциясы аз болғанда қындей түседі.

Кептеген жағдайларда іріктелмеген популяцияның ішінен ауруды анықтау оңай емес, оған коса лабораториялық тестілердің өзімен сау адамдардың көптігі көрінбей қалады.

Егер аурулар мен дені саулар популяциясы бірдей болса, онда картындысы бимодальды (екі шындық) болады.

Сонымен, норма мен патологияның айырмашылығын айқын шектеуге болмайды. Сондықтан патологиялық жағдайды үш критериймен анықтауга

болады: жағдайының қалыпты еместігімен, ауырғандықтың білінуімен және емдеумен жөндөлөтінімен. Бұл үш критерийлер бір – бірімен байланысты емес, сондыктан бір көрсеткіш оның патологиялық екенін көрсетсе, екіншісі саулыкты анықтауы мүмкін.

Патология – әдеттен тыс жағдай.

Норма дегеніміз - өмірде жиі кездесетін қалыпты жағдай, былайынша айтканда, барлық жиі кездесетіндер, ал, керісінше, сирек кездесетін құбылысты – патология деп карайды. Ереже бойынша, бакылау популяциясына ауруы жок адамдар жатады, бірақ ол міндетті емес. Мысалы, операциядан кейінгі ауырғандық табиги нәрсе, немесе экземадағы қышу сиякты.

Патология – аурулықтың белгісі, ол клиникалық белгілермен, мүгедектікпен және өліммен аяқталады.

Мысалы, арап ішу мен өлім – жітімнің саны, оның көлеміне қарай U – тәрізді байланылыстылымпен аяқталады.

АраЄ ішпейтіндерде, аракты орташа көлемде ішетіндермен салыстырғанда, өлім – жітім ішпейтіндерде көп кездеседі, ал өте көп ішетіндерде көптеп аяқталады екен. Сонымен, аракты ішпеу де, аракты көп ішетіндермен бірдей болуы дұрыс құбылыс емес.

Патологияның – мәнісі емдеуге болады дегенді көрсетеді. Кейбір жағдайларда аурудың болғанымен, осы аныктайтын белгілері жок болуы ықтимал.

Сондыктан, патология деп аурудың белгісі болып, оны емдегенде женилдік болған жағдайды ғана айту қажет.

Корыта айтканда, клиникалық деректер сапалы, ретті және санды болуы ықтимал. Клиникалық көрсеткіштерді бағалағанда, оны өлшеулердің әсерінен әртүрлі вариациялық кателер кетуі мүмкін. Өлшеу тәсілдері дәлдігімен қайталануымен және оны талдау мүмкіндігімен мінезделеді. Ол көрсеткіштер ауру мен дені сау адамдарда белгілі бір мөлшердің нормадан ауытқынан басталады. Осы шамадан ауытку - патологияны көрсетеді.

Диагноз

Дәрігерлер көптеген уақытын аурудың диагнозын қоюға бағыттайты, оның анамнезін жинауға, объективті өзгерістерін анықтауға және әртүрлі диагностикалық тестілерді пайдалануға жұмысады.

Тәжірибелі дәрігерлер бұл жұмысты өзінің тәжірибесімен және әртүрлі әдебиеттерден алынған аппараттарға сүйене отырып жасайды.

Диагностикалық тесті дегеніміз әртүрлі лабораториялық зерттеулер, аурудың диагнозын қоюдагы тексерулер комплексіне кіреді (объективті деректер). Мысалы, айтальық, бас сакинасының алдынғы белгісі деп кейбір неврологиялық симптомдарды (бастың ауруы, жүрек айну мен құсу) алсак, темекі шегетін адамдарда – жөтел мен қақырыққа жабысып түскен канды, өкперагі деп айтуда болады.

Тестілер қортындысының дәлдігі.

Аурудың диагнозын аныктау күрделі процесс. Алынған барлық деректерге сүйене отырып тек осы дұрыс диагноз дегеннің орнына, осы диагноз дұрыс болуы мүмкін деген ғана қортындыға келуге болады. Қазіргі клиницисттер аурудың диагнозын мүмкіндіктер арқылы ғана шешеді.

Сондықтан, дәрігерлер әртүрлі ситуациялық жағдайларда диагностикалық тестілердің бағалылығын математикалық түрғыдан талдау арқылы түсінүі кажет. Бұл көптеген жағдайда дәрігерге көмектеседі.

Тестінің қортындысы мен дұрыс диагноздың ара қатнасын төмендегі Кесте көрсетеді.

Тестінің қортындысы мен дұрыс диагноздың арақатынасы.

Кесте 3.1.4.

		ауру	
Тест	Он мәнді	бар	жок
	Теріс мәнді	шынайы он мәнді а Жалған теріс мәнді	жалған он мәнді в д Шынайы теріс мәнді

Тестінің қортындысы не он (патология) не теріс болуы мүмкін, ал ауру ия бар, ия жок деген сөз, немесе тестінің қортындысы 4 мәнді де болуы ықтимал (2 жалған және екі шынайы). Бұның дұрыс жауабы – ауруы болса, он мәнділік, ал жок болса – теріс мәнділік тестінің болуы. Керісінше, тесті он мәнді, ал ауруы жок болса, онда ол жалған он мәнділік болғаны.

Алтын стандарт.

Тестілердің диагноз қоюдағы дәлдігін, сол ауруды шынайы дәлелдейтін, кейбір көрсеткіштермен салыстыра отырып "алтын стандарттың" эталонымен қортындылау кажет. Шындығында "алтын стандартты" да нағыз дұрысы деуге болмайды. Кейбір жағдайларда, дәлдіктің үлгісі, тінтен жәй және қымбат емес тестілерде болуы ықтимал. Мысалы, ВИЧ инфекциясын жәй серологиялық зерттеу аныктайды, немесе бета–гемолитикалық стрептококктың А–тобын фоликулярлы баспада айқынрайтады және жұтқыншақтан жұғынды алу арқылы да дәлелдейді.

Бірақ, көптеген жағдайларда аурудың бар – жоктығын аныктау үшін ете күрделі және қымбат түрткін зерттеулер кажет болады, тіптен адам өміріне қауіпті тексерулер де (биопсия) жасау керектігі туындарды.

Кейбір аурулардың бірінші симптомы басталғаннан, оның толық клиникалық көрінісі аныкталғанша бірнеше жылдар өтеді. Бұндай жағдайда "алтын стандарт" есебінде ұзақ бакылаудың қортындысы алынады. Бұндай

аурулар катарына, көбінese катерлі ісіктер, созымалы және дегенеративті аурулар жатады. Бұндай аурулардың диагнозы, салыстыратын косымша тексерулердің жоқтығынан, "алтын стандарт" есебінде тіке тестілердің корытындысы алынады. Бірақ бакылау уақытымен оның корытындысын дұрыс бағалай білген жөн болады.

Диагнозды дәл тауып қою үшін барлық жағдайда көптеген тәуекел мен шығындардың кездесетінін ескере отырып, әсіреле, аурудың алғашқы сатысында, аурулар мен дәрігерлер көптеген жағдайда "алтын стандартта" жүгінеді. Айталық, пневмонияның этиологиялық факторын анықтау үшін, әуелі кеуде сарайының рентгенографиясы мен қақырықтың анализін жасайды. Сол сиякты, миокардтың инфаркттысын анықтау үшін алғашқыда - ЭКГ мен кандагы ферменттерді аныктайды. Ал жүректің катетеризациясына асықпайды. Аурудың диагнозын қоюда кателеспеймін десеніз, онда қарапайым тестілерден гөрі, одан күрделі, бірақ дәл келетін тестілерді пайдаланған дұрыс болады. Бұндай тәуекел диагнозды дәл және уақытында қоюдың кепілі. Эрине, ол үшін бұндай тестілердің баскаларға қарағанда, "алтын стандартпен" салыстыру керектігін ескергеніміз жөн.

Теріс мәнді диагностикалық тестілердің корытындысы туралы акпараттың жоқтығы

Барлық клиникалық зерттеулер мен диагностикалық тестілердің бағалылығы

Оларды аурудың диагнозын дұрыс қою мақсатымен аныктайды. Бірақ ол өте киындықтармен жүреді. Оның себебі теориялық тұрғыдан, аурудың диагнозын қоюдағы объективті және тиімді белгілері анық болғанымен, оның этикалық, практикалық себептері мүмкіндік бермейді.

Төмендегі ситуацияны қарастырайық. Айталық диагностикалық тестілер клиникалық жолменен толық алынған. Бірақ дәрігерлер аурудың мүддесі үшін, жан-жақты тексерулерді жүргізгеннен гөрі, алғашқы оң мәнді тестілердің корытындысымен аурудың диагнозын қояды. Дәрігерлер көптеген жағдайда, терен тексерулерден гөрі алғашқы диагностикалық тестілерді пайдаланады. Оның себептері, кобінесе үлкен шығындармен кейбір диагностикалық тестілердің қауіптілігінде болып есептеледі. Сондықтан, медициналық әдебиеттерде теріс мәнді тестілер туралы акпараттардың аздап кездесетіндігі.

Мысалы, қызық асты безінің катерлі ісігінің катерлігін, простат-специфиялық антигеннің денгейімен койылады, ал биопсияны осы антиген шамадан тыс көтерілгенде ғана тағайындаиды. Корытындысында, осы скрининг тәсілімен анықталатын антиген денгейінің теріс мәнді болатыны белгіз болып қалады.

Ауруы жок адамдарды тестілеу корытындысы туралы акпараттың жоқтығы

Көптеген жағдайларда дәрігерлер күрделі тестілерді тағайындауды тіpten ауруы жок адамдарда көрсеткіштері болмаса, оны жүргізбейді. Кейбір жағдайда тестілер кate де көрсетуі ықтимал.

Мысалы, белі мен арқасы ауыратан науқастарға магнитті-резонансты томография жасағанда, көптеген жағдайларда омыртқа аралық жарықтар анықталады. Бұл олардағы ауырғандықтың себебі есебінде каралып, ем жасалады. Бірақ, 98 деңгээ сау өз еркімен магнитті-резонансты томография жасаткан адамдардың 2/3-інде омыртқа аралық жарық анықталған. Сондыктан, авторлар, омыртқа аралық жарықпен, арқаның ауыратындығының қабаттасуы болуы мүмкін деген тұжырымға келген.

Аурулардың диагностикасында объективті критерийлердің болмауы.

Кейбір ауруларда, диагностикалық объективті критерийлер катаң түрде кездеспейде мүмкін. Оған айқын мысал есебінде стенокардияны жатқызуға болады. Оның клиникалық көрнісі 150 жылдан бұрын жазылған болатын. Бірақ оның осы уақытқа дейін негізгі клиникалық көрнісі тек сұрастырумен ғана анықталады. Бұл клиникалық синдромның туындау себебі тәж артериясының тарылуымен түсіндіреміз. Оны дәлелдеу үшін ангиография немесе ЭКГ әртүрлі тіркемеде, күш түсіре отырып тіркең дәлелдеуге болады. Бірақ бұл тәсілдердің бәрі дөп басып стенокардияның барлығын ашып айта алмайды. Кейде «шынайы шындыққа» ұшталу тұйыкка тірейді.

Лабораториялық тестілердің дұрыстығын аурудың клиникалық ағымы мен объективті өзгерістермен салыстыра отырып карайды. Лабораториялық тестілер, аурудың клиникалық диагнозы объективті өзгерістермен анықталғаннан кейін, оны дәлелдеуге көмектеседі.

Жетілмеген стандартты колданудың зардабы.

Кейбір жағдайларда дәрігерлер диагностикалық тестілерді практикада пайдалану үшін көптеген кындықтарға кездеседі. Сондыктан, диагностикалық стандарт үшін, әлі жетілмеген, бірақ барлық колданыстағы тестілерден, диагностикалық дұрысы деп пайдалануға мәжбүр тестіні алады.

Кортындысында, екі күмәнді тестіні салыстыруға тұра келеді, біреуін бұрын колданылып келгені, екіншісі - экспертердің ойы бойынша жанасы. Сөйтіп, тіптен кездейсек жағдайға дейін жетеді, жаңа тесті бұрын колданыста болған тестіден нашар болып көрінуі мүмкін, тіптен оның кортындылары шындыққа жақын болады.

Клиникалық тестілер өзінің әр ауруға деген ерекшелігімен және сезімділігімен айқындалуы туисті.

Сезімділігі дегеніміз - бұл тест ауруы бар адамдарда әр кезде де он мәнді, ауруы жоқ болса ол тесті әр кезде де теріс мәнді кортынды беруі туисті. Айталақ, баспаның диагнозын коярда, 149 адамнан тамактан жұғынды алған. Сол жұғындыны еккенде – 37 адамда он мәнді болып шықкан, бірақ клиникалық көрсеткіштерімен баспа диагнозы 27 адамда анықталған. Сонымен, клиникалық тестінің сезімділігі 73% тең. Екінші жағынан 112 пациенттің тамағынан алған ертіндіде 112 адамда теріс мәнді болған.

Дәрігер диагностикалық тестілерді пайдаланғанда оның ерекшелігімен, сезімділігін ескеруі кажет. Сезімді тестіні пайдаланғанда, дәрігер әр кезде ескеретіні қауыпты, бірақ емдеуге келетін ауруды жіберіп алмайтын тестіні

колдануы керек (мысалы туберкулез) оған қоса сезімді тестілерді, кейбір аурулардың сатысында пайдалануды ұсынады. Мысалы, өкпенің инфильтраты жүдеумен қатар жүрсе, ВИЧ-ке қарсы антиденелерді аныктайтын диагностикалық тестіні пайдалану қажет болады. Ол СПИД-пен қатар жүретін оппортунистік кейбір инфекциялардың ерте диагностикасына көмектеседі. Қорыта айтқанда, дәрігерлер үшін өте маңыздылығы, осы сезімді тестілердің теріс мәнділігі болып саналады. Ерекше тестілер көптеген жағдайда басқа жолдармен алынған көртіндыларға сүйене отырып анықталған аурудың диагнозын косымша дәлелдеу үшін қажет. Өте жоғары сезімді тестілер, ауруы жок адамдарда оң мәнді болуы мүмкін емес. Өте жоғары ерекше тестілер, егер жалған теріс мәнді көртінды, ауруға физикалық, эмоциональді материалды шығын әкелетін болса өте қажет болады. Айталық, көтерлі ісікте химия-терапия тағайындау қажет, ол наукасқа көптеген көтермен, шығынмен түседі. Соңдықтан, ол диагноздың морфологиялық дәлдігі керек, себебі басқа ерекше тестілердің көртіндысы жеткіліксіз деп есептеледі. Сонымен, ерекше лабораториялық тестілер аурудың диагнозында, ол оң мәнді көртінды берсе, тиімді болады.

Оқиғаның жиілігі.

Жоғарыда практикалық жұмыс істеп жүрген дәрігерлердің күнделікті өмірінде кездесетін негізгі сұраптарға токталдық. Енді осы бөлімінде дәрігерлерге нұсьқау ретінде колданылатын оқиғалардың сандық көрсеткішіне токталамыз. Олар диагностика мен емнің шешімін табуға көмектеседі.

Мысалы, 72 жастагы өр адам ақырында зәр шығуының жиілеп келе жатқанына және несептің кейде үзіліп қалатынына шағымданады. Күйк асты безін саусақпен тік ішек арқылы қарағанда, оның екі жағының бірдей үлкейгені анықталады. Диурезі азайған, канның сарысуындағы ерекше простат-антigenінің кұрамы өзгеріссіз. Күйқасты безінің аденонасы (залалсыз ісігі) диагнозы койылады. Енді оны емдеудің проблемасын айқындау қажет. Егер оны консервативті емдесе, аурудың асқынуы туындауы ықтимал, ал хирургиялық жолмен емдегендे - өлім-жітіммен, еркектік функциясы бұзылуы ықтимал. Дәрігер мен наукас адам осы екі емнің қайсысының тиімділігін саралауы қажет болады.

Әдетте, бұndай кездерде дәрігер жұмыс барысындағы тәжірибеге сүйене отырып ішептім қабылдайды. Соңғы жылдары медицинада осындағы жағдайларда сандық тәсілдер тәжірибесі арқылы клиникалық шешімдер қабылданатын болды. Бұndай медициналық тактика бұрын қабылданған шешімдерді талдап отырып, оның экономикалық тиімділігімен, осыған дейінгі істелген клиникалық оқиғалардың сандық деректеріне сүйенуге негізделеді. Осындағы тәсілді пайдаланғанда, клиникалық оқиғалардың санымен, ауру үшін салдары ескеріледі.

Ал күйқасты безінің аденонасына келетін болсак оның екі түрлі емнің сандық көртіндылары ескеріле отырып, қайсысының осы уақытта дейінгі тиімділігі ескеріледі. Шешім екі емнің де мүмкіндіктеріне сүйене отырып

жасалады, Емнін негізіне екі емнін де жазылуы, не өлүінің сандық көрсеткішіне негізделеді.

Дәрігерлер көбінесе емнін мүмкіндітерін санмен емес, кейбір сөздермен «қалыпты жағдайда», «кейде», «сиректеу» деген сөздерді пайдалану арқылы жеткізгені жөн болады.

Әрбір дәрігердің тәжірибесіне карай клиникалық оқиғалардың кабылдануы болады. Егерде практикада осыған ұксас клиникалық оқиға жақында болса, онда оның кабылдануы жоғарылайды. Керісінше, оқиғаның кайталануы сирек болса, онда оның кабылдану мүмкіндігі болмауы ықтимал.

Жаңа жағдайлардың таралуы мен жиілігі деген ұғым бар. Белгілі бір уақытта барлық тексерілгендердің ішінен, зерттеліп жаткан жағдайдың анықталу қатынасын олардың таралуы дейді. Айталық, бір жыл ішінде, белгілі бір аурудың барлық тексерілгендердің ішінен анықталуы. Ол белгілі бір санмен айқындалады.

Жаңа жағдайлардың жиілігі дегеніміз – белгілі бір уақытта барлық тексерілгендердің ішінде бұрын болмаған жағдайлардың ара катнасы. Жаңа жағдайлардың (аурудың) тексерілген популяциялардың ішінен анықталуы – ауру сырқаулық деп аталады. Бір мезгілде деңі саулармен аурулары бар популяцияны тексеру – *бір мезгілдік таралуық тексерулер* деп аталады.

Айталық, 75 жастан асқан карттардың арасында деменцияның таралуы кандай десек, Кембридж университетінің 1968 карттарды конготивті статусты қыскаша сұрастыру арқылы жүргізген дерегін айтамыз. Осы анкета арқылы 25 баллдан төмен алғандарды психиатр тексерген. Осы тексерістен өткен барлық популяцияның 10 пайызға дейінгісінде деменцияның барлығы анықталған. Ал оларда әрбір бес жыл сайын қайта тексергенде, олардың саны 2 есеге артып отырған.

Жаңа жағдайдың таралуы мен жиілігінің айырмайтыны бар. Жаңа жағдайдың жиілігін анықтау үшін, әуелі ауруы жок адамдардан топ құрастырады да оларды белгілі бір уақыт ішінде тексеріп тұрады да, жаңа жағдайды анықтайды.

Бұндай топ кейде деңі сау адамдардан да тұрады, оларды *кагордты топ* дейді.

Мысалы. Деменциямен ауру-сырқаулықты анықтау үшін Кембридж университеті, кагорта бөліп шығарған, ол үшін бұрын деменция деген диагноз койылған адамдарды шығарып тастаған. Кагортага 1778 адам кірген, олардың 305 қайтыс болған, 190 – адам әрі карай тексеруге карсы болған, 88-нен байланыс үзілген. Сөйтіп 1198 адам қалған, олар әрбір 2,5 жылда қайталап тексеріліп тұрган. Жалпы жылдық деменциямен ауру-сырқаулық 4,3 пайыз құраған, ал 85 жастан асқандар арасында бұл көрсеткіш 8 пайызға жеткен.

Іріктеу.

Керекті жағдайда зерттеу үшін, кейде барлық халыкты тексеру мүмкін болмайды. Сондыктан, халықтың тек тексеруге мүмкін бөлігін алуға тұра

келеді. Бұндай жағдайды: «Осы іріктелген топ, барлық халық үшін толық сәйкес келе мे?» - деген сұрап туындауды.

Іректеудің екі түрі бар болады. Біреуі, *кездейсоқ іріктеу* және *мүмкіндікті іріктеу*. *Кездейсоқ іріктеуде* – кез-келген индивидумның осы топқа ілігүе бірдей мүмкіндігі болады, ал *мүмкіндікті іріктеуде* барлығының тексеру тобына мүмкіндігі шектеледі.

Қауып-катель (risk factor)

Қауып-катель деп, қалыпты жағдайда колайсыз оқиғаның мүмкіндігін түсінеді. Ал медицинада, қауып-катерлі фактор деп, осының әсерінен белгілі бір аурудын туындауын айтады.

Қауып-катердің кандай ауруды тудыратыны әрбір адамды толкытады. Оған көн таратылын жатқан әр түрлі газеттер мен журналдардағы акпараттарды косыныз. Мысалы, әртүрлі химиялық улардың әсерінен сүт безінің рагының дамуы мен кан құюдың салдарынан СПИД-пен аурудың қауып-катерлігі, және олардың алдын-алудың жолдарын косыныз.

Организмнің ерекшелігі немесе сыртқы әсердің салдарынан аурудын туындауының жиілеуін қауып-катерлі фактор дейді.

Көптеген қауып-катерлі факторлар тұқым қуалайды. Мысалы, HZA-B27 гаплотипті таратушылар спондилоартрит ауруына жі ұшырайды, көптеген спецификалық гендердің ток ішектің рагін, остеопорозды, капиталды амиотрофикалық склероздын туындауының қауыпты факторы екені белгілі.

Кейбір факторлар, коршаған әлеуметтік ортаның бір бөлігі, кейбіреулері әр адамның өмір калпына байланысты (темекі шегу, аракты көп ішу, берекесіз жыныстық катынас т.с.)

Кательлі факторлардың әсері аурудың дамуының әрқашанда алдында жүреді, оның әсері бірмезгілдік болуы мүмкін, мысалы, атом станциясының авариясыннан кейінгі халықтың радиациялық сәулемен закымдануы. Қоғамнан, кательлі фактордың әсері бірнеше уақытка созылады да, олар созылмалы ауруларды тудырады (темекі шегу, артериалды гипертензия, инсоляция, берекесіз жыныстық байланыстар).

Кательлі факторларды суреттеудің бірнеше түрі бар: әсер ету фактысының болуы, әсерлі доза, жоғарғы дозасы, жалпы жиналу дозасы, жылдам әсер етуі, бірінші контактыдан кейінгі әсер ету уақыты.

Егер кейбір факторлар тез және жоғарғы мүмкіндікпен ауру тудыратын болса, онда бұл фактордың осы аурудың дамуына әсер ететін кательлі фактор екендігі даусыз. Айталық, қызымыкпен (ветряная оспа) ауыру үшін, осымен ауыратын науқаспен контактының болуы жеткілікті. Бұл кательлі фактордың қысқа уақыт ішіндегі әсері болып табылады. Бірақ та, ауру-сырқаулық пен өлім-жітім қоғамнан созылмалы аурулардың болуынан туындауды, ал оның кательлі фактордың әсері мен туындағанын дәлелдеу мүмкіншілігі шектелген. Сондықтан, дәрігер қанша көрген болсада, өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, кательлі факторды бағалай алмайды. Оның себебі көптеген созылмалы аурулар ұзак уақыт латентті (бұркемелі) түрде жүреді, кательлі факторлар мен аурудың дамуы арасында көп уақыт өтіп кетеді.

Айталық, калқанша безінің рагі үлкейгенде дамиды, ал оның себебі жас кезіндегі баспаға тағайындалған сәулелік терапия екені айқын. Сөйтін, қатерлі фактордың әсері көп жылдар өтіп кеткеннен кейін ұмыт болып калады.

Біздің қоғамда жоғарғы концентрациялы холестерині бар тамақ жеу мен темекі шегу онша қауыпты емес деген пікір калыптасқан. Тек осы факторы бар адамдардың арасындағы ауру-сырқаулықты, осы факторлары жок адамдармен салыстырғандаған (мормондар темекі шекпейді және вегетариандар) осы факторлардың маңыздылығы түсінікті болды.

Егер қатерлі фактор арудың себебі болмаса, оны маркер деп атайды, себебі ол «танбаланған», оның болашакта ауратындығына үлкен мүмкіндігі бар. Бірақ осы қатерлі факторды шектеу арқылы, болашакта ол адамды ауырмайды деу дұрыс емес. Айталық, адамның папилявирусты жатыр мойнының рагының дамуының қатерлі факторы деп есептеледі. Ал жыныс арқылы берілетін инфекциялардың (герпес, хламидиоз) рактың осы түрінің дамуына әсері белгісіз болады. Дегенмен, канда осы вирустарды антиденелердің концентрациясы жоғарылайды. Сондыктан, осы айтылған вирустар жатырдың мойын рагінде, оның маркері болып саналады.

Бұл инфекцияларды емдеғендеге рактың осы түрінің алдын алуға болмайтындығымен, жыныс қатынасының дұрыс жолға қойғанда, ракты азайтуға болатыны белгілі.

Қауыпты факторды білу арқылы, аурудың ерте белгілерін анықтауга мүмкіндік туады және скрининг бағдарламаын да маңызын арттырады.

Егер нәктылық фактор белгілі бір ауруды дамытатын болса, сол аурудың патогенезін білмей-ақ, қауып-қатерді жою арқылы, аурудың алдын алуға болады.

Мысалы, холера індетін болдырмау үшін, белгілі бір су көздерінен су ішпесе болатыны айқын дәлелденді.

Когорттар

Когорта (cohort) – дегеніміз жалпы барлығына тән белгімен, одан әрі не болатының білу үшін, бірнеше уақыт бакылауға алынатын адамдар тобы.

Төмендегі Кестеда, клиникалық тексеру үшін анықталған когорталық топ мысалға келтіріледі.

Когорталар мен оның міндеттері

Кесте 3.1.5.

Когорта құрылған белгілер	Пайдаланылған бағалар	МЫСАЛЫ
Жасы	жастары	70 жастағылар үшін /туған күніне қарамай/ сүрілетін өмірінің ұзақтығы.
Тұған күні	Күнтізбелік уақыты	1910 ж тұғандар үшін туберкулезben ауру-сырқаулық
Әсері	Қауып-қатерлі фактор	Темекі шегетіндердегі өкпе рагі

Ауру-сырқаулык	Болашағы	Сүт безі рагімен ауратындардың тірі қалуы
Профилактикалық ем	Профилактикалар	Пневмококктік вакцина пайдаланғаннан кейін пневмониямен ауру-сырқаудың азауы
Емдік катысы	Емдеу	Химиялық кисындастыру емінен кейін лимфогрануламатозбен ауратындардың өмірінің ұзаруы

Когортаны құрастырганда, зерттелетін ауруы жок адамдар камтылады, бірақ болашакта осы аурумен ауруы мүмкін дегендер. Мысалы, жатырдың эндометрийнің рагінің кательлі факторын зерттегендеге, бұл когортада жатырының ауруы бар әйелдер кіргізілмейді. Содан кейін бұл когортаны бірнеше уақыт зерттейді. Осы ауру туындағаннан кейін, оған әсер еткен кательлі факторды тексереді.

Когорталық зерттеулер қазіргі уақыттан бастап, болашағын бақылау арқылы, немесе архивтік құжаттар арқылы осы уақытка дейінгі болып құрастырылуы ықтимал (тариҳи когорта).

Когорталық зерттеудің жетістігі мен кемістіктері бар.

Кесте 3.1.6.

Жетістіктері	Кемшіліктері
Ауру - сырқаулыкты тікелей бағалайтын жалғыз тәсіл (абсолютті қауып-кательді).	Зерттелетін адамдар саны көп болуы тиісті, сирек кездесетін ауруларды зерттеуге келмейді.
Қауып-катель адамға әсер еткенде сол адам ауыра ма, жок па деген клиникалық сұралкка жауап береді	Ұзак уақыт көп адамдарды зерттеу керек болғасын, оның шығыны да жоғары.
Қауып-кательлі фактор әсер еткенде, оның болашағы белгілі болса жүйелі кәте жібермейтін мүмкіндігі бар.	Кортындысы көп уақытка дейін белгісіз.
Қауып-катель әсер еткенде бірнеше аурудың туындау мүмкіндік байланысын бағалайды.	Кательлі фактордың әсерінен туындаған аурулардың осы факторға байланысын бағалауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қауып-кательлі факторлар аурудын дамуына жоғары мүмкіндікпен байланысты болады. Кательлі фактордың болуы белгілі аурудың себебі ме, жок па, бірақ оның катысуының өзі болашакта ауру тудыратын мүмкіндік екені сезсіз.

Осы кательлі факторлардың әсерін эксперимент арқылы зерттеуге мүмкіндік болмағандықтан когорталық клиникалық бақылау жүргізіледі.

Бірнеше уақыт өткеннен кейін осы фактордың ауру тудыратын әсерін, әсер еткен адамдарды, әсері болмаған адамдармен салыстырмалы түрде аурудың санымен зерттейді.

Салыстырмалы әртүрлі топтағы ауру-сырқаулықта, көтерлі фактор әсер еткен жағдайда, бірнеше көрсеткіштер арқылы беруге болады.

Болжау.

Кез-келген ауырған адамдарда: «Ауру қауыпты ма? Өліп кету мүмкін бе? Ауырғандық бола ма? Қалыпты өмірім сактала ма? Жазылуым мүмкін бе?» - деген сұраптар болуы мүмкін. Ауру мен оның туыскандары осы аурудың болашағы кандай екенін, тіптен ауруға ем болмағаның өзінде, алда не күтіп тұрғанын білгісі келеді.

Болжау – аурудың болашақ ағымын көре білу. Сондыктан, пациенттің болашағын болжаудың кандай мүмкіндігін, оның киындығы мен жүйелі кателерін анықтаймыз.

Аурудың болашағы дегенде, дәрігер мен наукас адам бірнеше аспекттің барлығын ескерді. Біріншіден, олар аурудың қалыпты ағымын білгісі келеді. Мысалы, жас адамға герпестен кейінгі невралгияда, ауырғандықтың бір айдан кемге созылатындығына сендіру сиякты. Екіншіден, мүмкіндігінше анық белгілі бір окиғаны болжамдау. Тіптен ВИЧ-инфекциясын жүктыргандардың өзі, бірнеше айдан 10 жылға дейін өмір сүретініне сендіру үшін – емдең, пациенттер аурудың өміріне қалай әсері бар екенін білгісі келеді, өлім-жітім каупы, жұмыска жарамдалығы, жұру, сөйлеу сиякты.

Пациенттің болашағы аурудың клиникалық және табиги ағымына тікелей байланысты.

Ал аурудың клиникалық ағымы дегеніміз, пациентке медициналық көмек көрсеткендегі дамуы, немесе емнін әсерінен туындастын клиникалық өзгерістер.

Егер пациент ем алмаған жағдайда ауру өзінің табиги жолымен дамиды, былайынша айтқанда, пациент ем алмаған жағдайда оның тағдыры не болады. Тіптен медицинасы жаксы дамыған елдерде, кейбір аурулар ем алмайды, кейбір аруларды анықтау да мүмкін болмауы ықтимал. Себебі, көптеген аурулар симптомсыз жүреді, немесе ынғайсыздық сезіммен дамуы мүмкін.

Болжамдық зерттеулерді когорталық бакылауда бір мезгілде бастайды, оны бастау нүктесі (sero timo) дейді. Бұл нүктे барлық пациенттер үшін бірдей, белгілі бір кезенге сәйкес келуі тиісті. «*Бастапқы когортат*» деген термин барлық топтағы пациенттер үшін аурудың алғашкы белгісімен басталады.

Егер когорталық бакылау әртүрлі топтағы пациенттерде, әр-түрлі мезгілде басталса, онда оның кортындысы нактылығын жоғалтады және оның жазылуы, қайталауы және өлім-жітімі қате болады.

Айталық, өкпе рагімен ауыратын наукастардың клиникалық ағымын жазу керек екен делік. Когорталық пациенттерді құрастырып, белгілі бір асқынуына, немесе өліміне дейін бакыладық. Енді осы топка кандай аруларды косу керек?

Егер бакылаудың бастапқы нүктесі болып, біреулерінде скрининг арқылы анықталған белгі болса, екіншісінде аурудың алғашкы белгісі десек,

ал үшіншісінде – ауруханада жатып, ем алудан басталса, онда, аурудың болашағы бір-бірімен байланысты алғашқы басталу нұктесіне тәуелділік тұдырады. Ол бұл зерттеудің құндылығын азайтып алған болжамды пайдалануға болмайтында мүмкіндік туғызады.

Болжамдық факторлар негізінен ауру адамдарда, ал көтерлі факторлар дені сау адамдарда жүргізіледі. Болжамдық факторлар бір аурумен ауыратын, бірақ болжамы әртүрлі топтағы адамдарды біріктіріп, зерттейді.

Болжамдау көтерлі факторлармен тұракты түрде сәйкес келуі міндетті емес. Айтартылған қаннның қысымының төмен болуы, миокардтың инфаркттысының дамуын төмендеткенмен, ал сол инфаркттымен ауырған адамдардың болашағына ем колайлы емес. Сол сиякты әйелдерде менопаузада туындаитын кандагы эстрогендердің көбеюі, жатырдың рагінің көбеюіне соктырады. Бірақ оны ерте анықтау мүмкіндігі бар және оның болжамы да жақсы.

Кейбір факторлар екі жақты әсер етеді, әрі аурудың туындауына көтерлі, әрі оның болашағына да бірдей әсерлі болады. Мысалы, адамның жасы, миокардтың туындауына да, оның болжамына да бірдей әсер етеді (жасы ұлғайған адамдарда миокардтың инфаркттысы да және оның өлім-жітімі де жоғары).

Қауып-көтер мен оның болжамы екі түрлі оқиғаны суреттейді. Көтерлі фактор дегендеге ауруды тудыратын оқиғаны есептесек, болжам дегендеге көптеген нәтижелер қамтылады (өлім-жітім, асқынулар, мүгедектік пен жапа шегу).

Болжауды суреттеу.

Аурудың ағымының сапасын бағалау үшін көбінесе бір ғана көрсеткішті алады. Ол оның саны, былайынша айтқанда, осы жазылған оқиға байқалған адамдардың саны. Төменгі Кестеда солар жазылған.

Кесте 3.1.7.

Көрсеткіші	Анықтамасы
Бесжылдық тірі калуы	Белгілі бір аурудың ағымының бакылағаннан бастап 5 жыл тірі қалған адамдар санының пайыздық көрсеткіші
Өліммен аяқталу	Осы ауру мен ауырғандардың өлімінің пайыздық саны
Аурулыктан өлім-жітім	Осы аурудан өлгендердің әрбір 10 немесе 10000 халықка шаққандағы саны

Болжауды санмен көрсету оңай, оны еске сактауға да болады, кез келген уақытта пайдалануға ынғайлыш. Бірақ оның кемшілігі бар, салыстырмалы түрде аз акпарат береді, сандық түрде жалпы бірдей болғанымен. Болжауы әр-түрлі болуы ықтимал.

Өмірдің ақырын талдау.

Болжауды талдау арқылы, белгілі бір аурумен ауыратын пациенттердің, кез-келген уақытынан бастап, оның мүмкін болашағы құрылады. Когортадағы

әрбір пациент үшін белгілі бір уақыт ішінде тірі калуды бағалау үшін, өмірдің ақыры деген ұғым пайдаланылады. Бұл тәсілді Каплан-Мейер тәсілі деп, авторлардың атымен атайды. Өмірдің ақыры тәсілінің максаты негізінен тірі калумен пациенттің өлімін анықтаумен шектеледі. Пациенттер өліл қалса, немесе дұрыс бакыланбаса, немесе шығып қалса, өмірдің ақырын бағалағанда олар ескерілмейді.

Когортты зерттеулердегі жүйелі қателер.

Кез-келген бакылауда жүйелі қателердің болу мүмкіндігі бар. Когорттің зерттеулерде де жүйелі қателер кездеседі, ол аурудың қауып-қатері немесе болжауы туралы анықталады. Кейде ол шынайы шындыққа тұра келмейді де.

Зерттеудің кай сатысында оның кездесуі мүмкін екенін білсек, жүйелі қатені анықтауға болады.

Біріншіден, осы зерттеуде жүйелі қатенің болуы жалпы мүмкін бе? Екіншіден, осы зерттеуде жүйелі кате бар ма, жок па? Үшіншіден, егер жүйелі кате осы зерттеуде болатын болса, ол зерттеудің кортындысын бұза ала ма?

Егер оның кортындысы зерттеудің кортындысын өзгерте алмаса, онда болашакта зияны жок шешім кабылдауға мүмкіндік береді.

Өмірінің ақыры когортасы.

Шынайы когорталық зерттеулерін өмірінің ақыры когорталық зерттеуінен айыра білу кажет. Оған ауруы бар, бакылауға болатын пациенттер жатады. Айтальық, мамандандырылған клиникада аурулар белгілі бір белгімен топтастырылады, оларды басқа да атаумен атайды: «колайлы когорталық пациенттер» деп.

Өмірінің ақыры когорталық ауруларды, аурудың кез-келген ағымының сатысында, ал шынайы когортада, аурудың басынан бастап бакылайды. Содан кейін, аурудың клиникалық ағымы ретроспективті талдаулар арқылы, басынан-бастап суреттеледі.

Бірақ, бұndай зерттеулер кортындысы жүйелі қателердің кетуіне мүмкіндік береді. Себебі ремиссиясы бар аурулармен катар ремиссиясы жоктар да бір когортага кіреді. Кортындысында, осы когорталық зерттеулер, өмірінің ақыры когортасына кате жіберіп талдауы дұрыс жүргізу керек екенін көрсетеді.

Осы зерттеулерде, жүйелі қателер пациенттердің бір топтан басқа топқа ауысуында да туындауы ықтимал (миграциялық кате) және нәтижесін бағалауға байланысты болуы мүмкін.

Талдау кезіндегі жүйелі қателердің жөндеу тәсілдері.

Кесте 3.1.8.

Тәсіл	Суреттеу	Зерттеу сатысы	
		жоспа	Талдау
Рандомизация	Пациенттерді топка бөлгендеге, пациенттің	+	

	кез-келген топқа тап болуын қамтамасыз ету.		
Кіріспені шектеу	Пациенттер топқа енгенде олардың мінездемелік диапазонын шектеу	+	
Бір-біріне келетіндерді жұптастыру	Бір топтағы бір пациентке мінездемесі келетін біреуін немесе бірнешеуін жұптастыру (салыстыру ушін)	+	
Топтар ішіндегі стратификация.	Аяқталу катерлі факторы бірдей топтардың ішіндегі зерттеніп жатқан факторлардың жиілігін салыстыру.		+
Жәй стандарттау	Белгілі бір мінездемесімен бірдей топтардың ішіндегі катерлі аяқтауымен алғашкы баламын математикалық жолмен қалыпка келтіру.		+
Көпшілік стандарттау	Математикалық моделдеу арқылы көптеген әсерлі факторларды қалыптастыру.		+

Рандомизациялау – ауруды кез-келген зерттелетін топқа кездейсок жатқызу тәсілі, барлық сыртқы факторларды тенестірудің жалғызы тәсілі. Бұнда, кездейсок әр топқа тап болған пациенттер, әр топта болуына әр-біреуінін мүмкіндігі болады. Сонымен, рандомизациялау болжамды факторлардың дұрыс емес кортындыларына жол бермейді.

Кіріспені шектеу – барлық пациенттерге сыртқы маңызды факторлардың әсерін тенестіруге мүмкіндік береді. Айталық, ерлер үшін жедел миокардтың алдыңғы кабыргасында орналасуында, оның жасының болжамына әсері десек. Сонда ғана біріңгай топ жасап, дұрыс шешімге келуге болады.

Бір-біріне келетіндерді жұптастыру – бір топтағы әрбір пациентке, салыстыру үшін екінші топтағы бір немесе бірнеше пациенттің белгілі мінездемесі арқылы сәйкестенуі. Көбінесе пациенттерді жасына және жынысына қарай жұптастырады. Себебі үл факторлар бір-бірімен көптеген аурулардың болжамы бойынша тығыз байланысты.

Стратификация – барлық керекті деректер жиналып болғаннан кейін, топтағы пациенттерді бір-біріне сәйкес келетін мінездемесімен топтастыру. Мысалы: Айталық аортокоронарлық шунттан кейінгі өлім-жітімді А және Б ауруханаларында салыстыру керек дейік. А ауруханасында 1200 операция жасалып, оның 48 (4%), ал Б ауруханасында 2400 операция болып, оның 64 (2,6%) өлген. Осы екі көрсеткішті салыстырғанда Б ауруханасында, А ауруханасымен салыстырғанда жақсы. Ал шындығында солай ма? Үл екі ауруханадағы пациенттерді бір-бірімен салыстыруға болмайтын болуы мүмкін (пациенттердің жасы, ТӘЖ артериясының тарылуы, және басқа көрсеткіштері бойынша). Оған коса операцияға дейінгі оларға әсер еткен катерлі факторларда ескерілмеген.

Стратификация – жүйелі қателермен күресте қолданылатын, әсерлі және ен дұрыс тәсіл.

Жүйелі қателерді болдырмау үшін, екі көрсеткішті салыстырғанда, олардың болашағына әсерлі факторларды дұрыстау арқылы оларды тенестіру.

Бұл процесті стандарттау деп атайды. Қорыта айтқанда, болжау дегеніміз аурудың ағымын басынан бастап суреттеу.

Катерлі факторлармен салыстырғанда болжамдық факторлар көбірек тараған, кейде жеке клиникалық тәжірибе арқылы да жазылуы ықтимал.

Болжауды аурудың ағымының кез-келген уақытында жазуға мүмкіндік бар. Когорталық зерттеулер кезінде әртүрлі топтағы пациенттерде жүйелі кателер кетуі ықтимал. Оның себебіне когортаны құрастыру тәсілі, бакылау кезінде топтардың тұраксыздығы немесе нәтижесін тіркеудің бірдей еместігі ықпал етеді. Жүйелі кателерді жібермеуді әртүрлі коррекциялық тәсілдерді колдану арқылы жөндеуге болады. Ондай тәсілдерге кіріспеге шектеуді енгізу арқылы дұрыс жұптарды жасау, стратификация және стандарттаулар жатады. Кез-келген салыстырмалы зерттеулерде тұракты түрде осы тәсілдердің біреуін колданған жөн болады.

Емдеу.

Нұскауда аурудың диагнозы койылып, ағымы анықталғаннан кейін, бірден төмөндегідей сұрап туындаиды: «Енді не істеу керек? Ем жасау арқылы аурудың нәтижесін жаксартуға боды ма?».

Жана емдеу тәсілдерін енгізгенде, негізінен біріншіден, болашағындағы идеясымен, екіншіден, оны қалай дұрыс тиімді тексеруге болады деген кажеттілік туады.

Кез-келген медициналық қызметтің кортындысында, емдеу тәсілдерінің мүмкіндігі туралы гипотеза туындаиды. Олардың кейбірлері аурудың туындау механизмін білуге негізделеді. Антибиотикке төзімді микробтарды емдейтін тәсілдер, олардың резистенттілік механизміне негізделген. Гормондық дәрілер олардың табиғи құрамын білу арқылы алынған. Жүрек шамасыздығын емдейтін дәрілер, жүрекке дейінгі және кейінгі түсетін күшті азайту арқылы тиімді.

Емнің кейбір түрлерінің гипотезасы, көреген дәрігерлердің бакылауына негізделген. Екі мысал келтірейік.

Паркинсон ауруымен ауыратын науқаска, гриптің алдын алу үшін, амантадин тағайындалғанда, оның неврологиялық статусы жаксарған. Ал екіншісінде, подаграмен ауратын адамға берілетін колхицин дәрісі берілгенде отбасылық сарғаю липтоспирозының ұстамалы кезеңі азайған. Осы екі дәрінің тиімді әсері, осы аурулардың туындау негізін білгендіктен берілмеген. Ал олардың осы ауруларға әсерінің механизмі әлі толық ашылған жок. Сол сиякты халық емдерінің дүние жүзінде ғасырлар бойы қолданылғанымен, ғылыми түрде әлі зерттелмеген.

Гипотезалар әртүрлі сынамалар мен кателердің кортындысында туындауы мүмкін. Кейбір катерлі ісікке қарсы қолданылатын дәрілер, көптеген заттардың табигатында активті екендігіне сүйенген.

Емдеу және алдын алу туралы емдеу тәсілдері кейбір жағдайда эпидемиологиялық зерттеулер косындысымен дүниеге келеді. Африка елдерінің халқында, тамаққа кебінесе клечаткаға бай тағамдар пайдаланылады. Сондыктан, осы елдің адамдарында ішектің аурулары аздап кездесетіні байкалған. Ал, экономикасы дамыған елдерде көрініше, клечатканы аз

пайдаланады да, оларда ішек аурулары, Африка халқымен салыстырғанда көптеп кездеседі. Міне, осы зерттеулер көртындысы ішек ауруларының (ішектің тітіркену синдромы, дивертикул, аппендицит, ток ішектің рагі) алдын алуға бағытталған шараларды, диетаның көмегімен азайтуға болатының көрсетті.

Болжауды тексеру.

Кейбір емдеу тәсілдері соншама эсерлі де, тез болады және оларды тексерудің де қажеті болмай қалады. Дәрігерлер пневмонияның емінің пенициллинмен, ал жедел аппендицитті тек хирургиялық жолмен емдеуді ешбір күмәнсіз екенін біледі. Бұнда клиникалық тәжірибелі орны толық жеткілікті.

Бірақ-та емнің калыпты әсері онша әсер калдырмайды. Бұндай жағдайда емнің тиімділігін клиникалық зерттеулер арқылы тексеруге тұра келеді. Себебі, шынайы емнің әсерінен қөптеген факторлар ықпал етуі мүмкін (кездейсок дәл келу, дұрыс салыстырмау, аурудың ағымының спонтанды өзгеруі, керектін шындық деп қабылдау).

Кейбір жағдайда аурудың даму механизімін білу (лабораториялық зерттеу, физиологиялық ағзаларды тексеру арқылы) емнің тиімділігін тексермей-ак қабылдай салады. Мысалы, инсульттің клиникалық көрінісі қобінесе ішкі үйкі артериясының таралуынан туындайтын мидың инфарктысынан туындауды. Теориялық жолмен алғанда инсультті болдырмауға болады. Олар үшін закымданған сегментті айналып өтетін қан жолын жасау қажет (аортокоронарлық шунт сиякты). Бір топ зерттеуші осы экстро және – интракраниалды шунт жасауға кірісті және рандомизацияланған бакылау арқылы операцияның тиімділігін жүргізді.

Мидың ишемиясы бар пациенттер кездейсок тәсілмен екі топқа бөлінген. Біреуі хирургиялық, екіншісі консервативтік ем алғандар. Операциялардың техникасы жақсы болып, анастомоздың 96% дұрыс функциясын аткарған. Бірақ бұл онша тиімді болмаған: инсультпен ауру-сырқаулықпен өлім-жітім 5 жылдан кейін операция жасалмағандармен бірдей болып шықкан, тіптен операция жасалғандардың өміржасы қысқарған. Міне, осы мысал аурудың патогенезін біле отырып жасалған емнің ғылыми тұрғыдан алғанда маңызды болғанымен, практика жүзінде онша тиімді еместігін көрсетеді.

Сондыктan, мүмкіндігінше, барлық емдеу тәсілдері туралы гипотезалар клиникалық тұрғыдан дәлелдеуді керек етеді.

Емнің тиімділігін зерттеу.

Емдеу деп - дәрігердің белгілі бір ауруы бар пациентке жүргізген шараларын түсінеді: хирургиялық операциялар, дәрі қабылдау, диетаны сактау немесе физикалық жаттықтыруларды жасау. Бірақ деңсаулықты түзетуге бағытталған қөптеген басқа да әдістер бар. Оған накты пациенттің ауруының алдын алуға бағытталған шаралар (консультация жасау арқылы аурудың алдын алу немесе ерте белгілерімен аурудың ерте емін жасау), халықтар арасында аурудың профилактикасын жүргізу, деңсаулық саласының ұйымдастыру жұмыстарын өзгерту мен каржыландыру. Емдеу үшін қандай шаралар

жүргізілсе де, әр уақыттада емнің тиімділігін тексеру керектігі өзгермейді. Емдеудің тиімділігі екі түрлі тәсілмен бағаланылады: *бақылау тәсілі* (обсервациялық зерттеу) немесе эксперимент жасау арқылы (клиникалық зерттеу).

Обсервациялық тәсіл (observational studies) – болашағын зерттеудің ерекше түрі, бұл жерде болашағы зерттелетін факторлар есебінде терапиялық арапасу жатады. Жоғарыда айтылған барлық когорталық зерттеулерге көзістылардың барлығын обсервациялық тәсілге пайдалануға болады. Бұл тәсілдердің ерекшелігі, оларды қолданудың колайлылығы. Ал кемшілігі зерттелетін топтағы аурулардың емдерінің айырмашылығымен катар жүйелі баска да айырмашылықтың болып, емнің тиімділігі туралы кортынды да көте болуы мүмкін.

Клиникалық зерттеулер (clinical trials) – әдейі когорталық зерттеу түрі, оны жүргізу жолдары (зерттелетін топтарды іріктеу, емге арапасудың түрі, бақылауды ұйымдастыру, нәтижесін бағалау) жүйелі кателерді жібермеуді қамтамасыз етеді. Бақылау мен баскаруудың түрлеріне қарап клиникалық зерттеулердің когорталық зерттеулерден артықшылығы болады. Шынын айтканда, бұл тәсіл кейбір лабораторияларда жүргізлетін эксперимент сиякты. Клиникалық зерттеуді жүргізгенде, зерттеуші тек бір жеке алғынан фактордың әсерін ғана бақылайды. Рандомизацияланған бақылаулы зерттеулер емнің тиімділігін тексерудің ғылыми сапасының стандарты қызметін аткарады.

Рандомизацияленген бақылаулық зерттеулер.

Бұл зерттеуді жүргізу үшін, зерттелетін жағдайы бар пациенттерді көптің ішінен іріктейді. Содан кейін, осы тандалғандарды кездейсок тәсілмен екі топка бөледі. Ол бөлү болжамдық белгісіне негізделеді. Бір топ эксперименттік, немесе емделетін, пайдалы және арапасатын топ болады. Екінші - бақыланатын, немесе салыстырмалы топ, бірінші топпен бірдей жағдайда, бірақ емдік арапасу болмайтын топ. Содан кейін зерттеушілер аурудың клиникалық ағымын екі топта бірдей тәсілдермен бақылау жасайды.

Клиникалық зерттеуді осылай құрастырудың негізгі себебі - жүйелі кателерді жібермеуге тырысу. Ал клиникалық зерттеудің кортындысы сенімді болуын қамтамасыз ету үшін, топтарды құрастырганда, олардың болашағына әсер ететін көптеген факторлардың бірдей болуына көніл бөлу кажет.

Зерттелетін ауруы бар, бірақ зерттеуге коспайтын пациенттер болады. Оған көптеген себептер бар. Солардың ішінен үшеуін бөлуге болады: анықталған критерийлер бойынша косуға болмайтын пациенттер, зерттеуге карсы және зерттеудің шарттарын орындаіттындар.

Біріншіден, қосудың критерийн құрастыру, пациенттердің әртүрлі болмауын шектеуге бағытталған. Шектеудің негізгі критерийіне жататындар: аурудың әдеттен тыс ағымы, баска ауруларының болуы, болашағының, қауіпшілігі (сондықтан, зерттеуден шығып калатындығы), немесе емді дұрыс кабылдамау мүмкіндігінің барлығы. Екіншіден, пациенттер зерттеуден бастартуы мүмкін. Кейбір науқастар колданылатын емдеу тәсіліне карсы болады.

Себебі, емдеу тәсілі кездейсок белгіленеді де, өзінін емдеуші дәрігерінің қалыпты еміне сәйкес келмейді.

Үшіншіден, зерттеудін алғашкы сатысынан бастап—ак кейбір колданылатын тәсілдерді толық пайдаланбайды. Бұл уақытпен зерттеудін көртындысына кері әсерін тигізеді. Сондыктан бұндай пациенттерді шығарып тастауға болады.

Араласу.

Зерттелетін араласу 3 касиетімен сипатталады: практикалық колданыспен, күрделілігімен және тиімділігімен.

Біріншіден, қалыпты клиникалық практикада ұсынылатын араласуды пайдалануға бола ма?

Екіншіден, ғылыми зерттеулерде көбінесе бір компонентті, жоғары спецификалық араласу түрлері пайдаланылады. Оларды қайталау мен қайталарап пайдалану накты жазылған. Ал практикалық дәрігерлерге келетін болсак, олар тұракты түрде әртүрлі балама түрдегі емдердің ішінен таңдауды жасауға тұра келеді.

Үшіншіден, зерттелетін араласу болашақ нәтижесімен басқа баламалы емдеу тәсілінен артықшылығы бар ма? Кейбір аурулар, оны тудырған себебін жойғаннан кейін, толық жазылуы ықтимал (мысалы гипертриеозбен ауратындар). Бірақ көптеген аурулар, оған бірнеше факторлардың әсерінен туындастыны белгілі. Сондыктан, олардан бір факторды жою арқылы, терапиялық тиімді көртынды шығару қын болады. Міне бұндай жағдайда зерттеулік араласу тиімсіз болды деп көрсете алады.

Зерттелетін емдеу тәсілінің құндылығын, оны басқа әртүрлі емдеудің тиімділігімен салыстыру арқылы анықтауға болады. Кейде зерттеулік араласуды, ешқандай ем алмайтын топпен де салыстыруға болады. Бұндай салыстыру жалпы медициналық емнін тиімділігін де көрсете алады.

Емдік плацебо.

Зерттелетін емнін тиімділігін плацебо тағайындаумен салыстырады. Плацебо дегеніміз - зерттелетін дәріден түсі, көрінісі, дәмі және іісімен зерттелетін дәріден аумайтын, бірақ әдейі организмге әсері жок дәрінің түрі (глюкозаның таблетка түрі, егуге арналған физиологиялық ертінді). Плацебоны наукас емдік дәрі есебінде қабылдағанда, оның ауыргандығы басылады, жүрек айнуы азаяды, терінің қышуы 1/3 ауруда жоғалады. Осы феноменді практикада плацебо - феномені деп атайды.

Мысалы. Терісі катты қышитын пациенттер, қышуды азайтатын дәрілерді қабылдау кезінде осы зерттеуге катынсан 48 наукас 3 жеті бойы немесе ципрогептадин – хлоридин, немесе тримепразин тартаратын немесе плацебо қабылдаған. Оған кося график бойынша (кездейсок түрде) дәрі қабылдайтын да, плацебо қабылдайтындар да бір жетілік үзілісте болған. Көртындысы баллдық жүйемен анықталған, жоғары баллдар қышуы күшті ауруларға берілген. Орташа баллдық көртындысы төмендегідей болып анықталады.

Ципрогептадин хлориды - 28

Тримепразин тартараты – 35

Плацебо – 30

Ем алмағандарда – 50

Сонымен, екі активті дәрі де плацебо да бірдей шығып, тек ем алмағандарда ғана бұл көрсеткіш жоғары болды. Плацебоның тиімділігі зерттеушілер мен клиницистер үшін әр түрлі мағынасы бар. Зерттеушілерді практикалық дәрігерлерге карағанда бұл мәселе көбірек қызықтырады. Ал дәрілер болса, бұл плацебо тиімділігін, басқа да емдік дәрілермен катар пайдалануға тиісті.

Көптеген клиникалық араласулар спецификалық және спецификалық емес әсерімен тиімді. Дәрігерлер мен пациенттер үшін емнің кортындысы толық және ем алмағандармен салыстырыганда анық болуы тиісті. Бірақ, ем жасағанда, дәрінің қауіптігі және қымбаттылығы естен шықпағаны дұрыс.

Зерттелетін емді қалыпты еммен салыстыруға болады және зерттелетін дәрінің кортындысы төрт компоненттің косындысынан тұрады. Олар дәрінің спецификалық әсері, плацебо әсері, хоурторн әсері және аурудың табиғи ағымы.

Хоурторн әсері - әлі себебі түсініксіз зерттеуге катынасатын пациенттердің емнің түріне қарамай, еріксізден өздерінің мінездерінің өзгеруін айтады.

Зерттелетін емнің спецификалық әсерін анықтау үшін, пациенттердің кездейсок тәсілімен, былайынша айтқанда рандомизациямен топтарға бөледі және оларды бөлгенде кез-келген пациенттің кез-келген топта болуына толық мүмкіндік жасайды (тиынды аспанға лактыру тәсіліндегі). Рандомизация – емді іріктеудің ең оптимальды тәсілі, оның жүйелі катені жібермейтін мүмкіндігі бар. Бұл бір топтағы пациенттердің орташа касиеттерінің екі топта да бірдей болуын камтамасыз етеді. Дегенмен, бұл тәсіл әр топтағы пациенттердің көрсеткіштерінің бәрі бірдей болады деп кепілдік бере алмайды. Топтардың арасындағы айырмашылық кейде кездейсок пайда болуы мүмкін, егер топтағы пациенттердің саны аз болған сайын. Сондыктan барлық уақытта, топтағы пациенттердің көрсеткіштерінің бірдей болуына ерекше көніл аударған жөн болады. Кейбір жағдайда, пациенттерді рандомизациядан бұрын, олардың болашағын болжайтын көрсеткіштермен топка бөлу кажет. Бұл процессті – стратификация – деп атайды.

Клиникалық зерттеуге алғашкы жоспар бойынша барлық пациенттердің катынаспауы мүмкін. Айталық, кейбір пациенттерде зерттелетін аурудың болмауы, кейбіреулері зерттеулерді тоқтатып, немесе тағайындаған дәріні қабылдамауы мүмкін, кейде зерттелетін дәрінің косымша әрекеті немесе зерттелетін ауруынан басқа да ауруы болады. Оған коса, зерттелетін дәріні тағайындау үшін, наукасты жан-жакты тексеріп, сол дәріні тағайындастырын ауруының барлығына көз жеткізеді.

Мысал. Сеписсте, эндотоксинге карсы тағайындалатын моноклониалды антиденелер олардың өмірін ұзартса алама? Сеписспен ауратын 543 пациент (себебі - Грамм теріс мәнді инфекция) кездейсок тәсілмен екі топка бөлінген.

Олардың бір тобы антиэндотоксин алса, екіншісіне плацебо тағайындалған. Шындығында Грамм теріс бактериемиясы бар топтағы пациенттерде өлім - жітім 49 – дан 30 пайызға азайған. Ол кездесеңдік айырмашылықтан айтартылғатай көп. Біракта, 200 пациентте (37 пайыз) ғана Грамм теріс бактериемия канды себу арқылы ғана дәлелденген. Ал 67 пайыз пациентте оның себебі накты анықталмаған. Сепсиспен ауратын пациенттердің өлім – жітімі плацебо алғандарда 43 пайыз құраса, ал антитоксин алған пациенттерде 39 пайыз болды. Бұл айырмашылық онша көп болмағандықтан ол кездесеңдік болуы мүмкін. Сонымен, зерттеудің көрсеткеніндегі, бұл препарат Грамм теріс бактериялар үшін ғана тиімді, ал сепсиске әсері жок.

Егер пациентте зерттелетін ауруы болмаса оны кате деп есептеуге тұра келеді. Зерттеуден дұрыс нәтиже алу үшін аурулардың саны көп болғаны абзал. Сонда ғана, зерттелетін дәрінің тиімділігін дұрыс анықтауға болады.

Клиникалық зерттеуге катынасатын науқастар, зерттеуші – дәрігердің айтқанын, талабын накты орындауы тиісті. Бұл топтарды пациенттер өз еркімен, ойланып шешкені болады. Кейде науқастар кай дәріні, қандай түрде, дозасын дұрыс түсінбеуі мүмкін, тіптен дәрісі де тауысылып қалуы ықтимал. Бұндайда, әдейі жағдайда тексеріліп, тиімді кортынды алынған дәрінің, оның тиімсіздігін көрсетеді.

Әсіреле, дәрігердің айтқаның болжытпай орындау емханалық жағдайда маңызды болады.

Клиникалық зерттеулерде, емнің тиімділігін анықтауда, дәрігердің айтқандарын істегендер мен істеменгендерді салыстыру, кате жіберуге мүмкіндік береді.

Мысалы: Бір маңызды зерттеуде стенокардияның дамуына гиполипидемиялық (майдың құрамын қанда азайтатын) дәрілердің әсерін бакылаған. Ол үшін 1103 ер адамға клофibrat, ал 2789 ерлерге плацебо берілген. Клофibrat алғандар ішінде 5 жылда өлім – жітім 20 пайыз, ал плацебо алғандарда – 20,9 пайыз құраған. Осыған қарап клофibrattың тиімсіздігін көруге болады.

Біракта, бұл дәріні зерттелетін пациенттердің бәрі қабылдамаған. Ал қабылдағандар ішінде он мәнді жауап алынған, оларда 15 пайыз өлім – жітімділік анықталған. Тағы айта кететін жайт, плацебоны дұрыс қабылдағанда өлім – жітім төмендеген, ол да 15 пайыз, плацебоны қабылдамағандар ішінде бұл көрсеткіш 28,3 пайызды көрсеткен. Сонымен, қорыта айтканда, клофibrattың ерекше әсерінің жоқ екенін дәлелдеді.

Рандомизациядан кейін пациенттерге зерттелетін фактордан басқа және қосымша көптеген факторлардың әсері болуы мүмкін. Егер осы қосымша факторлар әртүрлі топтарға әртүрлі әсер етсе, онда ол топтарды салыстырғанда, жүйелі айырмашылықтар тудырады.

Мысал: СПИД-пен ауыратындарды емдеу эмоциямен тікелей байланысты. Себебі бұл аурумен жастар ауырады да, оның алғашкы белгілерінен кейін бірнеше жылдан соң қайтыс болады. Оның тиімді емін жасауға көптеген кедергілер туындаиды, пациенттер өзінін өмірін ұзарту үшін әрекеттер жасайды.

Рандомизациялық зерттеулер кезінде пациенттер бір-бірімен дәрілерін алмастырады, немесе «дәрілік клубтар» арқылы зерттеуге жатпаған дәрілерді пайдаланады. Ол туралы науқастар зерттетуші – дәрігерге айтпайды, ал көртынды кезінде ол факторды есепке алмайды. Сонын әсерінен салыстыратын (зерттетуші және бакылау) топтардың арасында айырмашылық азаяды. Кейбір жағдайда, клиникалық зерттеуде, әсіресе категерлі ісіктерді емдегендеге, оның нәтижесі салыстырылады. Онда кейбір пациенттер емнің әсерінен жағдайы жақсарады да, ал кейбіреуі осындай емге аса реакция бермейді.

Фылыми тұрғыда, бұндай нәтижені салыстыру арқылы, көртынды шығару категе соктырады. Эрине емге реакция бергендерде нәтижесі жақсы да, ал реакция бермегендерде ол төмен болатыны айқын.

Зерттеуге қатыскандар қандай ем алатынын билетін болса, олардың мінезі өзгереді (ол жүйелі катенің себебі деген сөз). Осыны бодырмай үшін соқыр тәсіл пайдаланылады. Ол үшін зерттетуді бастағанда ауру қандай зерттелетін дәріні алатынын білмейді және бакылаудағы пациенттердің не алып жатқанын білмеуі тиісті. Бұл тәсілді дұрысында «переделі» тәсіл десе де болады, бірақ «соқыр» тәсіл деп жалпы колданып келгендіктен ол солай аталады.

Бұл тәсіл клиникалық зерттеуде төрт деңгейде іске асады. Біріншіден, пациенттерде топка бөлөтін адам, кайсысының қандай дәрі алатынын, олардың түсіне қарай, білмеуге тиісті. Екіншіден, қандай ем алып жатқанын пациент те білмеуге тиісті. Үшіншіден, пациентке қандай дәрі тағайындалғанын бакылаушы дәрігер де білмегені дұрыс (ауруларды жүргізуін ерекшелігі болмау үшін). Төртіншіден, аурудың нәтижесін зерттешілер де, емдердің әртүрлі болғанын білмегені және олардың ойы да бұрмаланбайды. Айта кететін жағдай, осы тәсіл көбінесе тек айтылады, бірақ шындығында көп колданылмайды. Мысалы, бета-блокаторларды қабылдағанда пульстің сиреуі немесе категерлі ісіктерде химиотерапияны қабылдағанда сүйек миындағы қан құрауының төмендеуі белгілі бір дәрінің әсеріне байланысты. Белгілі бір симптомдар, анық активті дәріні қабылдағанды көрсетеді.

Кейбір пациенттермен дәрігерлер осы «соқыр зерттеулерде» кімнің қандай дәрі алып жүргендерін оның объективті белгілермен сезінуі ықтимал.

Мысалы: екі рет соқыр тәсілмен рандомизацияланған зерттеулер арқылы: «пропронололды қабылдау арқылы, қайтамаламалы миокардтың инфаркттысының алдын алуға болама.» - дегенді анықтау керек болады. Зерттеу аяқталғаннан кейін, бірақ оны қолы ашылғанға дейін, пациенттерде медициналық құрамды, пациенттің қандай дәрі алғанын шешкен. Пациенттер ішінде олардың 79,9 пайыз, пропранолол алғанын, ал 57,2 пайыз плацебо қабылдағанын білген. Дәрігерлер мен медбикелерде осындай нәтиже көрсеткен. Дәрігерлер оны пациенттің пульсі арқылы білді десек, пациенттердің шешімі-белгісіз.

Нәтижені бағалау

Егер зерттеудің көртындысын бір маңыздылықпен бағаланатын болса (өлді немесе тірі қалды деп), онда нәтижені қате бағалау мүмкіндігі туындаиды. Екінші жағынан, нәтижесін бір ғана қатаинасушының ойымен көртындылайтын

болсақ, онда жүйелі қатенің кетуі ондан да көбее түседі. Өлімнің болатыны ақиқат болғанымен, оның себебі көбінесе түсініксіз, ол көптеген бірнеше факторлардың әсерінен, ал кейбіреуі белгісіз себептерден өледі. Ондайда өлімнің себебіне әртүрлі жорамалдар айтылады. Қортынды шығаруға осының алдындағы оқигалармен, тінтен емінің де сипаттамасы алынады. Жүйелі кателердің жіберілуіне көптеген жағдайда жиі кездесетін симптомдар жатады. Олар ауырғандық жүрек айну немесе депрессия.

Кейде зерттеудердің тез аяқтап, оны кортындылап, жарыққа шығаруға тырысып, клиникалық нәтижениң орнына жеңіл бағаланатын нәтижелерді ала салады.

Мысалы, ВИЧ инфекциясын емдегендегі оның клиникалық нәтижесі ретінде, көбінесе, биологиялық тестілердің кортындысы алынады. Ол тек инфекцияның айқындылығын көрсетеді, оның клиникалық өршүін көрсетпейді.

Екі түрлі емнің тиімділігін бағалайтын бірнеше тәсілдер бар. Олардың ішінде клиникалық көрсеткіштеріне сәйкес келетіні – емдеуге тиісті аурулардың саны.

Емнің тиімділігін бағалауда пациенттер мен дәрігерлердің кабылдауда негізінен оның, кортындысы анықтайады.

Емнің тиімділігі

Зерттеудің кортындысы екі аспекті бойынша бағаланады. Бірінішіден, ем мүмкін өте жаксы жағдайда жүргізген болуы? Екіншіден, ол басқа, калыпты жағдайда тиімді бола ма? Өте жаксы тиімді ем пациенттердің көректі деген жағдайына жеткізеді. Ондай кортындыны алу үшін, зерттелетін пациенттердің санын азайтып, барлық медициналық ұйғарымдарды орындайтын ғана аурулар іріктеледі.

Екінші жағынан ем нақты жағдайда тиімді болып, нақты ситуацияларда пайда әкелетін болса. Накты жағдайдағы емнің тиімділігін анықтау үшін, пациенттерге емнің схемасын ұсынады және ол тек осыны ғана сақтауға тиісті. Егер осы ұсынылған емнің схемасын пациент сақтамайтын болса, онда оның кортындысы да тиімсіз болып шығады.

Кейде бір топ пациентке орташа тиімді ем, нақты науқасқа тиімсіз болуы ықтимал. Емге кіріспес бұрын, әуелі өзіне төмендегідей сұраптарды қойыныз:

- Осы емді кез-келген ауруға өте жаксы жағдайда жүргізуғе бола ма?
- Орташа ем бір-біріне ұқсас барлық ауруға тиімді бола ма?
- Емдегендегі оның ынғайсыздығы мен қауыптілігі, осы таралудың пайдалылығын актайды ма?
- Менің пациенттім ем жасау тиімді ме?

Кейде емді тек жалғыз ауруға жүргізу арқылы зерттеге болады. Оны жалғыз ауруды зерттеу тәсілі дейді.

Бұндай жағдайда пациентке жүйелі түрінде бірінен кейін бірін жалғастырып ем тағайындалады (активті дәрі немесе плацебо). Ол кездесетікпен 1-2 жетілік уақытпен. Қандай дәрі тағайындалатының пациент те,

дәрігер де білмейді. Оның нәтижесі әрбір уақытқа байланысты талдау арқылы жүргізіледі.

Бұл тәсіл аурудың ағымын алдын ала көрін білуге болмайтын жағдайда және емге реакция тез болғанда ыңғайлы. Бұл тәсіл азғантай топтағы ауруларға клиникалық шешім кабыдауға мүмкіндік береді.

Белгісіз нәтиже.

Егер аурудың клиникалық ағымын алдын-ала болжасақ, ондайда әдейі бақылау тобымен алынған кортынды онша маңызды болмайды. Инфекциялық эндокардитте антибиотик тағайындалмаса, немесе гипотиреозда қалканша безінің гормондарын бермесе, немесе ішектің инфарктысын хирургиялық жолмен емдемесе, олардың барлығының өліммен аяқталатыны жақсы белгілі.

Бірақта, кейбір клиникалық шешімдер нәтижесін болжауға болмайтын жағдай да қабылданады. Бұл жағдай аурудың клиникалық ағымы өте өзгермелі және жәй бақылау арқылы емнің тиімділігін де бағалауға болмайтын жағдайларда қабылданады.

Көптеген созылмалы аурулар кейде кенеттен ремиссияға түседі, оны кейде кате, тиімді ем қабылдамаса емнің әсері деп калуымыз мүмкін. Аурудың өзінен-өзі өршу сатысы ремиссиясымен алмасып отырады. Эрине өршу сатысында ауру да, дәрігер де бірнэрсе жасағысы келеді. Егер ем өршу сатысының шынына жеткенінде басталса, онда осыдан кейін дұрысталу кезеңі басталады. Басқа салыстыратын ештеңе болмағаннан кейін, жағдайының дұрысталуын емнің әсері деп түсінеді.

Кейбір аурулар өзінің клиникалық ағымында кездейсок (спонтанды) жаксарумен жүреді. Бұндай жағдайда оның уақыты емнің басталуымен бірдей болуы мүмкін, бірақ бұл оның себебі емес шығар.

Емдік дәрілерді зерттеу фазалары.

Емдік дәрілерді сынау қалыпты жағдайда бір-бірімен байланысты үш кезенмен жүреді. Бірінші кезенде ауруларға женіл және қауыпсыз дәрілердің диапазондық мөлшері анықталады. Зерттеудің бұл кезенінде аурулардың аз саны алынады (10-ға жақын) және бұл фазасында бақылау тобы болмайды. Екінші кезенде - препараттың тиімділігі мен дозасының ара қатнасы туралы акпарат беріледі. Зерттеуді шағын топқа жүргізу арқылы, оның ең маңызды тиімділігі сокыр тәсілмен жүргізіледі. Бұл кезенде бақылау тобы болуы тиісті. Зерттеудің үшінші кезенінде - ең жақсы тиімділігін анықтайды және оның косалқы әсері белгіленеді. Зерттеуді жеткілікті түрдегі пациенттердің санымен жүргізеді (оннан мынға дейін). Қортындысы әдетте медициналық акпарат құралдары арқылы жарық көреді және реттейтін, сертификаттыйтын орталықтар ақылы дайындалады.

Зерттеудің үшінші кезеңі кен, ауқымды жүреді де, оның қосымша әдеттен тыс реакциялары мен жиілігі айқындалады.

Корыта айтқанда, емдік заттардың маңызды идеяларын ғылыми түргыдан зерттеу арқылы ғана клиникалық шешімдер қабылдау қажет.

Тексерудің ең жақсысы - рандомизацияланған бақылауды зерттеулер - кагорттық зерттеулердің ерекше түрі.

Профилактика.

Көптеген дәрігерлер өзін медицинаға арнағанда, тек ауруды емдең шығуға ұмтылады. Бірақта көптеген пациенттер өзінің өмірінде ауырмауына ұмтылады, ауырганың өзінде оны ертерек біліп, ол организіміне зиян келтіргенше, тездетін құтылуға тырысады. Сондыктан, адамдар аурудың белгісі жок кезінде, көтерлі факторлардан құтылуға, немесе аурудың алдын алады. Сондыктан, оларды алдын-ала тексереді, оны халықтың денсаулығын корғау шаралары дейді.

Адамдардың денсаулығын корғау клиникалық практикада маңызды орын алады, ол медициналық қызметтің негізгі бөлігі.

Дәрігер өз жұмысында адамдарды белгілі бір кезендерде тексеріп тұруды, өзінің жұмысының концептуалды маңызы деп қаруы керек, оны дәрігердің пациенттермен профилактикалық жұмысы дейді.

Вебстер сөздігінде профилактиканы былай деп аныктайды: «Бұл жұмыс - оқиғаның алдын алуға бағытталған». Осыған қарай отырып, медицинаның барлық қызметтің профилактика деп қаруға болады. Барлық дәрігерлердің жұмысын қорыта келгенде аурудың, мүгедектіктің, дискомфорт пен өлімдерді болдырмау, алдын алу.

Профилактиканың үш деңгейі болады.

Бірінші реттегі профилактика – бұл аурудың туындауын болдырмауға бағытталған, оны тудыратын факторларды жою. Вакцинация көптеген жұқпалы ауруларды болдырмайды немесе пациенттерді салуатты өмір сұру салтына қоюту көптеген аурулардың алдын алады. Бірінші реттегі профилактика көбінесе үкімет деңгейінде жүргізіледі, оған медицина саласының катысы жок. Оған мысал: суды хлорлау мен фторлау, тұзды иодтау, жүргізушілерге белбеу тағып жұру, мотоцикл айдаушыларға бастарына дұлыға киу заманда қарастырылған. Кейбір өндірістерде бірінші реттегі профилактикалық шаралар қарастырылған (құлақты, өкпені корғау, қосымша тамак беру).

Екінші реттегі профилактика – аурудың ерте сатысында анықтауға мүмкіндік береді. Кейде ауру симптомсыз дамиды, немесе оның ерте емін жасау арқылы әрі қарай, дамуын болдырмау шаралары жатады (маммография, немесе жасырын канды нәжіste анықтау). Оған кейбір қогамдық бағдарламалар да жатады (үлкен сауда орталықтарында глаукомаға скрининг жүргізу).

Скрининг – пациенте бұрын анықталмаған ауруды, немесе қауыпты факторды анықтау (сұрастыру арқылы темекі шегетіні), физикалық тексеру арқылы (куықасты безінің пальпациясы), лабораториялық тәсілмен (кандада кантты анықтау) немесе баскада медициналық манипуляциялар арқылы (сигмоистоскопия), өзін ауру емеспін деп жүргендердің ішінен скрининг тәсілі арқылы кімде ауру бар, немесе көтерлі факторды аныктайды. Скрининг

тәсілі бұл аурудың диагнозын анықтауға бағытталмаған. Егер дәрігер скринингтен кейін әрі қарай тексеріп, ауруға ем жасамайтын болса, онда бұл тәсілдің маңызы жоқ деп карацыз.

Үшінші реттегі профилактикаға – ауруы бар науқастардың жағдайының жөндөліне, оның асқынударының болмауына және өршу сатысын болдырмауға бағытталған шаралар жатады.

Үшінші реттегі профилактика көбінесе өлім алдында жатқан қатаң аурулар үшін өте маңызды. Бұл жағдайда профилактиканың негізгі мақсаты өлімнен сактап қалу емес, керісінше аздал болса да оның өмірін ұзартуға бағытталады. Мысалы, қазіргі кезде қапталдық амиотрофикалық склероздың емі жоқ, науқастар негізінен демалыс және жүткynшағының бұлышық еттерінің параличінен өледі. Бірақ онда тек өте ұқыпты медициналық қызмет өмірін ұзартады. Гастростома салу арқылы аштықтан өлуден, трахеостома - демалысын жөндейді және оны жылжымалы тыныс аппаратына қосу арқылы өмірін ұзартуға болады. Үшінші реттегі профилактиканың бағдарамасын денсаулық сактау жүйесі іске асyрады.

Профилактиканың пайдасы мен зияны.

Салаатты өмір салтын қалыптастырудың және аурудың алдын алуда үгіт-насихат жүргізу кен көлем алып келеді. Әрине, адамның денсаулығын қалпында сактау – лайыкты мақсат, бірақ оның артында күрделі теориялық құрылымдар бар. Денсаулықты сактауға бағытталған шаралар кейде зиян да да әкелуі мүмкін. Профилактикалық шаралар көптеген шығындар тұрады. Пациенттердің уақыты мен катар ынғайсыздығын тудырады. Кейбір пациенттерде асқынудар пайда болады, оның себебі жалған он мәнді скрининг тәсілімен жалған тестілердің әсерінен ем жасаулар жатады.

Профилактикалық шараларды жүргізу алдында, әсіресе мамандардың пікірі әртүрлі болған жағдайда, дәрігер пациентпен дұрыстап ойласуы тиісті.

Мысалы. Сүт безінің рагін анықтау үшін аға буынды әйелдерді физикалық және маммография жасап тексеру кеңінен қолданылады. Ал 40-49 жастағы әйелдер туралы әртүрлі пікірлер бар. Рандомизацияланған бақылаулы зерттеулер арқылы, осы скрининг тәсілі, осы жастағы әйелдер үшін тиімсіздігі анықталынады. Осы туралы әртүрлі эксперттегі топтардың ойлары бірдей емес. Осы проблеманы пациентпен сөйлескенде пайдасы мен зиянын түсіндіру қажет. Ол пациентке түсініп, шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Корыта айтқанда, бірінші реттегі профилактика аурудың алдын алуға мүмкіндік береді. Оның тиімділігін мұқияттылықпен бағалаған жөн, себебі бұл да басқа медициналық араласу сиякты өзінің орны бар.

Екінші реттегі профилактиканың аруды ерте емдеудің кепілі болғанымен, ол үш түрлі жүйелі категін кетуіне ықпал жасайды: ауруды ерте анықтап, ерте емді бастау, аурудың өмірін ұзартады деген пікір қалыптасады, скрининг тәсілімен жобадан тыс көп, жайлап дамитын аурулар аныкталады да осы ауру көп тараған деген пікір туындаиды: үшіншіден, көптеген жағдайда скринингпен анықталған аурулардың болашағы дұрыс, сондыктан профилактикалық араласу он мәнді болды деген кате ой пайда болады.

Қортындысында, белгілі бір шектеумен жүргізілетін бірінші және екінші реттегі профилактиканы денсаулық саласының бағдарламасына енгізу мүмкін болады.

Профилактикалық бағдарлама пациенттің жасына, жынысына және клиникалық жағдайына қарай жүргізілуі тиісті.

Кездейсоқтық.

Дәрігердің клиникалық тәжірибесіне байланысты керекті акпаратты алуға ұмтылған әрбір әрекеті әр уақытта екі жағдаймен асқынады. Олар жүйелік кателер мен кездейсоктық.

Жүйелі қате әрқашанда бұл белгілі бір процесстің кортындысы. Оның туындауына бақылаудың әсерінен алынған жүйелі ауытқу мен шынайы шындықтың айырмашылығы жатады. Клиникалық зерттеуде мүмкіндігінше жүйелі қатені жібермеуге, ал мүмкін болмаған жағдайда оны бақылауға және кортындыға әсерін бағалауға тырысады.

Кездейсок кате кез-келген бақылауға тән, оны тек азайтуға болады, ал тіптен болдырмау мүмкін емес. Параметрлердің кездейсок вариациялары өлшеу процесінде, немесе зерттелетін биологиялық феноменнің өзінде болуы мүмкін. Катенің осы кезі кездейсок деп аталады.

Біздің кемшілігізді талдаған кезде кездейсок қатені артық бағалап, ал жүйелі категе онша мән бермеуге тырысамыз. Қобінесе: «Егер $P < 0,001$ болса, ол азғантай жүйелі кате ол онша зиян әкелмейді» -дегенді естиміз. Бірак та, деректерді жинаған кезде белгісіз жүйелі кате кететін болса, онда ешкандайда статистикалық өндеу жағдайды түзей алмайды. Клиникалық зерттеулөрде эксперименттік және бақылау топтарындағы айырмашылық, егер екі салыстыратын топтарда кездейсок ауытқу болатын болса, онда ол шынайы айырмашылықты қөрсетпейді. Бұндай жағдайда статистикалық қөрсеткіштер бақыланған топтардың арасындағы айырмашылықты шындыққа жақындағанның сатысын бағалауға мүмкіндік береді.

Ал неге осы құбылысты дәл олшеп, белгісіздікті жөюға болмайды? Себебі, зерттелетіндер калыпты жағдайда, пациенттерді іріктеумен орындалады, ол осы зерттелетін жағдайды барлардың бәрі емес. Кортындысында оның барлық популяцияға келмейтін мүмкіндіктері туынрайдайды.

Клиникалық бақылауда осы кездейсоктықтың маңызын бағалауда екі жалпы тәсіл пайдаланылады. Бірінші гипотезаны тексеру деп аталады, бұнда сұрап туынрайдайды, ол алынған тиімділік шындығында қатынаса ма? Бұған жауап алу үшін гипотезаны тексеретін статистикалық тәсілдер колданылады. Әдетте, бұл кездейсоктықты бағалайтын тәсіл ретінде «Р» қөрсеткіші екені белгілі. Тәсіл барлық жерде кен тараған, ол XX-ғасырда ашылған статистикалық тәсіл еді.

Екіншісі - сенімді интервалдар тәсілі. Бұл статистикалық тәсіл бойынша, мағынаның диапазоны анықталады, ол негізінен шынайы мөлшердің белгілі бір мүмкіндігін қөрсетеді.

Гипотезаны тексеру.

Қалыпты жағдайда зерттедің басты кортындылары дихотомикалық (мысалы емнің нәтижесі не табысты, не жок деп қарайды) түріне берілсе, онда статистикалық тексеруде дихотомикалық сипаттама алады (кортынды не статистикалық маңызы былайынша айтканда кездейсок емес, не статистикалық маңызы жок). Зерттеудің кортындысы мен шындықтың катынасының арасының төрт вариант болады. Статистикалық тестінің төрт вариантының екеуі дұрыс болуы мүмкін: а) әртүрлі емнің тиімділігі шындығында әртүрлі тән зерттеудің кортындысы да солай болады;

б) емнің тәсілінің бір-бірінен айырмашылығы жок, зерттеудің кортындысы да соган сәйкес келеді.

Баска екі нұсқасы кате болады. Бұндай жағдай, егер емдеу тәсілдері шындығында бірдей тиімді, бірак екі тәсілдің біреуі тиімдірек деген кортынды шығарылса, катенің осында түрі альфа- кате (L -егтө) немесе I-жактағы кате (Type I-егтө) деп аталады. Бұл көбінесе жалған тиімділік. Альфа-кате көбінесе емнің бір түрі, басқасынан тиімдірек деп қарау, ал шындығында ондай айырмашылық жок болуы мүмкін.

Екінші жағынан, емдеу тиімді болуы мүмкін, бірак зерттеудің кортындысында тиімділігі жоқтығы анықталады. Бұндай катені бета-кате, жалған теріс кортынды дейді (бета-егтө, Type II- егтө). Бета-кате көбінесе екі бірдей тиімді емнің біреуі шындығында екіншісіне қарағанда жақсы деп бағалануы мүмкін. Оның себебі олардың бір-бірінен айырмашылығының белгілі бір мәлшерден көп ауытқымауы.

Статистика – математиканың әдебій бір саласы өзінің терминологиясы бар: «нөлдік гипотеза», «дисперсия», «регрессия», «модельдеу», «күш». Статистика саласында істемейтіндер үшін статистикалық баға, сол зерттеудің кортындысын шығару немесе кездейсок вариациялардың әсерін бағалайтын құрал деп қаралады.

Қазіргі медициналық әдебиеттерде негізінен статистикалық көрсеткіштер альфа-катені анықтау мүмкіндігімен есептеледі. Ол кате негізінен Р-шамасымен белгіленеді; бұл сандық баға, әртүрлі емнің бір-бірінен айырмашылығын көрсетеді. Р-шамасының мағынасын төмендегі мысал көрсетеді. Айталық, екі емдеу тәсілдерінің айырмашылығы шындығында жоқ, бірак клиникалық зерттеуде бір емдеу тәсілі екіншісінен тиімді болады. Осында зерттеулерді бірнеше рет қайталаған жағдайда, тап жоғарыдай кортынды шығуы мүмкін, осындаш шаманы Р- деп атайдыз, оны баска кездейсок катеден (Р-бета) айыру үшін. Ғылми әдебиеттерде Р-ның қалыпты көрсеткіші Р-альфа – сәйкес келеді.

Р көмегімен бағаланатын кате әр уақытта да кездеседі, әсіресе бір емдеу тәсілі, екіншісімен салыстырғанда жоғары тиімді болатын жағдайда. Екі емдеу тәсілін бір-бірімен салыстырғанда онша айырмашылығы болмаса, соның ішінде Р-альфа белгілі бір шамадан аспағанда. Осы жағдайда Р - бета көрсеткіші пайдаланылады.

Қазіргі кезде $P<0,005$ болғанда, ерекше маңызды деп әдетке айналып кеткен. Себебі кате кортынды бұл жағдайда 1/20 есебіне тең болады да, катенін мүмкіндігі жоқ деп қабылданады.

Статистикалық маңызды айырмашылық, Р шамасының соншама аздығына қарамай, ол клиникада өте маңызды.

Егер $P<0.001$ алынған болса, ол зерттеуді жақсы жоспарлаған деп каралып, алынған деректер жоғарғы дәрежелі шындыққа бағаланады. Бұл және алынған деректердің айырмашылығының айқындығын көрсетеді. Бірақ Р-шамасының маңызына қарай отырып, ол клиникалық тұрғыдан да дәл солай айырмашылық болатындықтың кепілі емес.

Мысал. 90 - жылдың басында қандай тромболитикалық дәрі жедел миокардтың инфаркттысында тиімділеу деген сұрап талқыланды (стрептокиназа ма, әлде плазминогеннің ткандік активаторы ма?). Кең көлемді зерттеулер олардан кейін реперфузиясының жиілігінің айырмашылығын аныктады, бірақ өлім-жітім емес. Кең көлемді рандомизацияланған бақылаулы GUSTO зерттеуінде, 15 елде 41021 пациентте плазминогеннің ткандік активаторы өте интенсивті түрде колданылды. 30 күннен кейін осы препаратты жедел инфаркттыда алғандардың арасында өлім-жітімнің (6,3%) стрептокиназаны алғандармен (7,4%) салыстырғанда аздығы байқалады. Бұл және гепаринді қосымша қалай тағайындағанына байланысты болады. Осы мүмкіндіктің кездесісік айырмашылығы өте аз болды ($P<0.001$). Біракта, дәрілердің тиімділігі өлімнің алдын алуды көп емес болса да, стрептокиназадан ғөрі плазминогеннің ткандік активаторы кеңінен колданылды, ол және стрептокиназадан қымбат бағалы еді (1 өлімнен құтқару ақысы 250.000 доллар тұрды). Сондықтан кейбіреулер бұл дәріні колдануды әлі де даулап келеді, оның «клиникалық маңыздылығына» күмән келтіреді.

Қалыпты жағдайда статистикалық критерийлер көп окушыларға белгілі, оны альфа-катені бағалау мүмкіндігі үшін пайдаланады. Критерийі нольдік гипотезаны тексеруді қамтамасыз етуді, былайынша айтқанда, әртүрлі ем алғандардың арасында оның нәтижесінде айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығын көрсетеді.

Клиникалық зерттеулерде кең колданылатын кейір статистикалық тәсілдер

Кесте 3.1.9.

Тәсілдер	Колданылған аймағы
X ² -квадрат (X ²)	Статистикалық маңызды айырмашылықты тексеру. Салыстырмалы жиілігінің екі және көп сандық оқиға ара катынасы (бақылау көп санды құраған жағдайда)
Фишердің дәл критерийі	Екі оқиғаның ара қатнасының салыстырмалы жиілігін қарағанда (бақылау аз санды құрағанда)
Манна-Уитни критерийі (U)	Екі меридианның арасын салыстырғанда
Стьюдент	Екі орташа арасын салыстырғанда

критерийі (t)	
Фишер критерийі (F)	Екі немесе көп орташаның арасын салыстырғанда. Байланыс сатысын суреттегенде
Регрессия коэффициенті	Тәуелсіздік (болжамдық фактор) және тәуелдіні (айналмалы) салыстырғанда (нәтижесі).
Пирсон критерийі (г)	Екі айналмалының арасын салыстырғанда

Көптеген (айнымалының) әсерін моделдеу

Кесте 3.1.10.

Логикалық регрессия Кокс қаупінің пропорциональдық моделі	Нәтижесі дихотомикалық болғанда Оқиғаның басталу уақыты оның нәтижесі деп есептегенде.
--	---

Осы статистикалық критерийлердің (оны кейде статистикалық тестілеу деп те атайды) тәтпіштеп жазылуын кез-келген биостатистикалық анықтамалардан табуга болады.

Кейбір зерттеулердің кортындысын шығарғанда, емдеудің бір түрін, екінші түрімен салыстырғанда, тиімді деп шығарады. Оның мысалына антиоксиданттарды пайдалану, көтерлі ісіктің дамуына әсері жок немесе эндотоксиндерге карсы антиденелерді енгізу септикалық шокта оның жағдайын түземейді дегендерді көлтіруге болады.

Сұрап туындауы ықтимал. Оны алынған кортынды деректер кездесек болуы мүмкін бе? Оның теріс мәнді кортындысы (бета – кате болуы) кате болуы дұрыс жағдайға байланысты емес де?

Теріс мәнді кортындының туындауына, зерттеуге катыскандардың саны аз болғанда, әбден қауыпты болады.

Бета-категе альфа-катемен салыстырып қарағанда аз мән береді. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, оны есептеу киын. Екіншіден, көпшілігіміз зерттеудің кортындысында оң мәнді нәтиже алуға ынталымыз, теріс мәнді нәтиже көптеген жағдайда керек емес сияқты, авторлар салыстырылған екі оқиғаның айырмашылығының жоктығын, ерекше себептермен, тек ол кездесек еместігімен түсіндіруге тырысады.

Бірақ, негізгі сұрап: осы емнің тиімділігінің айырмашылығының болмауы бета-катенің мүмкіндігі емес де?

Зерттеу статистикалық маңызды айырмашылықпен аныкталса, онда оны статистикалық күшті зерттеу деп атайды.

Статистикалық күш == 1 - Р- бета.

Зерттеудің күштілігі диагностикалық тестілердің сезімталдығымен бірдей.

Айталық, Сіз клиникалық зерттеудің кортындысында, жаңа емдеу тәсілімен салыстыра отырып, жаналық аштыңыз. Ал алынған айырмашылықтың кездесек вариациясы болу мүмкіндігін білесіз. Енді дұрыстығын дәлелдеу үшін аурудың саны қандай болуы керек (таңдаудың көлемі). Енді оған кездесоктықты болдырмау үшін және кортындысында

кездейсоктықтың жоқтығын түсіндіру үшін аурудың саны қажет. Ол төмөндегідей төрт сипаттамамен анықталады: тиімділіктің көлемі, альфа-кәте, бета-кәте және деректердің алынуымен.

Осы зерттеудің кортындысында тиімділіктің мөлшері қандай айырмашылықта болады деп күтеміз, ол соған байланысты алынады. Принципінде, кез-келген мөлшердің айырмашылығын анықтауға болады, ол тіптен азда болуы. Бірақ кез-келген жағдайда олардың азғантай айырмашылығын айқындау үшін пациенттердің саны көп болуы тиісті. Сондықтан сұралтры дұрыс коя білу керек.

Клиникалық маңызды тиімділікті алу үшін аурудың саны қанша болуы тиісті?

Егер біздерге экспериментпен бақылау тобындағы аурулардың арасындағы айырмашылық өте үлкен болуы үшін, онда пациенттің саны аз болғаны жеткілікті.

Альфа-катенің қауыптылігі сұрыптаудың көлеміне байланысты (емнің тиімділігі туралы қорытынды, шындығында тиімсіз болуы). Қабылданылатын көлем қауіпы еркін таңдалады, ол 1 дең 0 дейінгі аралық. Егер зерттеулі тәсілдің тиімділігі жасанды кортынды шығаруға мүмкіндігі дайын болса, онда ол пациенттердің санын аз алады, егер көрініше аурудың саны көп болған сайын, кортынды да кәте де азаяды. Ондайда Р-нің деңгейі 0.05 жоғары болады.

Сұрыптаудың көлемін анықтайтын тағы бір фактор ол таңдалған қауыпты бета-кәте, оның деңгейі 0.20 деп еркін, жі таңдалады, немесе 20% дейін шындығында бар мүмкіндікті анықтамайды. Зерттеудің статистикалық күші тағы да бір деректің табигатымен анықталады.

Оқиғаның саны көп болған сайын, зерттеудің статистикалық күші де жоғары болады.

R. Peto et al. анықтағанында, клиникалық зерттеулерді үақытпен бағалайтын болсак, оның өлгөніші (немесе басқа оқиғаның басталуына дейін - өршуі, метастаздар, тромбоздың эпизоды, инсульт, жазылу немесе өлу нақты себептерден бастап), онда бірнеше рет екі емдеу тәсілінің тиімділігін айырмашылығын анықтауға болады.

Зерттеуді жоспарлаганда авторлар альфа- және бета-қателердің шамасын қабылдауға болатындағы таңдайды, статистикалық күшін жоғарғы деңгейі құрайтындағы сұрыптау жасайды.

Медициналық араласудың қандай түрі болмасын, оның тиімділігін зерттеуге өте көп ауруға жүргізілген зерттеулер қажет болады. Кейбір жағдайда, диабетте инсулинді енгізу, жедел аппендицит кезде операция жасау керектігін азғантай ауруларды талдау арқылы шешіледі. Бірақ бұндай емдеу тәсілдері сирек кездеседі және олар жаксы талданған.

Қазіргі жағдайда клиницистерге созылмалы жүретін аурулармен және көптеген бір-бірімен байланысты этиологиялық факторлары бар наукастармен жұмыс істеуге тұра келеді. Бұндай жағдайда ерекше көңіл аударатын жәйт, зерттелетін пациенттердің санының жеткілікті болуы және клиникалық зерттеудің кортындысы арқылы алынған мәліметтер шындыққа жанаса ма, немесе кездейсок кортынды ма деген мәселелер.

Осы алынған кортындыны жариялағанда, оның статистикалық күшін бағалайтын клиницисттердің мүмкіндігі болуы тиісті.

Сонымен, клиникалық акпараттың негізін ауруларды іріктеу арқылы жүргізілген сұрыптау құрайды. Бірақ, жүйелік қатесіз жүргізілген сұрыптаудың өзі, оқиға туралы жалпы популяцияның ішінен бұрмаланып берілуі мүмкін.

Клиникалық зерттеулерде кездейсқытың анықтау үшін екі жалпы жол бар, ол гипотезаны тексеру мен сенімді интервалдар тәсілі. Гипотезаны тексеруді статистикалық критерийлер арқылы жүргізіледі. Егер зерттеуде екі емдеу тәсілін салыстыратын болса, онда екі түрлі қате болуы мүмкін: екі емдеу тәсілінің біреуіне артықшылық берілу туралы кортынды (тіптен екеуінің бір-бірінен артықшылығы болмаса да) және олардың тиімділігінің бір-біріне айырмашылығы жоқ деген кортынды (тіптен бір тәсілдің екіншісінен ғөрі тиімділігі болса да). Екі қатенің болу мүмкіндігін Р-альфа және Р-бета деп белгілейді.

Статистикалық критерийлердің күші ($1 - P$ -бета) – бұл статистикалық маңызды айырмашылықтың барлығы. Статистикалық күш зерттеуге қатысқан науқастардың санына, емдеу тиімділігінің мөлшеріне, (P -альфа) және нәтиженің тиімділігінің мөлшеріне, (P -альфа) және нәтиженің жилілігіне байланысты. Екі бірдей кейбір жағдайда, статистикалық күшті зерттеудегі аурулардың санын көбейту мен көтеруге болады, бұл бірақ барлық уақытта маңызды емес.

Оқиғаны зерттеу.

Медициналық білім пациенттерді ұқыпты зерттеу арқылы туындаиды. Қазіргі медициналық білім берудің негізін клиникалық оқиғаны бейнелеу мен талқылау құрайды. Көптеген клиникалық, паталогоанатомиялық конференциялар, «дөңгелек столдар», қызықты оқиғалармен танысумен, оның жалпы принциптерімен басталады, көптеген медициналық әдебиеттерде жекеленген оқиғаларды зерттеумен, олардың сандық талдауымен, немесе екі топтағы белгілі бір патологиясы бар оқиғаларды салыстырумен беріледі.

Оқиғаны зерттеу дегеніміз бакылау арқылы алынған бір немесе бірнеше толық, егжей-тегжейілі мәліметтерді баяндау. Бұл медицина қызметкерлерін жаңа немесе сирек кездесетін аурулармен таныстырады, жобамен 20-30% жана макалалар оннан көп емес ауруларды зерттеу арқылы алынған деректер болып шығады.

Оқиғаны зерттеу бірнеше максатта кездеседі. Біріншіден, бұл сирек кездесетін клиникалық оқиғаны хабарлайтын жалғыз тәсіл, оның болашағын, емін және кательлі факторлармен патогенезі туралы гипотезаның көзі. Оқиғаны суреттеу медициналық қоғамда осы мәселені терендеу зерттеуге итермелейді, соның аркасында жүктілік кезінде талидамолды кабылдау, іштентуя бітеп кемтартылғанда, тап осында жағдайда алкогольді синдром, токсиқалық шок, Лайела ауруы, вирустық ауруда солай әсері бары анықталады.

Оқиғаны хабарлау сол аякты аурулардың патогенезі мен емін анықтауға мүмкіндік береді, себебі курделі клиникалық, лабораториялық тексерулер жүргізіліп, болған өзгерістер анықталады.

Мысал келтірейік.

Ингаляциялық наркоз беру үшін қолданылатын галатон гепатит тудырады деп болжамдалған. Бірақ «галатондық гепатит» туралы ұғым әртүрлі, бір-біріне карсы пікірге соктырыды. Гепатиттің туындауына галатоннан басқа көптеген себептер бар болды. Осы проблеманы шешу бірен-сараң оқиғаны бакылау арқылы айқындалды. Дәрігер-анестезиологта қайталама (рецидивті) гепатиті бар екені, оның өршуі аnestезиологияның жұмыстан шықанынан кейін бірнеше сағаттан кейін басталатыны байкалды. Эксперименттік жағдайда галатонның азғантай дозасының әсері, гепатиттің өршуіне соктырыды. Ол әртүрлі, гистологиялық, биохимиялық және клиникалық бакылаумен дәлелденді.

Міне осы деректер арқылы, галатонның шындығында гепатит тудыратыны толық көрсетті.

Оқиғаны хабарлаудын тағы бір бағыты, ол аурудын ғажайып, әдеттен бөлек көрінісін суреттеу болып табылады. Кейде бұл «Сенгін келсе сен, сенгін келмессе сенбе» деген медициналық, ғажайып хабарға дейін жетеді. Зақымданудың көлемі комакты болған сайын, бөгде заттың мөлшері керемет үлкен болған сайын, ол туралы хабар тез жарыққа шығады.

Сирек кездесетін оқиға, калыпты жағдайдан ауыткуы көбейген сайын, бұл оқиға клиникалық түрғыдан маңызды және көп толғандырады.

3.2. КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ТҮРІ МЕН ДИЗАЙНЫ

Клиникалық зерттеу (КЗ) - бұл бакылаулы эксперименталды зерттеу, онда зерттелуші профилактикалық, диагностикалық немесе терапиялық шараларды оның эффективтілігі мен қауіпсізділігін анықтау үшін қабылдайды.

Адамдардың катынасуымен КЗ жүргізу ережесі Нюрнберг кодексі және Дүние жүзілік медицина ассоциациясының Хельсинский декларациясы бойынша жүзеге асады. Сонынан клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулерді реттеу мақсатында Дүние жүзілік денсаулық сактау ұжымы (ДДСҰ) 1974 жылы «Адамдарға қолданылатын дәрілерді сараптау әдістемелік ұсынысы» құжатын ұсынды. Осы құжат негізінде АҚШ КЗ –ді жүргізудің халықтық ережесін ұсынды. Ол 1977 жылы «Жаксы клиникалық тәжірибе ережесі» (Good clinical practice, GCP) құжатын енгізді. Осыдан соң басқа елдер де (Европалық Одак, Жапония, Канада, Австралия) осы сиякты ережелерді қабылдады. Барлығын біріктіру мақсатында халықаралық конференциялар (біріншісі 1991 жылы, www.ich.org кара) өткізілді. 1998 жылдан бастап ДДСҰ –ның «Халықаралық стандарттарды Орталық және Шығыс Европа елдерінің клиникалық зерттеу тәжірибесіне енгізу» проектісі қолға алынуда.

Сонымен, GCP ережесі зерттелушілердің құқын, конфиденциалдылығын корғайтын ереже.

Жаңа дәрілерді клиникалық зерттеу процесі төрт бір-бірімен байланысты фазадан тұрады.

Клиникалық зерттеу фазалары

I – фаза – дәрілік нәрсені (активті компонент) бірінші рет адамдарда алғашқы сынаудан өткізеді. Көп жағдайда үлкен емес топка, сау белсенді адамдарға (100 –ге дейінгі) зерттеу жүргізіледі. Зерттелінеді:

- * дәрілік нәрсенін (ДН) бір дозасының жағымдылығы;
- * фармакокинетикалық параметрлері;
- * фармакодинамикалық көрсетпесі.

Маңыздылығы. К3 –дің I-фазасында тексерілуші нәрсенін жағымдылығы, қауіпсізділігі жайында деректер алынып, оны ары қарай зерттеу кажет пе, әлде зерттеуді токтату кажет пе, сол мақсат шешіледі.

К3 –дің I –фазасының **мақсаты** ДН-нің қауіпсізділігі және жағымдылығы жайында алғашқы мәліметтер алып, оның адамдардағы фармакодинамикасы мен фармакокинетикасын анықтап, адамдарда алғашқы эффективтілік көрсеткішін анықтау.

К3 – дің бірінші фазасына, көбінесе, сау белсенділер, сонымен катар ер жас адамдар катынасады. Бұл топ бірдей адамдардан, жоғары селективті, жағымсыз әсерлерге төзімді, жалпы популяциядан алынған, бақылауға колайлы адамдар болуы кажет.

2- фаза – егер дәрілік нәрсе (ДН) қауіпсіз және конымды болса, К3 – дің 2-фазасына көшеді. Бұл фазада ауруы бар көп адамдар (100-300) катынасады, ДН-нің активті ингредиентін қолдану арқылы ем (диагностика және/немесе алдын алу) шаралары зерттеледі.

Бұрын зерттеудің 2- фазасы алдын ала істелінетін клиникалық зерттеу (*pilot trials*) деп аталатын, себебі осыдан алынған қортындыға байланысты кен көлемді, қымбат 3 – фаза зерттеуі жоспарланады.

К3 –дің 2- фазасының мақсаты:

- белгілі бір ауруларда ДН-нің клиникалық эффективтілігін анықтау;
- ДН-нің активті ингредиентінің қыска уақыттағы зерттеу бойынша қауіпсіздігін анықтау;
- ДН-нің терапевтік доза мөлшерін анықтау;
- ДН-нің болашактағы қолдану режимін анықтау.

3 – фаза – егер ДН 2-фазада қауіпсіз және эффективті болса, әрі қарай 3-фазада зерттеледі.

К3-дің 3-фазасында зерттеу дәрілік нәрсенін қауіпсіздігі мен эффективтілігін қолдану ортасына сай жағдайда анықтау үшін мұқиятты түрде жоспарланады. Бұл фазада бірнеше жүзден бірнеше мыңға дейін аурулар катынасады.

К3-дің 3 - фазасының мақсаты:

- ДН-нің қыска және ұзак уақыттағы зерттеу бойынша қауіпсіздігін және эффективтілігін анықтау;
- Тексерілудегі ДН – нің терапиялық құндылығын анықтау;
- Оның өзіндік сипаттамасын білу;

- Жиі кездесетін жағымсыз әсерінің түрін және профилін анықтау.

Бұл фазада койылған мақсатқа байланысты КЗ плацебо, референтті препарат немесе стандартты ем колдану арқылы жүргізіледі. КЗ-дің дизайны бүркемелі немесе ашық түрде болуы мүмкін. Сонымен қатар, КЗ-дің 3 – фазасында жана ДН -ге және стандартты емге фармакоэкономикалық баға беріледі.

Егер ДН зерттеуі КЗ-дің 3 – фазасында оң нәтижелі болса, ДН еліміздің регламенттеуші органдарына, өндірісте шығару үшін және дәріханаларда сатуға лұқсат алу үшін, тапсырылады.

4 – фаза – зерттеуі ДН белгілі бір корсетпелерге байланысты тіркеліп, наукастарға жеткенде істелінеді. Бұл зерттеу маркетингіден кейінгі зерттеу (post marketing trials) деп аталады да, онда жүзделген, мындаған аурулар катысып, көптеген клиникаларды қамтиды. Дәрінің әсер ету көлемі, оның басқа дәрілермен салыстырмасы, жана қабылдау режимін анықтау, жана жағымсыз әсерін анықтау деген сиякты сұраптар шешіледі. Осы тексерулер дәрінің қауінсіздігі мен эффективтілігі жайында маңызды акпарат береді.

КЗ-дің 4 - фазасының мақсаты:

- ДН – нің колдану схемасын жетілдіру;
- ДН –ні колданумен емдеу мерзімін анықтау;
- Тамакпен және тағы басқа ДН-мен әсерін анықтау;
- Басқа стандартты емдеу курстарімен салыстырмалы анализ;
- Дәріні басқа жас топтарында немесе басқа категориялар ауруларда колдану;
- ДН-нің өмір ұзактығына (өлімнің осуіне немесе азайуына) әсері;
- ДН –ні әр түрлі топтарда ұзак колдануды зерттеу.

КЗ-дің 4 – фазасын маркетингіден кейінгі бақылаумен (postmarketing surveillance) шатастырмау керек. Маркетингіден кейінгі бақылауда - тіркелінген ДН – нің колдану мониторингісі, сонымен қатар халықтық және халықаралық жағымсыз әсерді тіркеу системасы қарастырылады.

Зерттеуді жоспарлау

Клиникалық зерттеу протоколы – негізгі құжат. Онда зерттеу жүргізу жоспары, койлатын мақсаттар, зерттеуді жүргізу барысы және тәсілі, зерттеу жүргізушілер, қаражаттандыру, катысуышылар құқы жазылады.

КЗ –ге катысуши топты құру маңызды сәт болып саналады. Бұл кезде зерттеуге кіру және зерттеуден шығару критерій (inclusion and exclusion criteria) аныкталады. Зерттеуге катысуға келушілерді жаксылап тексеріп, зерттеуге кіру критериіне сай, зерттеуден шығару критериіне қарама-қайшыма, анықталып алынады.

Зерттеу барысындағы көрсетпелер стандартты тәсілмен өлшенілетін, клиникалық көрсетпелері халықаралық шкала бойынша бағаланатын болуы керек.

Медициналық шараның эффективтілігін анықтау әр түрлі зерттеу дизайннымен жүргізілуі мүмкін, соған карамастан, емдеу және аурудын алдын алу шарасының эффективтілігін анықтағанда ен қонымдылысы РБЗ.

Клиникалық зерттеу дизайны

Зерттеу дизайны (Study design) – зерттеудің өзіне тән ерекшеліктерін көрсететін жоба мен тәртіб.

Зерттеу дизайнны жіктелінеді:

1. Обсервациялы (зерттеу – бакылау), бұл жағдайда бір немесе бірнеше топ зерттенушілер белгілі бір сипаттамамен бақыланады. Олар *сипаттамалы* (жағдайды сипаттау, бірнеше жағдайлар және бірмоментті көлденен) және *аналитикалық* («жағдай-бақылау» және когортты) болып бөлінеді.
2. Экспериментальды – бір немесе бірнеше топқа әртүрлі шаралар (жаттығулар, дәрі, процедура, ем т.б.) колданылады. Негізінен бұл, медициналық шараларды клиникалық зерттеу.

Обсервациалық зерттеу түрлері:

- жағдайды сипаттау немесе бірнеше жағдайлар;
- көлденен (бір моментті) зерттеу – ауруды әртүрлі көріністерімен көрсету. Бұл диагностика шараларын жетілдіруге, өршу себептерін түсінуге, аурулың туу механизімін түсінуге көмектеседі;
- «жағдай – бақылау» зерттеуінде ауруды кейбір себептермен қосып, оның қауіп факторларын аныктайды;
- когортты зерттеу (проспективті) – аурудың қауып факторларын, себебін және таралуын, болжамын, дамуын зерттейді.

Экспериментальды зерттеу түрлері:

- **Бақылаулы зерттеу** - шара колданылатын пациенттер тобы зерттеу нәтижесі бойынша бақыламалы топпен (шара колданылмаған немесе басқа шара колданылған) салыстырылады; паралелді бақылау; басқа бақылаулар (өзіндік бақылау, қайшыламалы бақылау); сыртқы бақылау (тарихимен қатар) жүргізіледі.
- **Бақылаусыз зерттеу.**
Клиникалық зерттеулер бірнеше принцип бойынша жіктелінеді.

Зерттеу маңсаты бойынша

- Гипотезаны ұсынумен (дәлелдемесі аз, ғылыми құнсыз).
- Гипотезаны тексерумен (дәлелдемелі, ғылыми жоғары бағалы).

Уақыт параметрі бойынша

- Бір моментті (көлденен) – зерттеу объектісі бір рет қана тексеріледі.
- Ұзынынан (лонгитудиналды, динамикалық бақылау) - зерттеу объектісі бірнеше рет қана тексеріледі.

Шараның бар жақтығына байланысты

- Пассивті – аурудың калыпты ағымы, дәрігердің күнделікті шаралары (зерттеушілер катысынсыз) бақыланады.
- Активті – медициналық шараның диагностикаға, емге немесе профилактикаға, көмек көрсету шарасын ұйымдастыруға әсери зерттеледі.

Деректердің жинау уақыты және топты құруы бойынша

- Проспективті – зерттелінетін топ деректі жинауға дейін құрылады.
- Ретроспективті - зерттелінетін топ дерек жиналған соң құрылады.

Жүргізілген зерттеулер дәлелдеудің маңыздылығына байланысты көрсетілген жіктеулер бойынша жіктеледі. Төменде дәлелдеу маңыздылығына байланысты негізгі зерттеу түрлері көрсетілген.

- Бөлек жағдайларды сипаттау.
- Бірнеше жағдайларды сипаттау.
- «Жағдай – бақылау» зерттеуі.
- Аналитикалық бірмоментті зерттеу.
- Проспективті когортты зерттеу.
- Медициналық шаралардың РБЗ-і.
- Зерттеулердің Мета-анализі – бірнеше зерттеулердің косылған қортындысы.

Бөлек жағдайларды және бірнеше жағдайларды сипаттау.

Бөлек жағдайларды сипаттау – ертеден келе жаткан зерттеу түріне жатады, сирек кездесетін ауруды, «классикалық» жағдайды немесе жана феноменді суреттейді. Бұл жағдайда жалпы сипаттама беретін медициналық құжаттар зерттеліп, емдеуі қарастырылып, соңғы нәтижелер көрсетіледі. Бұл жағдайда ғылыми гипотезалар қарастырылмайды. Соған қарамастан бұл тәсіл медицинада маңызды, себебі көп зерттелмеген жағдайлар әр түрлі қыннышылдық алып келуі мүмкін.

Мысалы, бір жерде бірінші рет сирек кездесетін цебоцефалия ауруы табылған. Акпаратта аурудың клиникасы, әйгілі және колданылған емдеу тәсілдері, нәтижесі көрсетілген. Соған қарамастан бұл зерттеу нәтижесі барша халыққа колданылмайды.

Бірнеше жағдайларды сипаттау - зерттеу гипотезасыз бір жалпы сипаттамасы бар бір топ аурулар сипатталынады. Бұндай зерттеулер қысқа уақытта бірінен соң бірі зерттелінеді. Науқастар бұл жағдайда көбінесе бір клиникада емделген, олардың емі және емінің соңғы нәтижесі бақылау тобының нәтижесімен салыстырылмай сарапталады. Мысалы, еліміздің белгілі бір регионында Ленегра ауруы пайда болды. Бұл ауру белгісіз этиологиялық, жүректің өткізгіштік функциясының дистрофиялы және склеротикалы

өзгерісі, жүрекше-карыншалық өткізгіштіктің бұзылуымен көрінетін, миокардтың басқа бөлігі мен тәж артериасында өзгеріс болмауымен көрінеді.

Сипаттамалы зерттеулер эпидемиологияда, мысалы, бақылаусыз факторлардың аурудың пайда болуына тиетін себебін анктағанда колданылады.

Маңыздылығы – тіркеуі онай және әрі карай зерттеуде колдануға болады.

Жетіспеушілігі – объектіні сараптау процессінде және сипаттауда көптеген жылжулар болуы мүмкін.

«Жағдай – бақылау» зерттеуі

ЖБЗ (case – control studies, ағылшынша) - өтіп кеткен зерттеулер (архив бойынша немесе сұрастырумен) белгілі бір ауруы бар топ адамдар («жағдайлар») және аурусыз («бақылау тобы») зерттелінеді. Бақылау тобы сәйкес көрсетпелері бойынша, мысалы, жынысы, жасы құрастырылады. ЖБЗ-і «не болды?», «жағдайдың бақылаудан айырмашылығы неде?» деген сұраптарға жауап береді.

Көп жағдайда – куіп факторларын зерттегендеге - ЖБЗ және когортты зерттеу негізгі зерттеу тәсілі болады, себебі адамдарды әдейі қауіпке ұшыратуға болмайды (шылым шегу, радиоактивті газben дем алу т.б.).

Маңыздылығы – қарапайым, арзан колданылуы жылдам.

Жетіспеушілігі- «жағдай-бақылау» зерттеуінде көптеген жүйелі кателер болуы мүмкін. Ең маңыздысы топ құруда кездесетін жүйелі кателер.

Көлденең зерттеу

Бірмоментті (көлденең) зерттеу – қысқа уақыт ішінде кандай да бір нәтиженің таралуын, ауру ағымының вариантының бағалау, диагностика тәсілдерін колданып немесе көмек көрсету тәсілдерін бақылау, өлшеу, интервью арқылы жүзеге асырылады.

Маңыздылығы – аурулар мен кейбір жағдайларды status quo зерттеуге келетін дизайн, қарапайым, арзандау, жылдам нәтиже алуға болады.

Жетіспеушілігі- хронологиялық байланыстың болмауы; тандау киыншылығы

Проспективті зерттеу

Проспективті (когортты, көлденең) зерттеу белгілі бір уақыт ішінде бакыланатын таңдалап алынған когорт катысушылары катысуымен істелінеді. Басында когортты белгілі алады (немесе екі когортты, мысалы, қауыпке шалынған және шалынбаған когортты топ), сонынан бақыланып, деректер жиналышады. Когортты зерттеудің сұрағы – «Егер адамдар бұл куіп факторына ұшыраса ауыра ма, жок па?»

Маңыздылығы – аурудың даму себебін, куіп факторын және әсер ету көртындысын зерттеудегі ең қонымыды дизайн. Аткару уақытына байланысты жаксы дәлелдеме алу мүмкіншілігі бар.

Жетіспеушілігі- жұмысы көп, ұзак уақытқа созылады, когорттар үлкен болуы қажет, көп каржыландыруды қажет етеді; сирек кездесетін ауруларда колданылмайды.

Ретроспективті деректер бойынша когортты зерттеу – когортты зерттеудің бір варианты. Бұнда когорттар архивті деректер бойынша құрылады және әрі қарай, құжаттармен немесе тексеру арқылы зерттеу жалғастырылады. Бұндай зерттеулер арзан және оперативті, алай да, бұрын істелінген зерттеу көлемімен және сакталған деректермен шектеледі.

Клиникалық зерттеу (КЗ)

Бұл екі немесе одан да көп шараның эффективтілігін (емдік, профилактикалық немесе диагностикалық) проспективті салыстырмалы зерттеуі. Әр түрлі шаралар колданылған топтардағы нәтиже салыстырылады. Бұл кезде тексеріліп жаткан шараның эффективтілік гипотезасы тексеріледі.

Бақылау тобы (салыстырмалы топ) болса, бақылаулы КЗ деп аталады, топ рандомиздеу арқылы құрылса – *рандомизді бақылаулы зерттеу* (РБЗ randomized controlled trial MEDLINE – дегі зерттеу түрлерінің жіктелісі бойынша).

Маңыздылығы – РБЗ нәтижесі наукас үшін маңыздырақ; жүйелі/систематикалық кателер азырақ кездеседі; эффективтілікті бағалауда және шараны тексеруде объективтілеу; катаң дизайнмен істелінген РБЗ дәлелдірек болады.

Жетіспеушіліктері - РБЗ өткізуге ұзак уақыт қажет; кымбат; сирек кездесетін ауруларды зерттеуге жарамайды.

Клиникалық зерттеу келесі нұсқаларға болінеді.


Параллелді – параллелді (бір уақыттық) зерттеу. Активті әсер ету және бақылау топтарында бір біріне байланыссыз катар жүргізіледі. Бұл жие кездесетін зерттеу түрі.

Дайындық периоды

Рандомизация

Сонғы кезең

А емі



Б емі

Зерттеу тобына енгізу

Бастапқы жағдайын бақылау

3.2.1. сурет. Параллелді зерттеу моделінің құрылымының жобасы

Қарама – қарсы зерттеу

Бір топ ауруларында емдеу түрін өзгертумен, араларында дәріні «шығару» периодымен (алдыңғы дәрінің әсерін кетіру мақсатында) жүргізілетін зерттеу түрі. Осындай зерттеу созылмалы патологияларда және аурудың стабилді жағдайында жасалады.

Жұпты – жалпы бір белгіге байланысты негізгі топ қатысушына салыстырма тобынан қатысушы сәйкес келтіріліп істелінетін КЗ түрі.

Бірінен соң бірі зерттеу түрінде, зерттеу екі топ арасында айырмашылық пайда болған кезге шейін істелінеді (зерттеу көп жағдайда күні бұрын жоспарланған уақытта тоқтатылынады).

Себепті/Факторлы протокол – зерттеу косынды шаралар колданылатын топтарда істелінеді. Мысалы, 2×2 факторлы протоколда (емнің 2 түрі үшін) төрт топ құрылады, онын екеуінде екі емнің біреуі колданылады, үшіншісінде – біреуі де колданылмайды, төртіншісінде – екеуі де косылып колданылады. Факторлы модельде дәрінің әр түрлі дозасының әсері және дәрілік препараттың косындысының әсері зерттеледі.

Адаптивті – емді бағалау нәтижесінде нашарлау ем алған топтағы зерттенушілер зерттеу барысында азаяды.

Зелена дизайнны – шараны зерттеу тобындағы қатысушылар салыстырмалы топка көшүіне мүмкіндік беріледі. Зелена дизайнны наукастардың калауы бар шараларды зерттегендеге колданылады.

Мета-анализ

Мета-анализ (MA) – бір-біріне байланыссыз зерттеулерді біріктіретін статистикалық шара. Мысалы, тандап алған бірнеше зерттеулер кортындысын біріктіріп, еліміздің халқы үшінде ұрықта Дауна синдромы бар жүкті әйелдер санын анықтауға болады.

Кебінесе MA емдік шаралар кортындысын тексерген РБЗ–лер ПРКТІРІНДЕ колданылады. Ол үшін жүйелі шолу, барлығына бір шара колданылған белгілі бір аурудағы барлық РБЗ –лерді біріктіреді. Жаксы зерттеулер кортындысы статистикамен біріктіріледі; осы статистикалық жалпылама баға, РБЗ кортындысынан істеленген MA болады.

МА көптеген зерттеулер кортындысын біріктіру үшін колданылады, кейбір жағдайда біріне бірі қарама қайши зерттеулер болса да. MA кортындысының бағалылығы жүйелі шолу бағасына байланысты.



« Ғылыми енбек құндылығы
бұрын баспадан шықкан,
бірақ-та қазір оқуға жаралысыз
мақалалар санымен бағаланады »

Давид Гильберт
(23.01.1862 - 14.02.1943 жж)

4 ТАРАУ

НЕГІЗГІ КЛИНИКАЛЫҚ СҰРАҚТАР

4.1. ДИАГНОСТИКА

Дәрігер наукасқа диагноз кою барысында қандай да бір аурудың наукаста дамуын белгілі бір дәрежеде сезеді. Әсіреле аурудың бастапқы сатысында 100% дәлділікпен диагноз кою мүмкін емес. Қазіргі кезде толған тексеру әдістерінен өте маңыздысын тауып диагноз коюға мүмкіндік жасайды. Қажет емес көптеген диагностикалық тестерді колдану емдеу процессін қымбат етін, ауруға косымша қауып тудырады, мысалы, реактивке аллергиялық реакцияның болуы немесе залалдану.

ДМ-ның негізгі клиникалық сұрақтарын колдану процесі төмендегі мысалмен көрсетеміз.

Науқас M., 1957 жылғы ер адам отбасылық дәрігерге әсіреле тәңертең және темекі шеккен соң болатын кілегейлі-іріңді қақырық болеттің персистикалық жөнделге, азантай физикалық жүктемеге байланысты, соңғы кезде тыштықта болатын ентікпеге шағым жасайды. Бұл симптомдар бірнеше жылдан бар, соңғы кезде күшеюде. Соңғы жылды ауруда әлсіздік, жылдам шаршау, тәбетінің нашарлауы, әсіреле түнгі терішебіл мазатайды. Ауру 30 жыл шылым шегеді, кейбірде 40 шылымнан артық шегеді күніне. Күнделікті шылым шегінде 20 темекі.

Бұл науқасқа әр түрлі емдеу мекемелерінде созылмалы бронхит диагнозы қойылып, бірақ та сисистематикалық ем атған емес. Созылмалы бронхиттің оршуи бойынша бірнеше рет стационарда да емделді. Соңғы б-7 жыл ішінде ауыр күзгі – қысқы оршуи кезінде ентікпеге тіпті тыныштықта пайда болып, терісінің болар- болмас көгеруін байқаган, өкпесінде сырыл пайда болған, соган байланысты дәрігерге келуге мәжбір болған. Анамнез деректері бойынша дәрігер ауруда тыныс жетіспеушілігімен асқынған созылмалы обструктивті бронх ауруы (СОБА) деп ойлаган. Науқас диагнозды қою үшін қандай тексерулер өтіп, жағдайын жақсарту үшін қандай ем тағайындастырының білгісі келеді. Ал дәрігер диагнозды дәлелдеу үшін қажетті диагностикалық шараларды қолданғысы келеді.

Әр түрлі дәрігерлердің жылдар бойы қойған диагнозы дұрыс болмауы да мүмкін.

Тесттің диагностикалық дәлдігін бағалағанда, қандай тест (референтті тест) аурудың бар – жоктығын көрсетеді. Традиционды бұндай тестке өлікті сою материалы жатады, қазіргі кезде тірі адамдарға колданатын, мысалы, вазография. Жалпы медициналық тәжірибеде ондай шаралар қымбаттылығы мен жаракаттылығына байланысты қолданбайды. Жиерек басқа тестілер, айталық, вазография орнына тамырлады ультрадыбыспен зерттеу колданылады. Шындығында, ультрадыбыспен зерттеуге сене алымыз, егер оның тұжырымы вазография кортындысына сай келсе. Тексеру тестісінің кортындысын референтті тест кортындысымен салыстырғанда 4 вариант кортынды көрсетуі мүмкін.

Ауру бар жоктығына диагностикалық тесттің сәйкестігі.

		AYPY	
		БАР	ЖОҚ
TEST	ОҢ	шынайы он a	ондау b
	ТЕРИС	терістей c	шынайы теріс d

Тест колданғанда ауру бар ма жок па деген сұрапқа жауап:

- шынайы он (өзгеріс те бар ауру да бар)
- шынайы теріс (өзгеріс те ауру да жок)
- терістей (өзгеріс бар болғанмен ауру жок)
- ондау (өзгеріс жок, бірақ та ауру бар).

4.2. ЕМДЕУ МЕН ПРОФИЛАКТИКА

Дүние жүзінің көптеген дәрігерлері өз ауруларына мындаған диагноздар койып ем тағайындалды. Оны озінің тәжірибесі бойынша, окульктар бойынша дұрыс деп сандыды.

СОБА бар M-ауруына келетін болсақ, диагноз қойылған соң терапиялық шара басынан тағайындалды. Науқасқа шылым шегуді тастау керектігі, болмай жатса шылымга тәуелділікті жою үшін маманга бару керектілігі айтылды. Сонымен қатар дәрігер ауру өзінің жагдайын бағалай білуіне, дұрыс тамақтануға және физикалық жүктеме режиміне, демалу жаттығулары сияқты реабиотация тәсіліне үйретті. Медикаменттер ішінен бронх кеңейтетін препараттар тобынан м-блокаторлар (ипратропиум бромид) және қақырықтың физикалық қасиетін жақсартатын (ацетилцистеин ингаляция түрінде) дәрі тағайындалды.

Қандагы газдарды өлшеу нәтижесі бойынша, дәрігер науқасқа үй жағдайында ұзак үақытқа портативті оттегі концентраторы арқылы оттегі терапиясын тағайыннады. СОБА-ның орушуін болдырмау үшін жыл сайын күзде грипке қарсы вакцинация алу ұсынылды.

Неге дәрігер біріншіден темекі шегуді тоқтатуды ұсынды? Шегуді тоқтату мен ауруды үйретуден қандай нәтиже күтүгө болады? Бронхты кеңейткітін дәрі мен оттегі не береді? Дәрігер тәжірибесінде осы шараларды қолдану арқылы емдеу тәжірибесі болды ма немесе бұл жайында гылыми деректер бар ма? Осы шаралар ауру болжасына әсер ете ме? Олар ауру өмірі мен қасиетін жақсартма ма?

Бұл сұраптарға жауап беру үшін ғылыми жұмысшылар мен клиницистердің жоғары енбегі қажет. Бақытқа карай, көптеген емдік шараларға дәлелдемелі зерттеулер бар. Жақсы істелінген зерттеулерде көрсетілмеген шаралар жайында ДМ тікелей бұйырады: бұндай шаралар ауруды емдеу үшін колданбауы қажет деп.

ДМ принциптерін практикаға енгізбес бұрын медициналық шараның эффективтілігі аурулар мен дәрігерлердің клиникалық бақылауы нәтижесінде құрылды. Емдеу шарасының тіршілікке әсері міндетті болмады. Егер тағайындалған ем жағдайдың жаксаруымен көрінсе, ол көбінесе ауру патогенезі мен жағдайына байланысты - осындағы ем эффективті деп саналды. Біртіндеп деректердің жиналуына байланысты, осындағы шараларға талап та өзгерді. Мысалы, ауыр жаракаттанудан кейінгі кан қысымын қалыпты жағдайда ұстап тұратын альбумин (кристаллоидты ертінділер инфузиясына қарағанда) аурулардың тірі қалуына көмегі жок екекні аныкталды. 2007 жылы көлемді операцияларда кан кетуді азайтатын апротинин, операциядан кейінгі кезенде жүректамыр ауруларының өсуіне алып келді. Сондықтан да, әр медициналық шараны колдану жаксы істелінген зерттеулермен катар жүрү қажеттігін туғызады.

Қазіргі жағдайда шараларды колдану жайындағы жеке макалалар емес, РБЗ нәтижелері - жүйелі шолу белгілі бір шара қолдануды шешу үшін колданады (3.2. тарауды кара). Емнің спецификалық эффективті бар ма әлде жок екенін анықтайтын - жүйелі шолуды құру үлкен енбек.

4.3. БОЛЖАМ

Ауру болжамы – оның болашактағы ағымын көре білу. Болжамды зерттеу аурудың тіршілігін ғана емес оның өмір сапасының өзгерісін, егер ауру басқа түрде өтетін болса, науқастың мүмкіндігін де қарастырады.

Науқас М мен оның емдеуші дәрігерін толғандыратын сұрақтың бірі - әрі қарай ауру қандай ағым алар екен? Шылым шегуден бас тарту ауру ағымына әсері болар ма екен? Өкпе функциясы жақсара ма, жақсарса қанша үақыт өткен соң? Ұсынылған ем ауру өмірін соза ма? Тыныс жетіспеушілік күшінде түссе ме? Қашан аурудың басқа асқынулары,

мысалы, өкпе артериалды гипертензиясы, өкпе текті жүрек дамиды? Ауру қанша жыл өмір сүруі мүмкін?

Болжамды зерттеу

Аурудың калыпты ағымын тексеру үшін когорттық зерттеу істелінеді. Онда бірдей сипатты, мысалы, белгілі бір ауруы немесе жағдайы бар адамдарды біріктіріп, ұзак уақыт ішінде бакылау жүргізеді.

Белгілі бір нәтижеге байланысты жағдайды, мысалы, өлім - болжам факторы деп атайды. Зерттеу нәтижесі арқылы осы сипаттамалар ауру даму себебі бола алатындығын айқындайды.

Мысал ретінде Норвегияда өткізілген ірі зерттеуді айтуда болады. Онда 30 жыл ішінде респираторлы симптомдардың өлімге алып келу болжамы анықталды. Бұл популяциялы проспективті когортты зерттеуде авторлар 11 түрлі респираторлы симптомдардың 30 жыл ішінде өлімге әсерін көп факторлы анализ арқылы зерттеді. Нәтижесінде, ер адамдарда ешқандай симптомдар болмағандармен салыстырмалы қауіп жоғары 1,36 (жөтеден) 2,46 (ауыр демікпеге шейін); әйелдер арасында 1,28-ден 1,52. Қарастырылған енбек 30 жылдық период ішінде респираторлық шағымдар өлімнің предикторы болатынын көрсетті.

4.4. АУРУ СЕБЕБІ

Себебке жалпы жатқызады «эффект немесе нәтиже беретінді». Себебшілік философиялық проблема, бірак та медицинада себеп сұрағы жие қарастырылады. Бұл мағынамен көбінесе клиницистер мен ғылыми қызыметкерлер ауру және әртүрлі жағдайлар себебін қарастырганда кездеседі. Себебін білу дәрігер үшін ем тағайындауға, ауруды жүргізу тактикасын анықтауда, ауру диагностикасы мен профилактикасында маңызды. Дәрігер практикасында аурудың себебін білу маңызды. Мысалы, канда холестерин және басқа да липидтерді анықтау холестериннің канда осуі атеросклероз себебі болатынына байланысты, оның өзі көптеген тамыр ауруына алып келетіні белгілі. Липидтер концентрациясының калпына келуі ауырғандық пен өлімнің азаюына алып келетіні дәлелденген. Әсіреле себепті білу инфекциялық ауруларда, ауру себебін іздеу эпидемиологиялық процесстің негізгі сатысы болып келетін, ал себеп инфекциялы процесстің өзі болатын, маңызды. Мысалы, пневмонияда антибиотиктер тағайындалады, себебі пневмококк сияқты тағы да басқа микроорганизмдерге, пневмонияның дәлелді себебі болып келетін, ол өлтіре әсер етеді.

.Ауру себебін анықтау профилактикада да маңызды. Мысалы, СПИД себебі иммунодефицит вирусы екені белгілі. Бұл аурумен көбінесе инъекционды наркомандар жие ауырады. Соңыктан да, наркотикалық нәрселердің таралуына карсы жұмыс, дәрілі және химиялық нәрселерді көп колдану көптеген ауыр аурулар себебі болатына байланысты.

Себептер түрі

XIX ғасырдың аяғында Роберт Кох ауру себебіндегі инфекциялы агент ролі жайында ереже енгізді. Ол әр бір ауру бір себептен, ал белгілі бір себеп бір ауру туғызады деп санады. Оған шейін бір ауруды бірнеше бактерия туғызады деп саналатын. Сонынан белгілі бір микроб белгілі бір ауру себебі болатыны дәлелденді. Мысалы, грамтеріс легионелла легионеллез туғызатыны, ал ВИЧ СПИД туғызатыны сиякты.

Кох кезінде де оның постулаты барлық жағдайда колайлы емес екені көрінді. Эрине, «бір себеп бір ауруға» деген женіл сөз, кейірде анықталған қоздырыш та ол ауруды туғызбауы мүмкін. Қазіргі кезде шылым шегу 25 ауру туғызатыны белгілі, оның ішінде СОФА/ХОБЛ, өкпе рагі, жүректің ишемия ауруы т.б. Алкоголге салына ішу - бауырдың алкогольді ауруының, миокардиодистрофия, психикалық тәуелділік, парадоксальді мас болу, жедел психоз тағы басқа аурулар себебі болады. Сонымен катар жүректің ишемия ауруы ешқашан шылым шекпегендерде де кездеседі. Себептеріне артериалды гипертензия, тұра біткен дефектілер, кейірде себебін анықтауда да белгісіз болады.

Көп жағдайда ауру бірнеше комплексті катар әсер ететін факторлар немесе себептер әсерінен пайда болады. Тіпті инфекциялы ауру да жалғыз инфекциялы агент әсерінен ғана тумайды, оған басқа да параллелді басқа себептер әсер еткенде дамиды, мысалға, туберкулез.

Басқа мысал, СПИД, ВИЧ инфекциясымен контактіде, скальпельмен кесіп алғанда (1000 ішінен 3-4 адамда) дамиды, вирустық гепатит В мен С-ға қарағанда.

Себепті анықтау: себеп пен оның әсері арасындағы қатынас

Барлық себепші факторларды тауып немесе шектеу медицинада мүмкін емес. Бірақ та дәлелдеу арқылы ауру туу себебіндегі факторлардың бар жоқтығын дәлелдеуге болады. Белгілі бір фактор ауру себебі екенін дәлелдеуге болады. Егер де екі зерттелуші жағдайлар арасында корреляция бар болса, олар бір-бірімен себеп арқылы бағынышты. Сонымен бірге корреляция себеп-әсер байланысының дәлелдемесі бола алмайды.

Себеп-әсер байланысының бірнеше критері көлтірледі.

- Себеп пен эффект арасындағы дұрыс уақыттық қатынас.
- Қатынас күші.
- Эффектінің дозаға байланысы.
- Қайтымды қатынас.
- Қатынастың мықтылығы.
- Биологиялық шынайылық
- Специфиялық.
- Аналогия.

4.5. КЛИНИКАЛЫҚ ҰСЫНЫС

Клиникалық ұсныныс – тәжірибелі дәрігерге ауру профилактикасы, диагностикасы жайында маңызды ақпараты бар, әрдайым жаңартылып тұратын, көзіргі заманға сай ақпарат өзегі.

Клиникалық ұсныныска Ұлыбритания, Канада, Германия, Франция, Финляндия тағы басқа елдер мамандары халықаралық талаптар жинағын енгізді.

Көптеген елдерде дәрігер жұмысын жеңілдету мәссаңда ақпаратты іздел оны сараптау дәлелді медицинаның әдейі бөлімдеріне жүктелген. Осындағы бөлімдер белгілі бір проблематикаға байланысты медициналық әдебиеттерді мониторлап, дәрігерлерге ғылыми зерттеулерді критикалық бағалауға үйретеді, басты проблемаға байланысты жана эффективті шараларды енгізу программасын жүзеге асырады.

Осындағы іс алдыңғы катарлы ғылыми женістер мен күнделікті тәжірибе арасын жақыннатады, тәжірибеле маңызды жұмыстарды жеткізеді және енгізуге көмектеседі.

Әртүрлі ғылыми зерттеулердің практикаға жеткізу нәтижесі - клиникалық ұсныныс (КҰ, клиникалық басшылық, науқастарды жүргізу протоколы, ағылышынша - clinical guidelines), дәрігерлер мен аурулар үшін, медициналық көмек жайында шара колдану мәссаңда, әдейі әдістемемен қарастырылған құжаттар.

КҰ даярлау методикасы әрдайым жаңартылып тұрады. Әйгілі әдістеменің бірі Шотландық КҰ – ты әзірлеу бағдарламасы (<http://www.sign.ac.uk/>). Ауру профилактикасы саласында ең алдыңғы катарлы Канадалық бағдарлама болды, көзіргі кезде ол америка - канадалық деп аталып, өзінің методологиялық өзгешелігімен көрінеді (<http://www.ahrq.gov/clinic/uspstfix.htm>). Сонымен катар Канадада емхана медбикелеріне арналған бағдарлама да бар (http://www.hc-sc.gc.ca/fniah-spni/pubs/nursing-infirm/2000_clin-guide/index_e.html).

Басқа ақпарат көздерімен салыстырылғанда КҰ белгілі бір мәселеге, сұрапқа байланысты қарастырылады, мысалы, хирургия бөліміндегі жара инфекциясының профилактикасы. Бұл кезде барлық сұрапқтар қамтылады – хирургтің ғұмысынан бастап, инструменттер мен қол жуу технологиясына дейін, ауруханага кіру режимі, киімді аудыстыру, ірінді асқынуды тіркеу мен тергеу процедурасы. КҰ қарастырылатын осыншама сұрапқтар әр түрлі деңгейде ғылыми дәлелденген. Мысалы, жаракаттан кейін жараны жабу технологиясы бойынша бірнеше РБЗ бар, ал инструменттерді залалсыздандыру жайында – тек қана лабораторлы зерттеулер, бетперде/маска киудін әсері жайында РБЗ деректері бар, персоналдың үстінен киетін киімі жайында зерттеулер жок. Сондыктan да, КҰ – тағы жеке сұрапқтар әр түрлі дәрежеде ғылыми дәлелді.

Дәрігер КҰ – пен ғұмыс істенгенде, құрастыру технологиясына көніл бөлуі қажет. Оған жатады:

1. ғұмыстың, нәтиже варианттарының формулировкасының айқын болуы;

2. аурудың және шараның барлық болатын варианттары карастырылады;
3. ізденіс, талдау және жалпылаудың маныздылығы;
4. әр түрлі нәтижелерді карастырудағы сенімділік;
5. КҮ белгілі бір саладағы жакын арадағы манызды нәтижелерді қамтиды;
6. КҮ тәуелсіз рецензия өтеді;
7. КҮ манызды практикалық шешімдерден тұрады, олар дәлелді деректермен дәлелденген;
8. КҮ ұсынылатын технологияны енгізудегі шығын саналған;
9. КҮ Сізге кажетті проблемага сәйкес келеді, сонымен катар сіздің практиканың ерекшелігін ескереді (мысалы, қала емханасы жағдайында қант диабетімен ауруларды жүргізу КҮ – сы, ауылдағы отбасылық дәрігер жұмысына жарамды емес;
10. КҮ құрастырушылары КҮ – та өзінің мақсатын приоритетін көрсетеді. Мысалы, мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру бойынша КҮ-та заманға сай эффективті, бірақ та өте қымбат шараны КҮ-ка енгізбеуі де мүмкін. Керісінше, экономикасы дамыған елдер және жаксы қаржыланатын бағдарламаға енген елдердің КҮ-на кедей елдер колы жетпейтін технологияны қолдану кіруі мүмкін. Сонымен катар, дамыған елдердің КҮ-да кол жетерлік, жаксы тексерілген орташа эффективті шаралар орнына қымбат, жоғары эффективті шаралармен ауыстырылуы, қолданылуы мүмкін;
11. КҮ құрастырушылары арасында потенциалды көтермелей болуы мүмкін. Медицинаның көптеген лидерлерінде медициналық құралдар немесе дәрі шыгаратын өнеркәсіппен, фармацевтикалық өндіріс акциясымен профессионалды және экономикалық байланыс болуы мүмкін. Осы байланыстарға байланысты осындағы құнды мамандар КҮ-ка популяцияға аса маңызды емес шараларды енгізуі мүмкін. Сондыктan да, КҮ құрастырушыларына квалификациясы төмен болса да, қызығушылығы аз адамдар алынуы кажет.

Қазігі кезге шейін қазақша бір де бір КҮ құрастырылған жок. КҮ-ты құрастыру ұзакка созылатын және қымбат процесс болғандықтан, бір де бір ел барлық кажетті КҮ-ты құрастыра алмайды және оны дер кезінде жаңғырта алмайды. Сондыктan да халықаралық тәжірибелеге көніл болу кажет. Ең көп шоғырландырылған сапасы жоғары КҮ коллекциясын <http://www.guidelines.gov> сайтынан табуға болады. Ұлыбританстан стандарттау программысы <http://www.hcsu.org.uk> сайтында. Оперативті түрде ауру аты немесе шараны кілтті сөздермен жалпы ауруларға арналған жаксы ұсыныстар аркылы да табуға болады.



«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды:
есітіп, көрін, үстап, татып ескерсе,
дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы,
сондайдан білгені, коргені көп болған адам білімді
болады.

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі
өзі де есті болады...

Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді
ескерсе,
жаман дегеннен сактанса,
сонда іске жарайды,
сонда адам десе болады,»

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904)

5 тарау

ОҚУЛЫҚҚА ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

**«Дәлелді медицина негіздері» пәнін толық менгеру максатында
көлданылатын сұраптар жинағы:**

1. Дүниежүзілік Медицина Ассоциациясының Хельсинки декларациясы.
2. Биомедициналық зерттеулердің негізгі принциптері.
3. Суреттемелі зерттеулерге (когорттық, көлденен) аныктама бер.
4. Когорттық анализ принципі.
5. Когорттық зерттеуді жүргізу.
6. Когорт мүшелеріне койылатын талап.
7. Жабық және ашық когорт.
8. Когорттық зерттеудің артықшылығы мен жетіспеушілігі.
9. Когорттық зерттеудегі систематикалық кателерді дұрыстау тәсілдері.
10. Жағдай сериясы: оның күшті жактары.
11. Когорт деген не?
12. Инциданс, преваленс деген не?
13. Аналитикалық зерттеуге аныктама бер (жағдай – бақылау, бақылаулы зерттеу).
14. Жағдай-бақылау зерттеуінің (ЖБЗ) методикасы.
15. Жағдай-бақылау зерттеу проблемасының маңызы.
16. Жағдай-бақылау зерттеуінің дизайны.
17. Аппарат кателері.
18. Жағдай-бақылау зерттеуінің басқа обсервациалы схемалардан өзгешелігі нede?
19. Жағдай-бақылау зерттеуіндегі таршылық немен байқалады?
20. Жағдай-бақылау зерттеуі қашан қажет?
21. ЖБЗ –нің тексеру көзі қандай?
22. Дүниежүзілік Медициналық Ассоциацияның Женева декларациясы нені аныктайды?
23. Дәлелдеме иерархиясындағы жүйелі шолудын (ЖШ) орны.
24. Жүйелі шолу (ЖШ) структурасы және оның жүргізу сатысы.
25. Эффективтілікті дәлелдейтін клиникалық ұсыныс (КҰ) бөлімдері.
26. Ұсыныстың дәлелділігін көрсетеді? Көрсетініз: -----
27. Жүйелі шолуға (ЖШ) аныктама беріңіз.
28. Дәлелді медицинаның аныктамасы.
29. Дәлелді медицинада колданылатын негізгі терминдер.
30. Дәлелді медицинаның Қазақстан денсаулық сактау жүйесін дамытудағы маңызы.
31. Дәлелді медицинаның жобасы.
32. Дәлелді медицина тарихы.
33. Дәлелді медицинадағы 5 қадам.
34. Клиникалық эпидемиология дегеніміз не?
35. Сіздің ойынызша денсаулық сактаудағы дәлелді саясат дегеніміз не?
36. Фылыми дәлелдеме мен дәрігердің жеке тәжірибесі арасындағы айырмашылыкты көрсет.

37. Дәлелді медицина (ДМ) бойынша жағымсыз клиникалық практика деп нені айтамыз?
38. Дәлелді медицина бойынша медициналық көмек кателері мен проблемаларын жіктеңіз.
39. Медициналық көмек эффективтілігі деген не?
40. Медициналық көмектің кол жетімділігі деген не?
41. Ауру диагностикасы мен емін дәлелсіз қолдануға мысал келтірініз.
42. Клиникалық практикалық нұсқау аныктамасы.
43. Клиникалық нұсқау құрудагы ДМ принциптері.
44. Клиникалық нұсқау құрудагы койылатын талап.
45. Клиникалық нұсқау түрлері.
46. Клиникалық нұсқауды практикалық медицинаға енгізу.
47. Клиникалық практикалық нұсқаудың артыкшылығы мен жетіспеушілігі.
48. Клиникалық практикалық нұсқаудың медициналық көмек көрсету станартынан айырмашылығы неде?
49. Клиникалық практикалық нұсқау сапасын қалай аныктайды?
50. Клиникалық практикалық нұсқауды жемісті енгізу стратегиясы.
51. Халықаралық клиникалық практикалық нұсқаудың жергілікті нұсқаудан айырмашылығы неде?
52. Клиникалық практикалық нұсқау көзі не болады?
53. ДМ-ның 2 сатысының тұжырымдамасы неде?
54. Фылыми мақалада не анализденеді?
55. Кортынды валиднісінің аныктамасы.
56. Кортындының маңыздылығының аныктамасы.
57. Кортынды қосымының аныктамасы.
58. Жазылған кортындының бағасы.
59. Статитикалы бағалы және клиникалы бағалыға түсініктеме.
60. Зерттеу дизайнін бағалау.
61. Дәріні зерттеудегі аурулар топтарына койылатын талап.
62. Клиникалық зерттеу сатылары.
63. Клиникалық зерттеудің 1 сатысының сипаттамасы.
64. Клиникалық зерттеудің 2 сатысының сипаттамасы.
65. Клиникалық зерттеудің 3 сатысының сипаттамасы.
66. Клиникалық зерттеудің 4 сатысының сипаттамасы.
67. Клиникалық зерттеу дизайні аныктамасы.
68. Дизайн бойынша зерттеу жіктелісі.
69. Шешілтін сұрап және дизайні зерттеу арасындағы қатынас.
70. Дәріні сынаудағы рандомизді бакылаулы зерттеу ролі.
71. Терминология және қазіргі позиция бойынша ДМ аныктамасы.
72. Клиникалық эпидемиологияның даму тарихы.
73. Клиникалық эпидемиологияның Қазақстанда дамуы.
74. Клиникалық эпидемиологияның максаты.
75. Клиникалық эпидемиологияның методологиясы.
76. Клиникалық эпидемиологияның негізгі принциптері.
77. Клиникалық эпидемиология негізін білу клиницист үшін маңыздылығы.

78. ДМ-ның пайда болу себебі.
79. Шет елде Дәлелді медицинаның даму тарихы.
80. ТМД елдерінде Дәлелді медицинаның даму тарихы.
81. КР-да Дәлелді медицинаның дамуы.
82. Дәлелді медицинаны енгізуедегі негізгі проблемалар.
83. Клиникалық зерттеудің методологиялық сапа көрсетпесі.
84. Сапалы клиникалық зерттеу неге бағышталған.
85. Рандомизация деген не? Түрі.
86. Рандомизация сапасын бағалау.
87. Валидтілік анықтамасы.
88. Клиникалық зерттеу көртындысының валидтілігін бағалау.
89. Жүйелі шолу деген не?
90. Жүйелі шолу мақсаты.
91. Жүйелі шолуда қандай сұраптар қарастырылады?
92. Жүйелі шолу қалай жүргізіледі?
93. Зерттеу көзі?
94. Жүйелі шолу мысалдары.
95. Мета-анализ жүргізу мақсаты мен принципі.
96. Жүйелі шолу және мета-анализ көзі.
97. Мета-анализ көртындысын қалай түсінуге болады?
98. ДМ-ның 4 сатысы нені көрсетеді?
99. Медициналық аудит анықтамасы.
100. Медициналық аудит мақсаты.
101. Медициналық аудитті тағайындау.
102. Практикадағы өзгеріске кедергі.
103. Медициналық аудит жоспарын күру мысалы.
104. ДМ-ның 5 сатысы нені көрсетеді?
105. Клиникалық аудиттегі болып қалатын қателер.
106. Клиникалық аудит жүргізде қателер табу тактикасы.
107. Аудитті қайталауды жоспарлау.
108. Клиникалық аудиттің дәрігер және ауру үшін маңызы.
- 115 ДМ-ның екінші сатысы нені көрсетеді?
- 116 Іздеу жүргізу алдында не білу кажет?
- 117 Жарық көрген басылымдардан информацияны алдын ала іздеу қалай жүргізіледі?
- 118 Акпараттың қандай электронды ресурсы бар?
- 119 Интернеттен акпарат іздеу методологиясы (ізденісті қыскарту, косуды колдану)
- 120 Интернеттен акпарат іздеуде кілтті сөздерді колдану
- 121 Библиографиялық медициналық акпарат іздеу Жүйесі – Medline деген не?
- 122 Интернеттен акпарат іздеудегі қателер
- 123 Клиникалық практикалық нұсқау колдану мақсаты.
- 124 Клиникалық практикалық нұсқау дәлелдемеге сүйеніп дайындау сатысы

- 125 Дәлелдемеге сүйеніп дайындалған Клиникалық практикалық нұсқау пректісі
- 126 Дәлелдемеге сүйеніп дайындалған Клиникалық практикалық нұсқауды енгізу
- 127 Клиникалық эпидемиологиядағы традициалы иерархия дәлелдемесі
- 128 Когортты зерттеудегі клиникалық зерттеу сипаттамасы
- 129 Рандомизация жайында түсінік
- 130 Рандомизді бакылаулы зерттеу тәсілі
- 131 Рандомизді бакылаулы зерттеудің дәлелдеме иерархиясындағы орны
- 132 ДМ –дағы статистика терминологиясы: преваленс, инциденс, сезімталдық, специфиялық т.б.
- 133 Диагностикалық зерттеуде кандай статистикалық көрсеткіштер колданылады?
- 134 Когорттық зерттеуде және РК зерттеуде кандай статистикалық көрсеткіштер колданылады?
- 135 Жағдай-бакылау зерттеуінде кандай статистикалық көрсеткіштер колданылады?
- 136 Латын квадратына аныктама
- 137 Сезімталдық, специфиялықты санау.
- 138 Оң және теріс нәтижени болжамдау
- 139 Характеристік кисық жайында түсінік
- 140 Шанс катынасы, шындық катынасы, прогноз бағасы сияқтылар аныктамасы және оны санау
- 141 ДМ –ны колданудағы негізгі сатылар
- 142 Клиникалық сұрап кандай болуы керек?
- 143 Клиникалық сұрап түрлері: базалық, прикладные
- 144 Клиникалық сұрап түрі
- 145 Жаксы құрылған сұрап сипаттамасы
- 146 Проблеманы анықтау методикасы
- 147 Дұрыс құрылған клиникалық сұрап анатомиясы
- 148 PICO деген не?
- 149 Сұрап құрудағы жетіспеушілік
- 150 Үйлімы клиникалық зерттеу жіктелісі
- 151 Клиникалық эпидемиологиядағы традициалы дәлелдеу иерархиясы
- 152 Жағдай-бакылау зерттеуіндегі клиникалық зерттеу ерекшелігі
- 153 Жағдай-бакылау зерттеуінің манызы
- 154 Жағдай сериялары түріндегі зерттеудегі клиникалық зерттеу сипаттамасы
- 155 Қолденен зерттеуінің сипаттамасы, колданылуы, жетіспеушіліктері
- 156 Эпидемиология мен жалпы денсаулық арасындағы қарым-қатынас
- 157 Науқастар приоритеті кандай?
- 158 Дәрігер приоритеті кандай?
- 159 Науқаска бағышталған медицинаның негізгі жағдайы

Пән бойынша дағдыларды, іскерлікті, білімді бағалау үшін өзіндік жұмысқа арналған тапсырманы орынданызы:

1.1. тапсырма

PICO принципін колданып, клиникалық проблеманы құрастырудың әр кезеңінің сипатамасын талданызы, 1.1. кестені толтырынызы.

1.1. кесте. Клиникалық сұрапты құрастыру кезеңдері

	Нені білдіреді:	Құрастыру үлгісі
Patient/people		
Intervention		
Comparison		
Outcome		

1.2. тапсырма

А дәлелділік деңгейіне сәйкес келетін клиникалық зерттеулерге қойылатын негізгі талаптарын сипаттаңызы, 1.2. кестені толтырынызы.

1.2. кесте. Клиникалық зерттеулерге қойылатын талаптар

Клиникалық зерттеуге қойылатын талаптар	Нені белдіреді?	
Бақыланбалы		
Рандомизацияланған		
Проспективті		
«Сокыр»		
«Кос сокыр»		

1.3. тапсырма

Дәрілік заттарға өткізілетін клиникалық зерттеулердің әр кезеңінің сипаттамасын талданызы, 1.2. кестені толтырынызы.

1.3. кесте. Клиникалық зерттеулердің кезеңдері

Клиникалық зерттеудің кезеңі	Клиникалық зерттеудің мақсаты	Клиникалық зерттеудің катысушыларының мінездемесі
I кезең		
II кезең		
III кезең		
IV кезең		

«Дәлелді медицина негіздері» пәні бойынша дағдыларды, іскерлікті, білімін бағалауға арналған тесттер жинағы:

1. Дәлелді медицина тәжірибесі дегеніміз:

- A) Жүйелі зерттеуден алынған негізделген озық дәлелдемелерді жеке тәжірибелі алып тастап колдану
- B) Жүйелі зерттеуден алынған негізделген озық дәлелдемелерді және дәрігердің жеке профессионализімін біріктіріп колдану
- C) Жеке мамандығын берілген аймактағыabyroyлы мамандардың пікірімен біріктіру
- D) Алғашқы клиникалық зерттеуден алынған емдеу әдістерімен тек кана жаңа диагностикалық тесттерді қолдану
- E) Клиникалық тәжірибелі өткізуде алынған клиникалық ойлаумен квалификациясын қолдану

2. Дәлелді медицина жұмысына жатпайды:

- A) наукасқа колдану үшін дәлелдемелерді іздестеру
- B) науқасқа қатысты дәлелдемелерді салыстыру
- C) наукасқа қатысты колданылатын дәлелдерді топтастыру
- D) дәрігерлер тәжірибесінде алынған дәлелдемелерді кен көлемде енгізу
- E) фармацевтикалық компаниялардың ұсыныстарын ескере отырып жаңа дәрілерді ұсыну, енгізу

3. Дәлелді медицина тұрғысынан белгілі клиникалық жағдайды шешүде нені ескерудің қажеті жок:

- A) халықаралық клиникалық ұсыныстарды
- B) жеке клиникалық ойлауды
- C) дербес қаржыландыру тиімділігін
- D) пациенттің тандауын
- E) жаңа сапалы клиникалық ақпаратты

4. ДМ –ның әдістемелік негізіне жатады:

- A) эпидемиология
- B) клиникалық медицина
- C) клиникалық эпидемиология
- D) әлеументтік эпидемиология
- E) ғылыми эксперимент

5. ДМ-да не талқылауға жатпайды:

- A) болжамы
- B) акыры
- C) бағасы
- D) патогенезі
- E) емі

6. Дәлелдеудін төменгі деңгейіндегі кандай зерттеулерде:

- A) Оқиға - бакылау зерттеу түрі
- B) Рандомизацияланған бакылаулы зерттеуде
- C) Когортты зерттеуде
- D) Клиникалық ұсыныстар
- E) In vitro зерттеуі

7. Кандай зерттеулердің дәлелдеу деңгейі жоғары?

- A) Когортты зерттеу
- B) Оқиға - бакылау зерттеу
- C) Рандомизацияланған бакылаулы зерттеу
- D) Рандомизацияланбаған бакылаулы зерттеу
- E) Оқиғалар сериясын жазу

8. Ретроспективті зерттеуге не жатады:

- A) Оқиға - бакылау зерттеуі
- B) Оқиғалар сериясын жазу
- C) Рандомизацияланбаған бакылаулы зерттеу
- D) Когортты зерттеу
- E) Жануарларға жүргізілетін зерттеулер

9. Кандай зерттеу сипаттап жазуға жатады:

- A) Когортты зерттеу
- B) Оқиға - бакылау зерттеуі
- C) Рандомизацияланған бакылаулы зерттеу
- D) Бір мезгілдік қолданен зерттеу
- E) Рандомизацияланған бакылаулы зерттеу

10. Ауру қауінін туғызатын факторлардың кандай зерттеулерде анықтауға болады?

- A) Рандомизацияланған бакылаулы зерттеу
- B) Қолданен зерттеу
- C) Оқиға - бакылау зерттеу
- D) Оқиғалар сериясын жазу
- E) Клиникалық ұсыныстар

11. «Қанша» деген сұралқка кандай зерттеу жауап береді?

- A) Қолданен зерттеу
- B) Когортты зерттеу
- C) Рандомизацияланған бакылаулы зерттеу
- D) Оқиға - бакылау зерттеуі
- E) Мета-анализ

12. Сәбілерде көкжөтел вакцинасын еккеннен кейін пайда болған неврологиялық асқынулар бойынша көкжөтел вакциналарын өндірушілерге карсы іс козгалса кандай зерттеулер жүргізу керек. (көкжөтел вакцинациясын енгізу вакцинацияланған балалардың миын закымдады ма деген сұрапты шешу керек).

- A) Когортты зерттеулер
- B) Оқиға- бақылау зерттеуі
- C) Рандомизацияланған бақылаулы зерттеулер
- D) Бір кезендік көлдененең зерттеу
- E) Оқиға серияларын жазу

13. Егер сіз төмендегі сұраптарды анықтағыңыз келсе, нені талқылайсыз; тромболитикалық препараттардың тиімділігі қауіптілігіне қарағанда жедел миокард инфаркттысы бар наукастың жасына, жынысына, этникалық тегіне байланыссыз арта ма?

- A) болжамын
- B) емін
- C) диагностикасын
- D) алдын-алу шараларын
- E) себебін

14. Клиникалық зерттеу жүргізу үшін екі топ құрастырылған (зерттелетін және бақылау тобы). Бұл топтар жасы, жынысы, ұлты, ауруының клиникалық ағымының ерекшеліктері бойынша сәйкестелінген. Бұл кандай зерттеулер жүргізу үшін маңызды критериилер?

- A) Когортты зерттеуге
- B) Оқиға - бақылау зерттеуіне
- C) Рандомизацияланған бақылаулы зерттеуге
- D) Бірмезгілдегі көлдененең зерттеуге
- E) Оқиғалар серияларын жазу

15. Ауру емінің нәтижелілігін анықтау үшін 150 пациентке сынама жүргізілген. Колданылған емнің қауіпсіздігін ескере отырып тиімді дозасы аныкталады. Не жүргізілді?

- A) Оқиғалар серияларын жазу
- B) клиникалық сынаманың 1 фазасы
- C) клиникалық сынаманың 2 фазасы
- D) клиникалық сынаманың 3 фазасы
- E) клиникалық сынаманың 4 фазасы

16. РБЗ нәтижелерін бағалағанда субъективті фактор қалай алынып тасталады?

- A) жасырын
- B) рандомизациямен
- C) бақылау тобын құру

- D) бакылау ұзактығы
E) дәрігердің объективті болуына міндеттенуімен

17. Зерттелетін әрекеттердің нәтижелік критерилерінің үшінші жағын тандаңыз?

- A) зерттелген аурудан өлу
B) зерттелетін аурудан асқыну жиіліктерінің төмендеуі
C) зерттелетін аурудың симптомдарының женілдеуі
D) берілген ауруға байланысты зертханалық зерттеулер нәтижелері
E) кез - келген себептен өлу

18. Фармацевтикалық компания өкілінен жаңа препараттар туралы сізге нені анықтау керек. Бәрі дұрыс біреуінен басқасы:

- A) препараттың каяїнсіздігі
B) препараттың жағымдылығы
C) препараттың нәтижелілігі
D) препараттың құны
E) берілген препаратты белгілі сыйлы мамандардың колдануы.

19. Өмірге қауін төндірітін жағдайдың алдын - алуда екі әдісті салыстыру үшін талдаудың қандай түрі жүргізіледі?

- A) шығынның аз кетуін талдау
B) шығынның нәтижелілігін талдау
C) түгел экономикалық талдау
D) шығынның пайдалылығын талдау
E) шығынның тиімділігін талдау

20. Диагностикалық тесттің сезімталдығы нені білдіреді?

- A) Берілген ауытқышылығы жоқ адамдарды дұрыс шығарып тастау үшін тест қаншалықты жақсы?
B) Тесттердің қандай бөлігі дұрыс нәтиже берді (барлық тесттерге катынасы бойынша шынайы он және шынайы теріс нәтижелер)?
C) Егер адамда тест оң болса, онда сол адамда осы аурудың нақты болу мүмкіндігі қандай?
D) Қазіргі жағдайын анықтауға тест қаншалыкты жақсы
E) Науқас адамды сау адаммен салыстырғанда тесттің қаншалықты он мәнді болу мүмкіндігі бар.

21. Дәлелді медицина тәжірибесі дегенді калай түсінесіз

- A) жануарларға жүргізілген сынамалардың ғылыми мәліметтерін клиникалық тәжірибеге енгізу
B) кез - келген клиникалық жағдайда дәстүрлі клиникалық медицина әдістерін колдану
C) клиникалық тәжірибеде тек қана абырайлы ғалымдардың пікірін колдану
D) дәрігердің құнделікті жұмысындағы клиникалық зерттеулерінен алынған мәліметтерді колдану

Е) клиникалық тәжірибе форумынан мамандар алған акпараттарды колдану

22. ДМ міндетті түрде ескеріледі , барлығы дұрыс біреуінен басқасы:

- A) озық ғылыми фактілер
- B) жағдайдың клиникалық ерекшеліктері
- C) клиникалық тәжірибе
- D) пациент пікірі
- E) медициналық құрылым жетекшілер пікірі

23. ДМ-ның пайда болуының алғы шарттарына не жатады:

- A) жетекші мамандардың пікірінің күшеюі
- B) клиникалық зерттеу нәтижелерінің қарма - қайшылығы
- C) тәжірибелердің уақытының көптігі
- D) тәжірибелік дәрігерлердің компьютерлік сауатының жоқтығы
- E) тәжірибелік дәрігерлердің жалпы біліктілігінің төменділігі.

24. КЭ қашан пайда болды:

- A) 18 ғасырдың екінші жартысында
- B) 19 ғасырдың ортасында
- C) 20 ғасырдың 50-ші жылдарында
- D) 20 ғасырдың 70-ші жылдарында
- E) 21 ғасырдың алғашкы 10 жылдығында

25. Дәлелділіктің жоғарғы деңгейі:

- A) Мета талдау
- B) Оқиға - бакылау зерттеуі
- C) РБЗ
- D) Когортты зерттеу
- E) 1 жағдайды жазу

26. Екіншілік клиникалық зерттеуге жатады:

- A) Жүйелік шолу
- B) РБЗ
- C) Когортты зерттеу
- D) Оқиға - бакылау зерттеуі
- E) Бойлық проспективті зерттеу

27. Науқасты емдеу тұрғысында кай зерттеу нәтижесі жақсы:

- A) Когортты зерттеу
- B) Оқиға - бакылау зерттеуі
- C) Оқиғалар сериясын жазу
- D) Рандомизацияланбаған бакылаулы зерттеу
- E) РБЗ

28. Көлденен зерттеуге не жатады:

- A) Тарапалуды зерттеу

- В) Окигалар сериясын жазу
- С) Когортты зерттеу
- Д) Окиға - бақылау зерттеуі
- Е) РБЗ

29. Экспериментті зерттеуге не жатады:

- А) Окиға - бақылау зерттеуі
- В) РБЗ
- С) Қолденен зерттеу
- Д) *in vitro* зерттеу
- Е) бір жағдайды жазу

30. Окиғалар сериясын зерттеу үшін не тән емес:

- А) бақылау тобын құрастыру
- В) бөтен зерттеулердің алдында жүргізу
- С) жекеленген наукастардың мәліметтерімен шектелу
- Д) зерттеуді қыска мерзімде өткізу
- Е) зерттеу гипотезасын енгізбеу.

31. Жүрек тамыр жүйесінің аурулары факторлары бойынша 30 жыл бойы Фрамингеманың бес жарым мың тұрғыны бақыланды. Шылым шегетіндер мен шылым шекпейтіндер зерттелді. Клиникалық зерттеу түрі кандай?

- А) Жайылмалы зерттеу
- В) Окигалар серияларын жазу
- С) Когортты зерттеу
- Д) Окиға- бақылау зерттеуі
- Е) РБЗ

32. Рандомизация дегеніміз не?

- А) Бұл әдісте бір топ дәстүрлі ем қабылдайды, ал екінші топ нәтижелілігі зерттелетін дәрі қабылдайды.
- Б) Бұл әдіс реттілікті қалыптастыру үшін колданылатын, топқа қатысуышыны кездейсок жатқызу.
- С) Науқасты енгізу және шығарып тастау критериилері
- Д) Топтың біртектілігі
- Е) Нәтижесін жасырын бағалау.

33. Дәрілік заттардың нәтижелілігін зерттеу үшін біртектес аурумен екі топ құрылады: бір топ – плацебо қабылдайды, басқа топ нәтижелілігі зерттелетін препаратты қабылдайды. Екі топ қатысуышылары не қабылдалап жатқандарын білмейді. Бұл жазба нені көрсетеді?

- А) Жасырын емдеуді
 - Б) Рандомизацияны
- С) Науқасты енгізу және шығарып тастау критерилерін

- D) Топтың біртектілігін
E) Нәтижелерді жасырын бағалауды

34. Популяцияға белгілі бір жағдайда препараттың бақылаулы әсерін бағалау үшін маркетингтен кейінгі зерттеу жүргізілетін, мысалы, басқа препараттармен косып қолдануды зерттеу үшін. Бұл не?

- A) окиға- бақылау зерттеуі
B) клиникалық зерттеудің 1 фазасы
C) клиникалық зерттеудің 2 фазасы
D) клиникалық зерттеудің 3 фазасы
E) клиникалық зерттеудің 4 фазасы

35. Үштік жасырын зерттеу дегеніміз не?

- A) рандомизация жүргізілген, «плацебо» қолданылған, бақылау қолданылған
B) бақылау немесе зерттелетін топтарды пациент те, емдеуші дәрігер де, үйымдастыруши да не қолданылғанын білмейді
C) пациент, емдеуші дәрігер, үйымдастыруши зерттеу мәссатын білмейді
D) РБЗ процессынде топтар құрамын үш рет өзгертерді
E) клиникалық зерттеудің үш фазасын өткізу

36. Экономикалық талдаудың қандай типтері бар, біреуінен басқасы дұрыс:

- A) шығынның минимизациясын талдау
B) шығынның әсерін талдау
C) шығын мотивациясын талдау
D) шығын пайдалылығын талдау
E) шығынның тиімділігін талдау

37. Егер маңызды ақырында бір өлшем болса экономикалық талдаудың қайсысы?

- A) шығынның минимизациясын талдау
B) шығынның әсерін талдау
C) шығын пайдалылығын талдау
D) шығынның тиімділігін талдау
E) шығынның салдарын талдау

38. «Қауіп факторына ұшыраған адамдар осы аурумен ауруы мүмкін бе?» деген сұралқа қандай клиникалық зерттеу жауап береді.

- A) Рандомизацияланбаған бақылаулы зерттеу
B) РБЗ
C) Жағдайлар сериясын жазу
D) Когортты зерттеу
E) Көлденен зерттеу

39. Сапалық зерттеу кандай сұралкка жауап береді, бәрі дұрыс біреуінен басқасы?

- A) Кім?
- B) Нере?
- C) Қанша?
- D) Қайда?
- E) Қашан?

40. «Берілген зерттеудің нәтижелері дұрыс болса менің пациентім қолдануға болады ма?» - деген сұралкка КЭ-ның кандай көрсеткіші жауап береді?

- A) топтастыру
- B) нақтылық
- C) кездейсок кате
- D) жүйелік кате
- E) дәйектілік.

41. Нашар клиникалық тәжірибеге не жатпайды:

- A) естіген мәліметтерді қолдану
- B) халықаралық клиникалық ұсыныстарды қолдану
- C) әріптестер тәжірибесін көшіру
- D) көнерген емдік стратегияны қолдану
- E) дәрілік заттардың жарнамалық буклеттерін қолдану

42. ДМ оку неге қажет:

- A) Бұл сәндік бағыт
- B) Клиникалық шешімдерді қабылдауды күрделендіру үшін
- C) Батыс Еуропада оқытылатын болғандықтан
- D) Емдеу тактикасында көне медицина қате ұсыныстар береді
- E) Дәрілерді зерттеу, емдеу әдістерін клиникалық зерттеулер санының өсуі байкалады.

43. ДМ қашан пайда болды?

- A) 18 ғасырдың екінші жартысында
- B) 19-шы ғасырдың ортасында
- C) 20 ғасырдың басында
- D) 20 ғасырдың 90-шы жылдарында
- E) 21-ші ғасырдың алғашкы 10 жылдығында

44. ДМ –н негізіне не жатады:

- A) эпидемиология және эмпериалық медицина
- B) эпидемиология және клиникалық медицина
- C) клиникалық эпидемиология және биостатистика
- D) клиникалық медицина және биостатистика
- E) клиникалық эпидемиология және эмпириялыйк медицина

45. Дәлелдеу деңгейі төмен:

- A) Оқиға - бақылау зерттеуі
- B) РБЗ
- C) Когортты зерттеу
- D) Жүйелі шолу
- E) Бір оқиғаны жазу

46. Екіншілік клиникалық зерттеулерге жатады:

- A) Рандомизацияланбаған бақылаулы зерттеу
- B) РБЗ
- C) Оқиға - бақылау зерттеуі
- D) Когортты зерттеу
- E) Клиникалық ұсыныстар

47. Қандай клиникалық зерттеу аурудын даму себебін анықтау үшін бағышталған:

- A) РБЗ
- B) Оқиға - бақылау зерттеуі
- C) Жүйелі шолу
- D) Оқиғалар сериясын жазу
- E) Мета-анализ

48. Қандай зерттеу бойлылыққа жатады, біреуінен басқасы дұрыс:

- A) Когортты зерттеу
- B) Оқиға- бақылау зерттеуі
- C) Оқиғаны жазу
- D) РБЗ
- E) Рандомизацияланбаған бақылаулы зерттеу

49. Қандай зерттеу аналитикалық обсервациялық болады:

- A) Когортты зерттеу
- B) РБЗ
- C) Көлденен зерттеу
- D) *in vitro* зерттеу
- E) Бір оқиғаны жазу

50. Оқиға - бақылау зерттеуіне не тән емес:

- A) негізгі және бақылау тобының болуы
- B) қауіптілік факторын анықтау
- C) клиникалық нәтижелілікті бағалау
- D) «не болды?» - деген сұрапқа жауап беру
- E) лонгитудальды болу

51. Қандай зерттеуде топтастыру мүмкінділігі шектеулі:

- A) Когортты зерттеу
- B) Рандомизациялы бақылаулы зерттеу
- C) Қолденен зерттеу
- D) Жағдай – бақылау зерттеуі
- E) Бір жағдайды суреттеу.

52. Қандай зерттеулерге төменде көрсетілгендер тән: әрекеттің нәтижелілігін зерттеу, бақылау тобының болуы, проспективтілігі, жиі көп уақыт қажет етеді, өте кымбат, сирек кездесетін аурулар үшін қолдануға келмейді, топтастыру мүмкіндігінің шектеулілігі:

- A) Когортты зерттеу
- B) РБЗ
- C) Қолденен зерттеу
- D) Окифа- бақылау зерттеуі
- E) Бір оқиғаны жазу

53. Терфенадин (полинозға байланысты) және итроконазол (санырауқұлак инфекциясына байланысты) екі препаратты бөлек қолданғанда пациентте жағымсыз әсер бұрын болмаған, ал осы дәрілерді бірге қолданғанда өмірге қауіпті аритмия дамыған. Емдеуші дәрігер бұл дәрілік заттың өзара әсері деп болжайды. Ен бірінші қандай зерттеу жүргізу керек?

- A) Когортты зерттеу
- B) Окифа - бақылау зерттеу
- C) Окиғаны жазу
- D) РБЗ
- E) Қолденен зерттеу

54. Дәрілік препараттың әсерін анықтау үшін аурулары бірдей наукастардан 2 топ құрылды: 1 топ - дәстүрлі ем кабылдайды, 2 топ - әсері анықталатын препарат кабылдайды. Барлық наукастар жасы, аурудың клиникалық ерекшеліктері, жынысы, нәсілі жағынан бірдей. Берілген жағдайда не жазылған:

- A) жабық емдеу
- B) рандомизация
- C) наукастарды зерттеуге алу және шығару критерилері, топтың біртектілігі
- D) тандау мөлшері
- E) нәтижені жабық бағалау

55. Зерттелетін әрекеттің нәтижелілігінің алғашқы критериилерін таңдаңыз?

- A) Зерттелетін аурудан өлу
- B) зерттелетін аурудың асқынуларының жиілігінің азаюы
- C) зерттелетін аурудың симптомдарының жеңілдеуі

D) берілген ауруға байланысты зертханалық зерттеу нәтижелері
E) берілген ауруға байланысты инструментальдық зерттеу нәтижелері.

56. «Суррогатты нүктө» термині не үшін колданылады?

- A) препараттың әсерінің біріншілік критериясының сипаттау үшін
- B) препараттың әсерінің екіншілік критериясының сипаты үшін
- C) препараттың әсерін тексеру кезінде зерттелетін аурудың сиптимдарын жеңілдете сипаты үшін
- D) препарат әсерінің үштік критерияларының сипаты үшін
- E) кездейсок катені түсіндіру үшін

57. Сізге жана дәрілік препараттың әсерін дәстүрлі препарат әсерімен салыстырып бағалау керек. Сіз қандай дәлелді зерттеуді жүргізуі таңдайсыз?

- A) Когортты зерттеу
- B) РБЗ
- C) Көлденен зерттеу
- D) Окиға- бакылау зерттеуі
- E) Бакыланбайтын клиникалық зерттеу

58. Окиғалар сериясын зерттеуге не тән емес?

